

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Алмас Арзықұлов,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің жетекші
ғылыми қызметкері

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz
www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж күәлік берілген.

ISSN 2414-5696 (print)
ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/2788-5860

Индекс 74007

Журнал саяси ғылымдар саласы бойынша
ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін
жариялау үшін Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі білім және
ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету
комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар
тізбесіне енеді.

**Қоғам &
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Елдос Жұмағұлов, Данагүл Көпежанова
Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару
жүйесінің негізгі проблемалары 6

Риззат Тасым, Бағыш Габдулина
«Жаңа Қазақстан»: аймақтық саясат
трансформациясы 22

**Нұрбек Пұсырманов, Еркебұлан Аманғосов,
Қуандық Какимов, Сәкен Есіркеп**
Қазақстандағы сайлау эволюциясының
зерделену деңгейі және перспективасы 32

Мұрат Қайырбек
Тәуелсіз Қазақстанның
идеологиялық тұжырымдары 41

Мұхит Асанбаев, Руэлл Хэнкс
Діни синкретизм, сопылық және көшпелі
қазақ қоғамындағы ишандардың рөлі 54

Меруерт Тулебаева
ҚР оңтүстік аймағының ауыл жастары:
әлеуметтік зерттеулерге талдамалық шолу 70

Нуржан Исмағұлов, Еремек Чукубаев
Алматы әлемдік саясаттың акторы ретінде 83

**Айгүл Көшербаева, Бауыржан Боқаев,
Ане Тынышбаева**
Қазақстанның ғылым саласын реформалау:
міндеттері мен болашағы 97

Еркін Тұқымов
Адами капитал және зияткерлік әлеует:
Қазақстандағы даму ерекшеліктері мен үрдістері 109

СОДЕРЖАНИЕ

Елдос Жумагулов, Данагул Копежанова
Основные проблемы системы местного
самоуправления в Казахстане 6

Риззат Тасым, Бағыш Габдулина
«Новый Казахстан»: трансформация
региональной политики 22

**Нурбек Пусырманов, Еркебулан Амангосов,
Куандық Какимов, Сакен Есиркеп**
Уровень изученности и перспективы эволюции
выборов в Казахстане. 32

Мұрат Қайырбек
Идеологические концепты независимого
Казахстана 41

Мухит Асанбаев, Руэлл Хэнкс
Религиозный синкретизм, суфизм и роль
ишанов в кочевом казахском обществе 54

Меруерт Тулебаева
Сельская молодежь южного региона РК:
аналитический обзор социальных исследований 70

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ
Қазақстан Республикасының
Президентінің алмағалы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Нуржан Исмагулов, Ермек Чукубаев
Алматы как актер мировой политики 83

**Айгуль Кошербаева, Бауыржан Бокаев,
Ане Тынышбаева**
Применение модели конкурирующих ценностей
для разработки новой модели государственной службы 97

Еркин Тукумов
Человеческий капитал и интеллектуальный потенциал:
особенности и тенденции развития в Казахстане 109

CONTENTS

Eldos Zhumagulov, Danagul Kopezhanova
The Main Problems of the Local
Government System in Kazakhstan 6

Rizzat Tasym, Bagysh Gabdulina
«New Kazakhstan»: Transformation of Regional Policy. 22

**Nurbek Pussyrmanov, Yerkebulan Amangossov,
Kuandyk Kakimov, Saken Yessirkep**
The Level of Study and Prospects for the Evolution
of Elections in Kazakhstan 32

Murat Kaiyrbek
Ideological Concepts of Independent Kazakhstan 41

Mukhit Assanbayev, Reuel Hanks
Religious Syncretism, Sufism and the Role of
Ishans in Nomadic Kazakh Society 54

Meruyert Tulebayeva
Rural Youth in the Southern Region of RK:
an Analytical Review of Social Research 70

Nurzhan Ismagulov, Yermek Chukubayev
Almaty as an actor in world politics 83

**Aigul Kosherbayeva, Baurzhan Bokayev,
Ane Tynyshbayeva**
Applying the Competing Values Model to
Design a New Public Service Model 97

Yerkin Tukumov
Human Capital and Intellectual Potential:
Features and Trends of Development In Kazakhstan 109

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – редакция алқасының төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, саяси ғылымдарының кандидаты
- Алмас АРЗЫҚҰЛОВ** – бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих магистр
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Нұрлан СЕЙДІН** – ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК бас директорының ғылыми жұмыстар және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, Ph.D
- Ғани ҚАРАСАЕВ** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бөлім басшысы – бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Айгүл САДУАҚАСОВА** – Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары, әлеуметтану ғылымдарының докторы

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, Государственный советник Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Алмас АРЗИКУЛОВ** – шеф-редактор, ведущий научный сотрудник Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, магистр истории
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Нурлан СЕЙДИН** – заместитель генерального директора по научной работе и международной деятельности РГП «Ғылым ордасы» КН МОН РК, кандидат исторических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – заместитель директора Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Гани КАРАСАЕВ** – главный научный сотрудник – начальник отдела Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – директор исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – заместитель директора Института прикладных этнополитических исследований, доктор социологических наук

THE EDITORIAL BOARD

- Yerlan KARIN** – Chairman of the Editorial Board, State Counsellor of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences
- Almas ARZIKULOV** – Chief Editor, Leading research fellow of KazISS under President of Kazakhstan, Master of History
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D Professor
- Song YONGHONG** – University of Hankuk, Ph.D (South Korea), Professor
- Nurlan SEIDIN** – Deputy Director General for Scientific Work and International Activities RSE «Gylym ordasy» CS MES RK, Candidate of Historical Sciences
- Alua ZHOLDYBALINA** – Deputy Director of KazISS under President of Kazakhstan, Doctor of Philosophy (Ph.D) in «Political science»
- Gani KARASAEV** – Chief Researcher – Head of the Department of the Institute of State History of the KN of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences
- Botagoz RAKISHEVA** – Director, “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
- Aigul SADVOKASOVA** – Deputy Director of the Institute of Applied Ethnopolitical Research, Doctor of Sociology

Елдос Жұмагулов¹, Данагүл Көпежанова²

¹ Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
постдокторанты-ғылыми қызметкері,
(Қарағанды қ., Қазақстан),
e-mail: eldos.tzh@mail.ru

² Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
саясаттану кафедрасының аға оқытушысы, Ph.D
(Астана қ., Қазақстан),
e-mail: dana_enu_81@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Аңдатпа. Мақала Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару институтының қалыптасу және даму барысындағы проблемаларды талдауға арналған. Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың қазіргі ахуалын қарастыра отырып саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық және тұрғындардың өзін-өзі басқаруға қатысуына байланысты проблемалары талданады. Анықталған проблемалар әлеуметтанулық сауалнама арқылы сарапшылар пікірімен нақтыланады. Қорытындылай келе, авторлар жергілікті өзін-өзі басқарудағы жағдайды жақсартуға көмектесетін бірқатар шараларды ұсынады, соның ішінде құқықтық базаны нығайту, бюджеттік қаржыландырудың тиімділігін арттыру және тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқару ісіне қатысу деңгейін жоғарылату бойынша. Мақала жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін зерттеумен айналысатын мамандар үшін қызықты болуы мүмкін.

Түйін сөздер: жергілікті өзін-өзі басқару, жергілікті өзін-өзі басқарудың проблемалары, жергілікті қоғамдастық, кеңес, ауыл тұрғындары, қоғамдық қатысу.

Елдос Жумагулов, Дана Көпежанова ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СИСТЕМЫ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Статья посвящена анализу проблем становления и развития института местного самоуправления в Казахстане. Анализирую современное состояние местного самоуправления в Казахстане, выявляются политико-административные, социально-экономические проблемы и проблемы, связанные с участием населения в самоуправлении. С помощью социологического опроса экспертов уточняются выявленные проблемы. В заключении авторы предлагают ряд мер, которые помогут улучшить ситуацию в местном самоуправлении, в том

числе по укреплению правовой базы, повышению эффективности бюджетного финансирования и повышению уровня участия населения в делах местного самоуправления. Статья может быть интересна специалистам, занимающимся изучением системы местного самоуправления.

Ключевые слова: *местное самоуправление, проблемы местного самоуправления, местное сообщество, кенес, сельские жители, общественное участие.*

Eldos Zhumagulov, Dana Kopezhanova
THE MAIN PROBLEMS OF THE LOCAL GOVERNMENT SYSTEM IN KAZAKHSTAN

Abstract. The article is devoted to the analysis of the problems of formation and development of the institute of local self-government in Kazakhstan. I analyze the current state of local self-government in Kazakhstan, political-administrative, socio-economic problems and problems related to the participation of the population in self-government are identified. With the help of a sociological survey of experts, the identified problems are clarified. In conclusion, the author suggests a number of measures that will help improve the situation in local self-government, including strengthening the legal framework, increasing the efficiency of budget financing and increasing the level of public participation in local self-government affairs. The article may be of interest to specialists engaged in the study of the local government system.

Key words: *local self-government, problems of local self-government, local community, kenes, rural residents, public participation.*

Кіріспе

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту демократиялық қоғам құрудың және аумақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды аспектісі болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқару - бұл тұрғындарға өз проблемаларын шешуге және өздері тұратын елді-мекеннің тыныс-тіршілігіне байланысты шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін басқару жүйесі.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту проблемалары азаматтардың құқықтарының бұзылуына, жергілікті деңгейде ресурстар мен қызметтерді басқарудың тиімсіздігіне, сондай-ақ өңірдің экономикалық және әлеуметтік жағдайының нашарлауына әкелуі мүмкін. Осы проблемаларды қарастыру және шешімдерді іздеу халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету бағытындағы маңызды қадам болып табылады.

Осыған байланысты зерттеу жұмысының негізгі міндеттері туындайды – еліміздегі жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасу барысындағы проблемаларды анықтау және оның негізгі себептерін талдау.

Зерттеу әдістемесі

Мақалада жергілікті өзін-өзі басқару институтының қазіргі ахуалын қарастыра отырып, проблемаларды талдау әдісі қолданылды. Сонымен бірге, Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық және тұрғындардың өзін-өзі басқаруға қатысуына байланысты проблемаларды нақтылау үшін әлеуметтанулық сауалнама әдісі қолданылды.

Зерттеу бірнеше кезеңде жүргізілді:

бірінші кезеңде - жергілікті өзін-өзі басқарудың қазіргі ахуалын талдау барысында саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық және тұрғындардың өзін-өзі басқаруға қатысуына байланысты проблемалар анықталды.

екінші кезеңде – проблемаларды сарапшылар арасында әлеуметтанулық сауалнама өткізу арқылы нақтыланды. Сауалнама Google Forms бағдарламасы арқылы электронды форматта жүргізілді. Зерттеуге жергілікті өзін-өзі басқару мәселесін зерттеумен айналысатын сарапшылар, үкіметтік ұйым өкілдері, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметкерлері қатысты. Жалпы сауалнамаға қатысқандардың үлесі – 36 адамды құрады.

үшінші кезеңде – жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы проблемалар талданып және оларды еңсеру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы проблемаларды бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады: *саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық және тұрғындардың өзін-өзі басқаруға қатысуына* байланысты проблемалар.

Саяси-әкімшілік проблемалар. ЖӨБ жүйесін дамыту үшін саяси реформалардың жүйелі түрде жүзеге асуы және олардың заңнамалық жағынан қамтамасыз етілуі аса маңызды. Осы жерде ең алдымен саяси-құқықтық кедергілерді нақтылау үшін сарапшылардың пікірін бағалау жүргізілді. Респонденттердің 64,7%-ы ЖӨБ дамыту бойынша реформалар әлі де жетілдірілмеген деп санайды. Сонымен бірге проблемалардың қатарына ЖӨБ қызметін реттейтін заңнамалық актілердің жетілдірілмеуін (55,9%), осы жүйені жетілдіру бойынша тәжірибенің жетіспеуі (41,2%), ЖӨБ басқару органдары мәртебесінің анықталмауы, олардың міндеттерінің ажыратылмауы (47,1%) және билікті орталықсыздандыру процесі толық көлемде жүргізілмеуін (32,4%) жатқызады (1-сурет).

Әр түрлі елдердегі, атап айтқанда Орталық және Шығыс Еуропадағы реформалардың тәжірибесі орталықсыздандыру экономика мен қоғамды демократияландыру мен трансформациялау процесінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Бұл орталықсыздандырудың мәнін дұрыс түсінуді талап ететін күрделі процесс, өйткені ол қоғам өмірінің әртүрлі аспектілеріне-саяси, құқықтық, әлеуметтік, әкімшілік, экономикалық және мәдени салаларға әсер етеді.



1-сурет. «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға байланысты қандай саяси-әкімшілік проблемаларды көрсете аласыз?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары


Ел дамуының қазіргі кезеңінде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында билікті одан әрі орталықсыздандыру қажеттілігі бар. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев *«Билікті орталықсыздандыру үдерісін тереңдете түспесек, саяси жаңғыруды табысты жүргізу және азаматтық қоғамды дамыту мүмкін емес. Біз нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беру ісін жалғастырамыз. Ең алдымен, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының міндеттерін тиімді ажырату қажет»* деп 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында атап өтті [1].

Жалпы, мемлекеттік басқару саласында мемлекеттік функцияларды жүйелеу және оңтайландыру аяқталған жоқ. Ш.Б. Халикованың пікірінше мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті деңгейлері арасындағы функциялар мен өкілеттіктер нақты ажыратылмаған, функциялардың қайталануы сақталады [2].

Орталықсыздандыру процессіне қатысты сарапшылар пікірін зерттеген кезде олардың басым көпшілігі (44,1%) билікті орталықсыздандыру үрдісінің қазіргі қалыптасқан жағдайы қанағаттанарлықсыз, ол шешуші қадамдарды қажет етеді деп санайды. 47,1% – билікті орталықсыздандыру бойынша маңызды қадамдар жасалды, бірақ оны кеңейту қажеттігі бар деп санайды (2-сурет).

М. Робинсонның пікірінше орталықсыздандырудың жалпы қабылданған әртүрлі түрлері бар – *әкімшілік, саяси және фискалдық* [3]. *Әкімшілік орталықсыздандыру* – бұл орталық үкіметтің міндеттерін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына бөлу, саяси - жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау жүйесін құру, оларға жергілікті атқарушы және заң шығарушы

билікті беру, ал фискалдык – жергілікті өзін-өзі басқару органдарының салық түсімдерін жинау және жұмсау, басқа көздерден қаражат жинау құқығы.




2-сурет. «Сіз еліміздегі билікті орталықсыздандыру барысын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

Мемлекет дамуының белгілі бір кезеңінде билікті орталықтандыру қажет болды және ол белгілі бір тұрғыда саяси-экономикалық реформаларды жүргізуде жылдам шешім қабылдауда өзіндік пайдасы болды. Алайда, елдің экономикалық жағдайы тұрақтанып, мемлекеттік шығыстардың қарқынды өсуіне қарай мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру, демек, билікті кезең-кезеңімен орталықсыздандыру қажеттігі айқын. Шамадан тыс орталықтандыру жергілікті басқару жүйесі өкілдерінің бастамасын дамытуға нұқсан келтіреді және тұтастай алғанда елдің дамуын тежеуге әкеледі.

Халықаралық ұйымдар және басқа да Қазақстанның сыртқы әріптестері елдегі кең ауқымы орталықсыздандыру саясатын қолдайтынын және оның демократиялық процестерді ілгерілетудегі маңыздылығын мәлімдеді. Қазақстанның жақын серіктестерінің бірі Еуропалық Одақ 1985 жылы қабылданған «Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясы» аясында посткеңестік елдерде орталықсыздандыру саясатын белсенді түрде алға қолдайды [4]. БҰҰ-ның Даму бағдарламасы әлемнің әр түкпіріндегі орталықсыздандыру саясатын белсенді қолдайды, өйткені «Билікті орталықсыздандыру адамдарға басқару процестеріне тікелей қатысуға мүмкіндік береді және бұрын шешім қабылдау процесінен шығарылған адамдардың мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектеседі... мемлекеттік қызметкерлер мен жергілікті қауымдастықтар мен ұйымдар арасындағы тығыз байланыс сонымен қатар бағдарламаларды әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін ақпарат алмасуға ықпал етеді жергілікті қажеттіліктер мен басымдықтарға бейімделген дамулар, сондықтан, неғұрлым тиімді және тұрақты» деген ұстанымды ұстанады [5].


1993 жылы жергілікті кеңестер таратылғаннан кейін және сол жылдың 10 желтоқсанында «Жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы» ҚР Заңы қабылданғаннан кейін елді-мекендерде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі жойылды деп айтуға болады. Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың аудандық және қалалық деңгейдегі негізгі органы – мәслихаттардың өздеріне артылған миссияны толық атқара алмай отырғаны жасырын емес. Әлеуметтанулық сауалнамада сарапшыларға «Мәслихаттардың қызметін қалай бағалайсыз?» деген сұрақ қойылған болатын. Респонденттердің 8,8%-ы ғана - «Ия, бұл орган өз міндеттерін толық атқарып, нәтижелі жұмыс істеп тұр» десе, 38,2% - «Бұл органның ролі артуда, бірақ, оның жұмысын әлі де жақсарту қажет», 47,1% - «Жоқ, бұл орган жергілікті мәселелерді шешпейді, оның жұмысы формалды сипатта» деген жауапты таңдайды (3-сурет). Яғни, сарапшылардың көпшілігінің мәслихаттардың жұмысына көңілі толмайды.



3-сурет. «Мәслихаттардың қызметін қалай бағалайсыз?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

Селолық елді-мекендерде өткізілетін жергілікті қауымдастықтың жиындары мен жиналыстарының рөлін күшейту бойынша ұсынылған шараларға қарамастан, олар жергілікті маңызы бар мәселелерді шеше алатын ЖӨБ органы болып отырған жоқ.

«Ауылдық аумақтарда жұмыс істейтін жергілікті қауымдастықтың жиындары мен жиналыстары жергілікті деңгейде шешім қабылдауға ықпал етеді ма?» деген сұраққа сарапшылардың 47,1% - «Жоқ, бұл орган жергілікті мәселелерді шешпейді, оның жұмысы формалды сипатта» деген жауапты таңдайды, 38,2% - «Бұл органның ролі артуда, бірақ, оның жұмысын әлі де жақсарту қажет» десе, тек 5,9% ғана - «Ия, бұл құрылымдар жергілікті мәселелерді шешуге ықпал етеді, нәтижелі жұмыс істеп тұр» деп жауап береді (4-сурет).



4-сурет. «Ауылдық аумақтарда жұмыс істейтін жергілікті қауымдастықтың жиындары мен жиналыстары жергілікті деңгейде шешім қабылдауға ықпал етеді ма?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

Қазірше жергілікті жиындар мен жиналыстардың шешімдері тек ұсынымдық сипатқа ие, өйткені олардың әкімдер үшін міндетті күші жоқ. Әкім шешім қабылдайды және ауылдық округтің дамуына жауапты, бұл ретте ол маңызды шешімдерді жергілікті қоғамдастық өкілдеріне алдын ала түсіндіруге және олардың пікірлерін тыңдауға міндетті.

Ауылдық округ әкімдеріне тиісті аумақтағы жер учаскелерінің мақсатты пайдаланылуын, абаттандыру, көгалдандыру қағидаларының сақталуын және басқа да мәселелерді бақылау бойынша өкілеттіктер берілді. Жалпы, әкім өз деңгейінде билік өкілеттігі бар ең маңызды лауазымды тұлға болып қала береді. Әкім аппаратына әкімнің қызметін қамтамасыз ететін атқарушы органның функциялары жүктелген.

Ауылдық округтер деңгейінде өкілді органның жоқтығын ескере отырып, ЖӨБ бюджетін бекітуді және нақтылауды жергілікті қоғамдастық жиналысында оны талқылағаннан кейін аудандық мәслихат жүзеге асырады. Осы жерде проблема жергілікті бюджеттер туралы мәслихат шешімінің жобасын келісу мен тіркеудің ұзақтығы болып отыр, ал оның атқарылуы ауылдық округ әкімінің аппаратына жүктеледі.

Сарапшыларға осы құрылымдардың қызметі туралы «Қалалық жерде құрылған жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестерінің жұмысын қалай бағалайсыз?» деген сұрақ қойылған болатын. Жауаптардың көпшілігі, яғни 58,8% - «Жоқ, бұл кеңес жергілікті мәселелерді шешпейді, оның жұмысы формалды сипатта» десе, 32,4% - «Бұл кеңес біршама жақсы жұмыс істейді, бірақ, оның жұмысын әлі де жақсарту қажет» деп санайды (5-сурет).



5-сурет. «Қалалық жерде құрылған жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестерінің жұмысын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

Сауалнамаға қатысқан бір сарапшы «бұл кеңестердің қызметі туралы естіген жоқпын, заңдағы бапты білетінім болмаса» деп жауап берген. Бұл ретте, осы құрылымдардың жұмысындағы негізгі қиындықтардың ішінде олардың өкілдері, біріншіден, олардың қызметінің құқықтық базасының жоқтығын және соның салдарынан осы кеңестер мен олардың Төрағаларының ресми мәртебесінің, нақты құзыреті мен өкілеттіктерінің жоқтығын атап өтуге болады. Екіншіден, өз бюджеттерінің, кеңселерінің, көліктерінің, ұйымдастыру техникасының, штаттық аппаратының және т.б. болмауы. Осылайша, жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестері өз көпшілігінде астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда ЖӨБ органдарының функцияларын толық орындай алмайды. Сонымен қатар, олар тиісті қалалардың тұрғындары арасында танымал емес деп айтуға болады.

Тәуелсіздік жылдарында атқарушы билікке қатысты бірқатар реформалар жүргізілді, бірақ олар, сайып келгенде, мәнін өзгертпеді, атап айтқанда, билікті қатаң орталықтандыру, ол әлі де мемлекеттік басқаруда айтарлықтай орын алған. Бізге ең алдымен мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару институттарының аражігін ажырату қажеттігі бар. «Жаңа Қазақстан» жағдайындағы саяси реформалар аясында айтылғандай мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буыны болуға тиіс. Бүгінде олар гибриді сипатқа ие, сонымен бірге жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару институты болып табылады, осыған байланысты мәслихаттардың өкілеттіктерін нақты белгілеу қажет.

Қазақстандағы билікті орталықсыздандырудың негізгі мақсаттары мемлекеттік басқару негіздерін демократияландыру, мемлекеттің ағымдағы мәселелерді де, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалық

міндеттерін де шешу кезінде оның функцияларын басқарудың тиісті деңгейлерінде тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық проблемалар. Кез келген басқа елдегідей, Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде бірқатар әлеуметтік-экономикалық проблемалар бар. Осы бағыттағы проблемаларды нақтылау үшін сарапшылардың пікіріне жүгіндік. Респонденттердің 67,6%-ы Жергілікті бюджеттің кіріс көздерінің, экономикалық базасының төмен болуы және 61,8%-ы мемлекеттен бөлінетін трансферттердің көлемі аздығы және тұрақсыздығы басты проблема ретінде санайды. Сонымен бірге проблемалар қатарына ретсіз урбанизация, ауылдық елді мекендерде халық санының азаюы (52,9%), Жергілікті аумақтарда көрініс беретін трайбализм мәселесі (38,2%), сыбайлас жемқорлық (44,1%) көрсетіледі (6-сурет).



6-сурет. «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың әлеуметтік-экономикалық проблемалары қандай?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің жергілікті мәселелерді шешудегі қаржылық мүмкіндігінің төмен болуы басты проблемалардың қатарына жатады. Көпшілік елді-мекендердің әсіресе ауылдық аумақтардың қаржылық-экономикалық негізі нашар дамыған. Олардың тиімді қызмет ету және функционалдық міндеттерін орындау үшін қаражаты жеткіліксіз екендігі жалпыға бірдей танылған факт болып табылады. Сондықтан жергілікті бюджеттердің едәуір бөлігі субсидияланды. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап халқының саны 2000 адамнан асатын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер деңгейінде дербес бюджет енгізілді, ол бюджеттің төртінші деңгейі ретінде айқындалды. Ал 2020 жылдан бастап жергілікті өзін-өзі басқару реформасы шеңберінде аудандық маңызы

бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер деңгейінде дербес бюджет енгізілді.

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексіне сәйкес төртінші деңгейдегі бюджеттің түсетін түсімдер салықтық және салықтық емес түсімдерден тұрады. Төртінші деңгейдегі салықтық түсімдерге жатады:

- жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынбайтын жеке табыс салығы;
- жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;
- жер салығы;
- жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық),

сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы [6].

Салық түсімдерінің негізгі көзі көлік құралдарына салынатын салықтар, олар түсімдердің жалпы көлемінің 2020 жылы 59%, ал 2021 жылы 73% құраған [7].

Сонымен бірге салықтық емес түсімдер (айыппұлдар, коммуналдық меншіктен түсетін кірістер, ерікті жарналар және т.б.) және аудандық бюджеттен түсетін түсімдер есебінен қалыптастырады.

Ауданнан жергілікті салықтар мен трансферттер ЖӨБ бюджетіне тікелей түседі. Олар шығындардың негізін құрайды. Экономикалық зерттеулер институтының зерттеулері бойынша, 2020 жылғы көрсеткіштер бойынша ЖӨБ бюджетінің кірістері 252 млрд теңгені құрады, оның ішінде шамамен 34 млрд теңге немесе 13,4% – өз кірістері және 218 млрд теңге - жоғары тұрған бюджеттен трансферттер. 2021 жылғы кірістер 187 млрд теңгені құрады, оның өз кірістері 32 млрд теңгені (17,1%), ал трансферттер – 155 млрд теңгені құрады [8].

Дегенмен, жүргізіліп жатқан реформаларға қарамастан, аймақтар трансферттерге тәуелді болып қалуда: трансферттер түсімдері жергілікті бюджеттердің жартысынан астамын 2019 жылы – 57,5%, 2022 жылы – 52,7% құрады.

Осылайша, жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудың негізгі тетігі жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуді және жергілікті билік органдарының оларға берілген жекелеген мемлекеттік өкілеттіктерді орындауын қаржылық қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай өзгерістер бюджеттердің кіріс көздерін және мемлекеттік биліктің әр түрлі деңгейлерінің шығыс өкілеттіктерін қайта бөлусіз мүмкін емес екені анық.

Сонымен бірге ұлғайып келе жатқан урбанизация қарқынына байланысты соңғы жылдары ауыл халқының үлесі азайып келеді. Егер 2022 жылдың басында ауылдардағы халық саны 7 728 176 адамды құраса, 2023 жылдың басында бұл көрсеткіш 7 556 745 адамды құрады. Оның ішінде 3 832 903 – ерлер, 3 723 842 - әйелдер [9].


Н. Құрметұлының зерттеулеріне сәйкес 2014 жылдан 2022 жылға дейін қалаларға ауылдық эмиграцияның теріс сальдосы 667 мың адамды құрады. Ауыл халқының көшуі бойынша көшбасшылар Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары [10]. Ауыл халқының саны жыл сайын

азайып келе жатыр. Оның басты себептері жергілікті жердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты деп айтуға болады.

Тағы бір мәселе – ол жергілікті трайбализмге қатысты. Г.Илеуованың пікірінше бұл проблема кейбір өңірлерде кездеседі. Тағайындалған аудан әкімі немесе ауыл әкімі жергілікті ру өкілдерімен келісіп жұмыс істемесе қиындау болады [11]. Осылайша, «трайбализм» Қазақстандағы кейбір өңірлерге ғана тән, жалпы Қазақстандық сипаты жоқ. Сондықтан «трайбализм» Қазақстандағы кейбір өңірлердегі жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына теріс әсер етуі мүмкін. Біріншіден, дәстүрлі кландық құрылымдар мен оларға деген адалдық азаматтық қоғам мен демократия принциптеріне негізделген тиімді жергілікті өзін-өзі басқаруды орнатуға кедергі келтіреді. Екіншіден, сыбайлас жемқорлық, шешім қабылдау процестерінің анықтығы мен ашықтығының жеткіліксіздігі, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу түрінде көрініс береді. Бұл жалпы проблемалар мен міндеттерді шешуді қиындатып, аймақтың экономикасы мен әлеуметтік саласының дамуына кері әсерін тигізеді.

Тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты проблемалары. Халықтың жергілікті өзін-өзі қажеттіліктерін білдіруге, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін бақылауға мүмкіндік береді.


Еліміздегі тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жүргізудің маңызы зор. Сарапшылардың пікіріне келетін болсақ, олардың көпшілігі (76,2%) тұрғындардың аз бөлігі қатысады, көп бөлігі қатыспайды деген пікірде, 19% тұрғындардың көп бөлігі белсенді, аз бөлігі қатыспайды деген пікірде (7-сурет).



7-сурет. «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың әлеуметтік-экономикалық проблемалары қандай?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

Аумақтардың дамуының нәтижесі көп жағдайда жергілікті халықтың өзі тұратын аумақтағы жергілікті өзін-өзі басқару мәселелерін шешуге қаншалықты белсенді және саналы түрде қатысатындығына байланысты. Тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқару ісіне қатысу белсенділігінің төмендігінің себептерін анықтау қазіргі жағдайды түсініп, оны жоғарылату

үшін қажетті шараларды ұсына үшін маңызды. Респонденттердің пікірінше, басты себеп – тұрғындар ЖӨБ жүйесіне күмәнмен қарайды, оның тиімділіне сенбейді (57,1%). Тұрғындар ЖӨБ қатысудың жолдарын білмейді немесе түсінбейді (57,1%). Белсенділіктің төмен болуының тағы бір себептерінің бірі - тұрғындар жергілікті басқаруды тек мемлекеттік органдар, оның өкілдері атқаруға тиіс деп санауы және тұрғындардың ЖӨБ жүйесіне қатысу қажет деп санамайды, немқұрайдылық танытуы. Сарапшылардың 28,6% тұрғындардың ЖӨБ ісіне қатысу тетіктері нақтыланбауы себеп болып отыр (8-сурет).



8-сурет. «Жергілікті өзін-өзі басқаруға тұрғындардың қатысуы бойынша мәселелер қандай?» деген сұраққа респонденттердің жауаптары

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту процесі заңнамалық базаның өзгеруімен, саяси мәдениеттің жоғарылауымен байланысты жергілікті қоғамдастықтың мүшелерінің азаматтық белсенділігінің нақты өсуін болжауға болады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың проблемаларын қарастыра отырып олардың белгілі бір салдары болатынын ескеру қажет. Мысалға, саяси-әкімшілік проблемалар қатарында шектеулі өкілеттіктер жергілікті өзін-өзі басқару органдары шешім қабылдау мен жобаларды жүзеге асыруда жеткілікті дербестікке ие болмауын проблемасы орын алса, оның салдары жергілікті деңгейдегі мәселелерді шешудегі қиындықтар, халықтың жергілікті билік органдарына сенімсіздігі пайда болады.

Әлеуметтік-экономикалық проблемалар қатарында жергілікті бюджеттің шектелуі жергілікті өзін-өзі басқару органдары өздерінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін жеткілікті қаражат алмау проблемасын туғызады. Ал ол проблеманың салдары - жергілікті билік органдары

жұмысының тиімсіздігі, проблемаларды жергілікті деңгейде шеше алмау, халықтың наразылығы болуы мүмкін.

Азаматтардың шешім қабылдауға қатысу деңгейінің төмендігі олардың жергілікті өзін-өзі басқару органдары қабылдаған шешімдерге әсер ете алмау жағдайы орын алады. Соның салдарынан: халықтың жергілікті билік органдарына сенімсіздігі туындайды.

Қорытынды

Зерттеуді қорытындалай келе құрылымдық талдау және әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты келесі проблемаларды зерттей келе келесі тұжырымдар жасауға болады:

1. ЖӨБ дамытудың негізгі саяси-құқықтық проблемалары қатарына саяси реформалардың жан-жақты ойластырылмауы, ЖӨБ басқару органдарының құқықтық мәртебесін және олардың функцияларын нақты ажыратып беретін заңнамалық актілердің қабылданбауы, нәтижесінде ол органдар қызметі көбінесе формалды сипатта болып отыр. Мәслихаттар құзіреті мен мәртебесін одан әрі арттыруға қажеттілік бар. Ауылдық аумақтардағы жергілікті қауымдастықтың жиындары мен жиналыстарының құқықтық жағдайы нақтыланбаған. Оларды өткізу және құру көбінесе жергілікті мемлекеттік атқарушы биліктің ықпалында.

2. Әлеуметтік-экономикалық проблемалар Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуды қиындататын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Жергілікті билік органдарын қаржыландырудың жетіспеушілігі, өңірлердің экономикалық дамуының төмен деңгейі, ретсіз миграция. Сонымен бірге ЖӨБ қалыптасуына және оның жұмысына кедергі келтіретін трайбализм, сыбайлас жемқорлық. Осы проблемаларды шешу жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және жергілікті деңгейде әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

3. Жергілікті тұрғындардың ЖӨБ жүйесіне қатысу белсенділігі біркелкі емес. Көбіне тұрғындардың аз бөлігі белсенді, көпшілік бөлігі пассивтілік танытады. Қызығушылықтың төмен болуы өзгерістердің өз қолдарынан келетініне сенімнің төмен деңгейімен және ЖӨБ қатысу тетіктерін білмеуі немесе түсінбеулерімен байланыстыруға болады.

4. Проблемалардың шешілмеуі белгілі бір салдарларға алып келеді. Сондықтан жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің тиімді жүйесін құру үшін осы проблемаларды шешумен айналысқан дұрыс.

Ұсыныстар

Зерттеу барысында анықталған және нақтыланған жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің негізгі проблемаларын ескере отырып және тиімділігін арттыру үшін келесі ұсынымдарды жасауға болады:

Жергілікті өзін-өзі басқару институтының қызметін заңнамалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан жетілдіру бойынша:

1. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзіреттерін нақтылау қажет. ҚР «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң жобасына мәслихаттардың, Кеңестердің мәртебесі мен өкілеттіктерін анықтайтын арнайы тарауды енгізу қажет.

2. Заң жобасында жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асырудың аумақтық шеңберін нақты белгілеу керек, бұл өз кезегінде жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының аражігін ажыратуға ықпал ететін болады. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №2572-ХІІ ҚР Заңына сәйкес елдің әкімшілік-аумақтық бірліктерін (облысқа, ауданға және ауылдық округке) және елді мекендерге (қалалық және ауылдық) бөлуді ескере отырып, жергілікті өзін-өзі басқару республикалық қалалар, облыстық маңызы бар қала және аудандық маңызы бар қала, кенттер, ауылдар мен ауылдық округтер жатады. Тиісінше, облыстар мен аудандар жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бірліктер болып табылмайды және олардың әкімдерінің құзыретінен жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі өкілеттіліктерді алып тастау қажет.

3. Ауылдық елді-мекендерде құрылатын Кеңестер жергілікті тұрғындар арқылы сайлануын енгізу қажет. Сайлау комиссиялары құрамын жасақтауды жергілікті жиын немесе жиналыс анықтауы қажет.

4. Жергілікті билік органдарының құзыреттерін кеңейту. Оларға жергілікті деңгейде, мысалы, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру және т.б. салалардағы маңызды мәселелерді шешу үшін көбірек мүмкіндіктер беру қажет. Сонымен бірге олардың қызметін бақылау мен қадағалау жүйесін жетілдіру де қажет.

5. ЖӨБ органдары арасындағыынтымақтастықпен іс-қимылды үйлестіруді күшейту. Олардың арасында тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді насихаттауға қолдау көрсету, сондай-ақ ортақ мәселелер мен міндеттерді шешу үшін ЖӨБ органдары ассоциацияларын құруға көмектесу.

Жергілікті өзін-өзі басқару институтының қызметін экономикалық және қаржылық әлеуетін арттыру бойынша:

1. Заң жобасында жеке тарау арқылы жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық-экономикалық негіздерін (жергілікті өзін-өзі басқарудың меншігі, жергілікті өзін-өзі басқарудың бюджеті, жергілікті өзін-өзі басқарудың қажеттіліктері үшін сатып алу және т. б.) реттеу қажет;

2. Жергілікті бюджеттің негізгі кіріс көзі – жер салығы, көлік салығы мөлшерін ұлғайту. Ол үшін тұрғындармен алдын-ала түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3. Жергілікті бюджетке бөлінетін мемлекеттік трансферттердің кепілді көлемін бекіту (тұрғындар санына байланысты - 15 млн. теңгеден кем емес);

4. Жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік-маңызды жобаларын қаржыландыру бағдарламасын әзірлеу. Бұл жобалар – жаңа жұмыс орындарын ашу, инфрақұрылымды дамытуға, аумақтарды аббатандыруға бағытталуы тиіс. Мемлекеттік трансферттердің белгілі бір бөлігін «Халықтық бюджет»

жобасы арқылы осы бағыттағы үздік жобаларға тұрғындардың дауыс беруі арқылы бөлу.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне қатысу бойынша тұрғындардың азаматтық белсенділігін арттыру бойынша:

1. ҚР Конституциясының 89-бабы 2-тармағының «жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей жүзеге асырады» деген нормасын негізге ала отырып, Заң жобасында жеке тарау арқылы жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға халықтың тікелей қатысу тетіктерін анықтау қажет: *мысалға ЖӨБ органдарына жүгіну жолдары; ЖӨБ органдарының қызметін қоғамдық бақылау тетіктерін нақтылау, қоғамдық тыңдауларға қатысу; сайланбалы лауазымды адамдарды кері қайтарып алу бойынша дауыс беру;*

2. Тұрғындардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын, саяси мәдениетін жоғарылату жұмыстарын белсенді жүргізу. Соның ішінде бұл шараға ҰЕҰ-ды гранттық қаржыландыру аясында кеңірек тарту;

3. Ашықтықты және ақпараттық қолжетімдікті қамтамасыз ету үшін ЖӨБ органдарының қызметін интернет платформаларын құруды белсенді жүргізу, ЖӨБ шешім қабылдау бойынша тұрғындардың қатысу тетіктерін цифрландыру;

4. Азаматтардың жергілікті аумақтарды дамыту бойынша бастамаларына қолдау көрсету, соның ішінде «Халықтық бюджет» бастамасын барлық елді-мекендердің қамтылуын қамтамасыз ету.

Бұл шаралар Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі деп ойлаймыз.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландырды (грант № API5473302).

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы: Қазақстан халқына жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart>. (қарастырған мерзімі: 10.08.2023).
2. Халикова Ш.Б. Децентрализация власти как фактор повышения эффективности государственного управления в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. – 2013. – №2(43). – С. 118-125.
3. Robinson, M. «Does Decentralisation Improve Equity and Efficiency in Public Service Delivery Provision?» // IDS Bulletin. – 2007. – №38. – P. 7-17.
4. Umarov A. «Mainstream» of the Past: How Did the Decentralization Reform Take Place in Kazakhstan? // <https://cabar.asia/en/mainstream-of-the-past-how-did-the-decentralization-reform-take-place-in-kazakhstan>. (Accessed:12.08.2023).
5. The UNDP Role in Decentralization and Local Governance / UNDP. – и NY., 2000. – p.111
6. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі: 2008 жылдың 4 желтоқсаны, №95-IV қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. (қарастырған мерзімі: 12.08.2023).
7. О динамике доходов четвертого уровня бюджета // https://economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=4110_23.04.2023.
8. Экономикалық зерттеулер институты // https://economy.kz/kz/Institut_segodnja/about/. (қарастырған мерзімі: 12.08.2023).

9. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының веб-сайты // <https://new.stat.gov.kz/>. (қарастырылған мерзімі: 14.08.2023).
10. За последние восемь лет в Казахстане исчезли 533 села // <https://pkzsk.info/za-poslednie-vosem-let-v-kazakhstan-ischezli-533>. (қарастырылған мерзімі: 14.08.2023).
11. Илеуова Г. Трейализм в Казахстане – источник власти на местах? // <https://ia-centr.ru/experts/gulmira-ileuova/traybalizm-v-kazakhstan>. (қарастырылған мерзімі: 15.08.2023).

REFERENCES:

1. Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti Q.J.Toqaeв. Jaña Qazaqstan: jañaru men jañgyru joly: Qazaqstan halqyna joldauy [President Of The Republic Of Kazakhstan K. K. Tokayev. New Kazakhstan: the path of renewal and modernization: Address to the people of Kazakhstan] // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart>. (Accessed:10.08.2023).
2. Halikova Ş.B. Desentralizatsia vlasti kak faktor povыshenia effektivnosti gosudarstvennogo upravlenia v Respublike Kazahstan [Decentralization of power as a factor of increasing the efficiency of public administration in the Republic of Kazakhstan] // Vestnik KazNU. – 2013. – №2(43). – p. 118-125.
3. Robinson, M. «Does Decentralisation Improve Equity and Efficiency in Public Service Delivery Provision?» // IDS Bulletin. – 2007. – №38. – P. 7-17.
4. Umarov A. «Mainstream» of the Past: How Did the Decentralization Reform Take Place in Kazakhstan? // <https://cabar.asia/en/mainstream-of-the-past-how-did-the-decentralization-reform-take-place-in-kazakhstan>. (Accessed:12.08.2023).
5. The UNDP Role in Decentralization and Local Governance / UNDP. – и NY., 2000. – p.111
6. Qazaqstan Respublikasynyn Budjet kodeksi: 2008 jlydyñ 4 jeltoqsany, №95-IV qabyldanğan [Budget code of the Republic of Kazakhstan: adopted on December 4, 2008, No. 95-IV] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. (Accessed:12.08.2023).
7. O dinamike dohodov chetvertogo urovna budjeta [On the dynamics of revenues of the fourth level of the budget] // https://economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=4110 23.04.2023.
8. Jekonomikalыq zerteuler instituty // https://economy.kz/kz/ Institut_segodnja/about/. (Accessed:12.08.2023).
9. Qazaqstan Respublikasy. Strategijalyq zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ultyq statistika bjurosynyn veb-saity [Website of the Bureau of national statistics of the agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms] // <https://new.stat.gov.kz/>. (Accessed:14.08.2023).
10. Za poslednie vosem' let v Kazahstane ischezli 533 sela [Over the past eight years, 533 villages have disappeared in Kazakhstan] // <https://pkzsk.info/za-poslednie-vosem-let-v-kazakhstan-ischezli-533>. (Accessed:14.08.2023).
11. Iлеuova G. Traybalizm v Kazahstane – istochnik vlasti na mestah? [Tribalism in Kazakhstan – a source of local power?] // <https://ia-centr.ru/experts/gulmira-ileuova/traybalizm-v-kazakhstan>. (Accessed:15.08.2023).

Риззат Тасым¹, Бағыш Габдулина²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің
Саясаттану кафедрасының докторанты
e-mail: rizz_e@mail.ru

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің Саясаттану
кафедрасының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты
e-mail: gabdulina_ba@enu.kz
(Астана, Қазақстан)

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН»: АЙМАҚТЫҚ САЯСАТ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада аймақтық саясатқа қатысты орталықтандыру тәсілінен орталықсыздандыруға көшу тенденциясы сипатталады. Мемлекеттік жүйеде орталықтандырылған немесе орталықтандырылмаған басқаруды қолдану жалғыз дұрыс шешім деп айту мағынасыз. Саяси конъюнктураның мәнмәтініне байланысты әр тұжырымдаманың өзіндік артықшылықтары бар. Егер мемлекеттік билік реформалары, атап айтқанда орталықсыздандыру нарықтық қатынастар мен демократияның қарқынды дамуын қамтамасыз етуге арналған болса, онда бұл ауысу аймақтық саясаттың да өзгеруін алдын-ала анықтайды.

Түйін сөздер: аймақтық саясат, орталықтандыру және орталықсыздандыру, аймақтық басқару.

Риззат Тасым, Бағыш Габдулина

«НОВЫЙ КАЗАХСТАН»: ТРАНСФОРМАЦИЯ РЕГИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ

Аннотация. В статье описывается тенденция перехода от централизованного подхода к децентрализованному в отношении региональной политики. Говорить о том, что применение централизованного или децентрализованного управления в государственной системе является единственным правильным решением, попросту бессмысленно. Каждая концепция имеет свои преимущества, в зависимости от контекста политической конъюнктуры. Если реформы государственной власти, а именно децентрализация, призваны обеспечить более динамичное развитие рыночных отношений и демократии, то данный переход предопределяет трансформацию региональной политики.

Ключевые слова: Региональная политика, централизация и децентрализация, региональное управление.

Rizzat Tasym, Bagysh Gabdulina

«NEW KAZAKHSTAN»: TRANSFORMATION OF REGIONAL POLICY

Abstract. The article describes the trend of transition from a centralized approach to a decentralized one in relation to regional policy. To say that the use of centralized or decentralized management in the state system is the only correct solution is simply meaningless. Each concept has its advantages, depending on the context of the political conjuncture. If the reforms of state power, namely decentralization, are designed to ensure a more dynamic development of market relations and democracy, then this transition predetermines the transformation of regional policy.

Key words: *Regional policy, centralization and decentralization, regional management.*

Кіріспе

Бұл тақырыпты күмәнсіз өзекті деп айтуға болады, өйткені қазіргі заманның маңызды жаһандық сын-қатерлерінің бірі елдердің, өңірлердің, жекелеген аудандар мен ел ішіндегі елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының теңсіздігі проблемасы, сондай-ақ осы аумақтарда тұратын халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейіндегі елеулі айырмашылықтар болып табылады.

Әлемдік практика көрсеткендей, артта қалған және аз дамыған аумақтар, әдетте, дағдарыстан өз бетінше шыға алмайды. Бұл жерде міндетті түрде нысанылы мақсатқа елеулі мемлекеттік қолдау қажет. Сонымен қатар, елдің өңірлік тұрғыдан әркелкілігі неғұрлым жоғары болса, оның дамуы соғұрлым күрделі болады, аймақтық саясатқа қойылатын талаптар да соғұрлым жоғары болады. Әсіресе елдің ішкі өңірлерін маңызды жаһандық өңірлерге айналдыруды көздейтін «глоколизация» ұғымының даму перспективасы да назар аударуды талап етеді.

Қазақстанның саяси-экономикалық қауіпсіздігі проблемасында өңірлік аспект негізгі рөл атқарады, өйткені ол ұлттық бірлік идеяларын іске асыруға, өңірлерде сепаратизмге, ел ішіндегі бақыланбайтын процестерге жол бермеуге негізделеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына кезектен тыс Жолдауында айтылған 10 жаңа бастаманың 2-уі өңірлік дамуға тікелей қатысты. Атап айтқанда «Еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру» деген 8-тармағы және «Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру» деген 9-тармағы бар [1].

Осыған байланысты мемлекеттік басқару органдары мен сарапшылар қауымдастығы өңірлік дамуды стратегиялық жоспарлау проблемасына көп көңіл бөледі. Өйткені өңірлік саясат мемлекеттік өңірлік басқарудың негізі болып табылады.

Өңірлік саясатты кезекті трансформациялау проблемасының мәні нақты аумақта және жергілікті жағдайларды ескере отырып, кеңістіктік саланың барлық элементтерінің келісілген және өзара бұзылмайтын дамуын жүзеге асыру қажеттілігінде болып отыр.

Өңірлік даму жолдарын реттейтін мемлекеттік өңірлік саясат жергілікті жерлердегі мемлекеттік өңірлік саясаттың тиімділігін қамтамасыз етуге тиіс. Осыған байланысты, жаңа шындық өңірлерді басқарудың жаңа әдістерін іздеуді талап етеді. Сәйкесінше мақалада «Орталықтандыру немесе орталықсыздандыру», «Қоғамдық игіліктермен қамтамасыз ету қабілеті немесе өңіраралық теңгерімсіздік» қағидаттары мен «Ұлттық жобаның» жаңа маңызына қатысты міндеттер айқындалады.

Зерттеу әдістемесі

Мақалада қолданылған теориялық қағидаттар мен критерийлердің ішінде дереккөздер мен материалдарды терең талдау қажеттілігін білдіретін ғылыми объективтілік пен саясаттанудың классикалық қағидаттары қолданылды. Түпкі дереккөздерін талдау барысында салыстырмалы тарихи әдіс қолданылды, ол тарихи үрдістер мен құбылыстарды олардың қалыптасуы мен дамуы барысында жан-жақты сыни талдауды қамтиды.

Негізгі бөлім

Орталықтандыру немесе орталықсыздандыру

Бүгінгі күннің шындығы өңірлік нарықтарды зерттеу және геосаяси белгісіздіктің жаңа жағдайларында өңірлік экономика субъектілерінің өзара іс-қимылы, өңірлік дамуға арналған әртүрлі тәсілдердің қалыптасуы мен жұмыс істеу тұжырымдамасын негіздеу проблемалары бойынша ғылыми нәтижелердің өзектілігін арттырып, сұранысқа ие етті.

Осының нәтижесінде мемлекеттік басқарудағы қазіргі заманғы жағдайларда өңірлер көп функционалдық және көп аспектілі жүйе ретінде қаралуға тиіс.

Облыстар халқының тығыздығы мен олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының арасындағы үлкен айырмашылық Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының оңтайлы моделін іздеудің негізгі факторлары болып табылады.

Қ.К. Тоқаевтың билікті орталықсыздандыруға және аумақтық құрылым жүйесін жаңартуға бағдарланған саяси реформалары жергілікті жерлердегі билік институттарының тиімділігін арттыруға ықпал етуі тиіс.

Сондай-ақ, жаңа үш облыс құрылғаннан кейін логистиканың жақсарғаны байқалады, өйткені шағын елді мекендерде тұратын азаматтардың көпшілігіне тұрмыстық мәселелерді шешу үшін жүздеген шақырымға барудың қажеттілігі болмай қалды. Сонымен қатар, биліктің өзі де халыққа жақындай түсті. Өйткені саяси реформалар жыл сайын сайланған әкімдер пулын кеңейтуге алып келеді, сол арқылы билік үшін жергілікті жерлердегі нақты проблемаларды түсінудің маңыздылығын өзектендіреді.

Жаңа әкімшілік-аумақтық реформа экономика үшін белгілі бір «катализаторға» айналуы маңызды [2].

Жаңа қалалардың пайда болуы инфрақұрылымдық жобалар, құрылыс саласы, шағын және орта бизнес үшін үлкен мүмкіндіктер ашады.

Сонымен қатар, Қазақстанда 80-нен астам қаласы бар моноқалалардың проблемасын атап өтуге болмайды, олардың 27-ге жуығы – әлеуметтік-экономикалық жағдайы күрделі моноқалалар.

Мысалы, Ұлытау облысында құрылған қазіргі ірі агломерациялар моноқалалар болып табылады. Сондықтан аумақтық басқаруды әртараптандыру одан әрі дамуына мүмкіндіктер пайда болатын көптеген елді мекендердің жағдайын жақсартады деп санаймыз.

Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы жеткіліксіз болып табылады [3].

Өйткені, біздің ойымызша, Қазақстандағы өңірлік саясат мынадай басымдықтарға негізделуге тиіс: 1) Өңірлік дамудың берік ғылыми-әдістемелік негізі; 2) Өңірлерді басқаруда жаңа тәсілдерді айқындау; 3) Өңірлердің инфрақұрылымын барынша жақсарту; 4) Еліміздің өңірлерінде өмір сүру сапасын арттыру.

Отыз жылдық кезеңде Қазақстанда өңірлік басқару және даму мәселелерінде түрлі тәсілдер қолданылды, мысалы, өңірлік ядролық білім теориясы, даму осьтерінің теориясы және кластерлер теориясы. Алайда, жоғарыда аталған әлсіз теориялық база мен ретсіз орындалудың арқасында аталған тәсілдер сәтсіз болды. Бұл жағдай өңірлік дамуды ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуді қажет етеді.

Мысалы, еліміздегі қала халқының үлесін арттыру бойынша бұрын мәлімделген шаралар неге әкелуі мүмкін [4].

Өзгерістердің екінші үлкен бөлігі басқару мәселелеріне қатысты. Қазіргі уақытта біз басқару объектісі (орталықтандыру және орталықсыздандыру) ретінде өңірдің биполярлық (дуалды) көрінісін байқаймыз.

Президент Қ. Тоқаевтың екінші құрамдас бөлікке баса назар аударғаны анық.

Орталықсыздандырудың фискалды, әкімшілік және саяси/ демократиялық деген жалпы қабылданған түрлері бар [5]. Басқа түсіндірмелерге тоқталмай-ақ, «орталықсыздандыру» терминін билік пен ресурстарды орталық үкіметтен жергілікті билік органдарына, өзін-өзі басқару органдарына және азаматтық қоғамға ішінара беру ретінде түсіну керек.

Бұл жерде адамдарға мемлекеттік лауазымды тұлғалардың қызметін бақылауға мүмкіндік беретін қажетті жағдайлар мен құрылымдар жасау және оларға жұртшылыққа өз қызметі туралы есептерді тұрақты түрде ұсыну бойынша жауапкершілік жүктеу маңызды. Орталықсыздандырудың әсері туралы қазіргі тәсілдерді шартты түрде екі топқа бөлуге болады.

Біріншіден, бірқатар зерттеулер орталықсыздандыруды міндеттерді жақсырақ орындауға, жергілікті билік органдарының сапасы мен есептілігін арттыруға, азаматтардың қажеттіліктері мен үміттеріне жақсы ден қоюға, олардың жергілікті шешім қабылдау процесіне қатысуын кеңейтуге арналған шешім ретінде алға тартады.

Екіншіден, орталықсыздандыруды жүзеге асыратын әртүрлі елдердегі зерттеулердің өсіп келе жатқан саны бұл саясаттың күтілген оң нәтижелерге әкелмегенін көрсетеді [6].

Осыған байланысты ұсынылатын мемлекеттік қызметтер сапасының нашарлауы, жергілікті элиталардың билікті басып алуы және жергілікті билік органдарының есеп беруінің қанағаттанғысыз жақсаруы сияқты әлеуетті жағымсыз салдарларды ескеру қажет. Жоғарыда айтылғандар орталықсыздандыру саясатының оң және теріс нәтижелерін үнемі талдау қажеттігін көрсетеді. Қазақстанда орталықсыздандырудың қатып қалған саясатын қайта бастаудың негізгі себебі басқару жүйесін демократияландыру қажеттілігі болып табылатынын ерекше атап өткен жөн.

Орталықсыздандыру жөніндегі реформалардың, атап айтқанда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңнамалық базасын құрудың, оларға жиналған салықтардың бір бөлігін сақтау мен дербес жұмсауға берудің, сондай-ақ азаматтар тікелей сайлайтын жергілікті өкілді кеңестер құрудың арқасында осы саясаттың жергілікті әкімдердің есептілігіне ықпал етуі оның негізгі жетістіктері болып табылады.

Тәуелсіз сарапшы Ақрам Умаровтың айтуынша: «Қазір де-юре азаматтары табыс және мүлік салығын төлеу, халыққа есеп беретін және жоғары органдар тікелей тағайындайтын жергілікті билік органдарымен қарым-қатынаста оның мүдделерін білдіретін мәслихаттар тетігін құру арқылы жергілікті билік органдарымен тікелей байланысты» [7].

Сондай-ақ, іске асырылып жатқан ауылдық жерлерде жергілікті әкімдерді сайлау жүйесін енгізу аудандық билік органдарына, ал кейінгі кезеңдерде облыс әкімдеріне тікелей сайлауды біртіндеп енгізудің бастапқы кезеңі болуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады.

Жинақталған мәселелердің жарқын мысалы – әлемнің түрлі елдеріндегі мемлекеттік басқару жүйелеріне елеулі әсер еткен коронавирустық инфекцияның таралуы болды.

Осылайша, жергілікті биліктің осындай төтенше жағдайларға дайын болмауы, ел өңірлерінде қажетті ресурстардың болмауы, сондай-ақ жергілікті жерлердегі басшыларды орталық билік органдарына бағдарлаудың қалыптасқан практикасы туындаған проблемалардың негізгі себептеріне айналды. Сонымен қатар, халықпен тұрақты диалогтың нақты тетіктерінің болмауы, қабылданған шектеу шараларын дәйекті түрде дәлелдеу және жергілікті билік органдарының халыққа есеп беруінің жеткіліксіздігі жағдайды жақсартуға ықпал етпеді, бұл өз кезегінде өңірлік саясатты қайта қарату туралы мәселелерді өзекті ете түсті.

Қоғамдық игіліктермен қамтамасыз ету қабілеті немесе өңіраралық теңгерімсіздік

Андреас Виммер «Ұлт құру: неліктен кейбір елдер бірігіп, басқалары ыдырайды» кітабында ұлттың құрылуы ұзақ мерзімде сәтті болатынын үш фактор анықтайды деп тұжырымдайды: азаматтық қоғамның дамуы, барлық аумақта

қоғамдық игіліктерді біркелкі қамтамасыз етуге қабілетті мемлекет және ортақ коммуникация құралының пайда болуы [8].

Сондықтан да алдағы уақытта барлық өңірлерде бірелкі қоғамдық игіліктерге қолжетімділікті арттыру аймақтық саясаттың басым мақсаты болуы тиіс. Өйткені өңіраралық теңгерімсіздік біркелкі қоғамдық игіліктерге қолжетімділікті жеткізуді алшақтатады. Осы өзара тәуелділік ұлттық қауіпсіздік мәселесі.

Қазақстанда аймақтық саясаттың қалыптасуын ел Үкіметі «Қазақстан Республикасының Өңірлік саясатының тұжырымдамасын» әзірлеген 1996-1997 жж. кезеңіне жатқызуға болады. Оның негізгі мақсаты халықтың өмір сүруі үшін салыстырмалы түрде тең мүмкіндіктер жасау және еңбекті ұтымды аумақтық бөлу мен аумақтық өзін-өзі басқаруды дамыту қағидаттарын қалыптастыру негізінде әр өңірдің ресурстық-өндірістік әлеуетін тиімді пайдалану болды [9].

Бұл тұжырымдама өңірлерді дамытуды басқарудың мемлекеттік саясатын одан әрі қалыптастыру және жетілдіру үшін негіз қалады, алайда басты мақсатты орындамады. Бұл мәселенің шешілуі ұзақ жылдарға созылды.

Осыған орай, «Қасіретті қаңтар» сабағы: Қоғам тұтастығы – тәуелсіздік кепілі» атты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде Қ.К. Тоқаев өңіраралық теңгерімсіздіктер туралы: «Қазақстанның өңірлері бірдей деңгейде дамып жатпағаны баршаға аян. Теңсіздік әлеуметтік жайсыздық пен миграциялық көңіл-күйге жол ашады. ... шикізаттық өңірлердің тұрғындары бюджеттік ресурстарды бөлуде өз облыстарына көбірек назар аударылғанын қалайды. Бұл өңірлер бюджеттің доноры бола тұра, әлеуметтік-экономикалық дамудың көптеген параметрі бойынша артта қалып келеді. Сондықтан тәсілдерді біртіндеп өзгерту керек. Бюджетаралық қатынастарды түбегейлі реформалаудың уақыты жетті» [10].

Өткен жылдары Қазақстанда өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін теңестіруге бағытталған көптеген шаралар қолданылды. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жай-күйін талдау – өңірлік дамуда әлі де елеулі диспропорциялар сақталатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, аталған тенденция жалғасса, аймақтардың одан әрі поляризациялану ықтималдығы жоғары.

Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық жағдайларды, әсіресе депрессиялық, дамымаған шекара маңындағы аудандарға қатысты теңестіру және оны жүзеге асырудың жаңа тиімді тетіктерін қалыптастыру міндеті өткір тұр. Бұл мәселені шешу үшін аймақтық саясатқа инклюзивті даму принципін енгізуді көздейтін жаңа тәсілдерді жүйелі зерделеу қажеттілігі артуда.

Яғни, өңірлік дамудағы әлемдік үрдістерді негізге ала отырып, бүгінгі таңда Қазақстанда әртүрлі тәсілдерді ұштастыруға негізделген жаңа өңірлік саясатты әзірлеу талап етіледі деген қорытынды жасауға болады.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік институттарды нығайту және олардың қоғамдық игіліктермен қамтамасыз ету тиімділігін арттыру мемлекеттік құрылысты ілгерілетуге бағытталған ең перспективалы саясат.

Ұлттық жобаның жаңа маңызы

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының басты мақсаты: Базалық қызметтерге халықтың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайды жақсарту және тұрғын үй құрылысын дамыту, сондай-ақ көліктік байланысты қамтамасыз ету және елдің көліктік-транзиттік әлеуетін жоғарылату есебінен азаматтардың қолайлы өмір сүру ортасын құру болып табылады [11].

Күтілетін экономикалық әсері ретінде:

- астананың, республикалық маңызы бар қалалардың ЖӨӨ-сін жыл сайын 3,9 %-ға ұлғайту;

- транзиттік жүк легін 22,7-ден 30 млн тоннаға дейін ұлғайту;

- Қазақстанның позициясын: ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде «Инфрақұрылым» көрсеткіші бойынша 62-ден 49-ға дейін; Дүниежүзілік банк рейтингінде «Логистика тиімділігі» көрсеткіші (LPI) бойынша 71-ден 50-ге дейін жақсарту;

- 491,1 мың жұмыс орнын, оның ішінде: 15,7 мың тұрақты жұмыс орнын; 475,4 мың уақытша жұмыс орнын құру – көрсетілсе, күтілетін әлеуметтік әсері ретінде:

- урбандалу деңгейін 59,1 %-дан 62,6 %-ға дейін ұлғайту;

- агломерациялар мен облыс орталықтарындағы (сондай-ақ Семей қаласындағы) халық санын жыл сайын 1,7 %-ға ұлғайту;

- ауылдық елді мекендерге денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы 21 мыңнан астам маманды, сондай-ақ ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерін тарту;

- барлық қаржыландыру көздері есебінен 236,7 мың отбасының тұрғын үй жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету; қалаларда сумен жабдықтау қызметтеріне 100 % қолжетімділікті қамтамасыз ету; ауылдарда сумен жабдықтау қызметтеріне 100 % қолжетімділікті қамтамасыз ету; қоныс аударушылар мен қандастардың жұмыспен қамтылу деңгейін, оның ішінде кәсіпкерлік бастаманы дамыта отырып, 79 %-дан 87 %-ға дейін арттыру – көзделген.

Бүгінгі таңда ұлттық жобаны іске асыру екі бағыт бойынша жүзеге асырылуда: базалық қызметтерге тең қол жеткізу және көлік байланысын қамтамасыз ету.

Бірінші бағыт бойынша базалық қызметтерге тең қолжетімділік 2 міндетті шешу көзделеді:

- Инфрақұрылымды кешенді дамыту;

- «Жайлы тұрғын үй».

Ұлттық жобаның екінші бағыты көлік байланысын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл бағыт 2 тапсырманы қамтиды:

- ішкі көлік желісін дамыту;

- аумақтардың сыртқы байланысын арттыру [12].

Ұлттық жобаны іске асырудың әлеуметтік әсері инфрақұрылымдық қамтамасыз ету (сумен жабдықтау, су бұру, жолдар, газ, су, электр, жылумен жабдықтау) және тұрғын үй мәселелерін шешу есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсартумен тікелей байланысты. Бұл байланыстың қаншалықты тең қоғамдық игіліктермен қамтамасыз ете алуы мен өңіраралық теңгерімсіздікті жоюы ашық сұрақ күйінде қалып отыр.

Жобаны тиімді іске асыру нәтижесінде қысқа мерзімде өңіраралық теңгерімсіздікті азайтып, барлық аумақта қоғамдық игіліктерді біркелкі қамтамасыз етуге қабілеттілікті арттыруға болады.

Қорытынды

Мунк мектебінің жаһандық мәселелер және қоғамдық саясат жөніндегі зерттеушілері (the Munk School of Global Affairs and Public Policy University of Toronto) қазіргі уақытта белгілі бір жергілікті орындарды (ауылдар, аудандар, облыстар) маңызды жаһандық өңірлерге айналдыруды көздейтін «глоколизация» ұғымын анықтаумен және дамытумен айналысуда [13].

Осыған сүйене отырып, экономиканы интернационалдандыру халықаралық экономикалық ынтымақтастықты да, халықаралық капитал қозғалысын да білдіреді. Елдер мен халықтар арасындағы халықаралық экономикалық ынтымақтастық процесінде тұрақты экономикалық байланыстар дамуда, көбею процесі ұлттық шекаралардан асып түседі және микроөңірлер жаһандық аренаға шығады.

Себебі жаһандану микро және макро деңгейлерде ұсынылуы мүмкін.

Бұл жағдайда ұлттық-мәдени, әлеуметтік-демографиялық, табиғи-климаттық, шаруашылық шындықтан, сондай-ақ Қазақстан өңірлерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи ерекшеліктерінен туындайтын жаңа мемлекеттік өңірлік саясатты әзірлеу маңызды міндет болып табылады.

Өңірлік саясатты жетілдіру бойынша болашақта әзірленген ұсынымдар тұрақты және тікелей іс-қимыл тетіктері, диалогтың, қоғамдық бақылау мен коммуникацияның тиімді арналары арқылы демократиялық құндылықтарды өңірлік деңгейде ілгерілетіп отырып, Қазақстанның өңірлерін алысқа бара жатқан амбициялармен және жоспарлармен қалыптастыруға қуатты серпін мен мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы // URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1623953> (қаралған күні: 12.09.2022)
2. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 4 мамырдағы Жарлығы // URL: <https://akorda.kz/ru/o-nekotoryh-voprosah-administrativno-territorialnogo-ustroystva-respubliki-kazahstan-44522> (қаралған күні: 15.09.2022)
3. Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы // URL: <https://primeminister.kz/ru/gosprogrammy/gosudarstvennaya-programma-razvitiya->

- regionov-na-2020-2025-gody-9111157 (қаралған күні: 10.01.2023)
4. О приросте населения в городах Казахстана. //URL: https://economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=4706 (қаралған күні: 10.01.2023)
5. Nguyen Thanh Hung & Su Dinh Thanh | David McMillan (Reviewing editor) (2022) Fiscal decentralization, economic growth, and human development: Empirical evidence, *Cogent Economics & Finance*, 10:1, DOI:10.1080/23322039.2022.2109279
6. Grindle M. Going Local: Decentralization, Democratization, and the Promise of Good Governance. - Princeton University Press, Princeton. – 2014. – 155 p.
7. Өткеннің сән тренді: Қазақстанда орталықсыздандыру реформасы қалай өтті? //URL: <https://cabar.asia/ru/modnyj-trend-proshlogo-kak-prohodila-reforma-detsentralizatsii-v-kazahstane> (қаралған күні: 10.10.2022)
8. Wimmer, A. (2018). Nation Building: Why Some Countries Come Together While Others Fall Apart. Princeton University Press. <https://doi.org/10.2307/j.ctvc77kjh>
9. Постановление Правительства Республики Казахстан. О Концепции региональной политики Республики Казахстан: утв. 9 сентября 1996 года, №1097 //URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P960001097> (қаралған күні: 17.09.2022).
10. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі. //URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kk-tokaevty-n-kazakstan-respublikasynyn-parlamenti-mazhilisinin-otyrysynda-soylegen-sozi-1105319> (қаралған күні: 23.01.2023)
11. Национальный проект «Сильные регионы – драйвер развития страны». // URL:<https://primeminister.kz/ru/news/nacionalnyu-proekt-silnye-regiony-drayver-razvitiya-strany-1595254> (қаралған күні: 10.12.2022).
12. Информация по Национальному проекту «Сильные регионы – драйвер развития страны». //URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/news/details/269936?lang=ru> (қаралған күні: 10.12.2022).
13. Школа глобальных отношений и государственной политики Мунка при Университете Торонто //URL: <https://munkschool.utoronto.ca/areas-focus> (қаралған күні: 10.12.2022).

REFERENCES:

1. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyн 2022 zhylyg 16 nauryzdagy «Zhana Qazaqstan: zhanaru zhane zhangyru zholy» atty Qazaqstan khalqyna Zholdaу [Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan on March 16, 2022 entitled "New Kazakhstan: the path to renewal and modernization"]. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavyy-gosudarstva-qasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1623953> (accessed: 12.09.2022)
2. «Qazaqstan Respublikasynyn akimshilik-aumaqtyq qurylysynyn keibir maseleleri turaly» Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyн 2022 zhylyg 4 mamrydgy Zharlygy [Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev dated May 4, 2022 "On some issues of the administrative and territorial structure of the Republic of Kazakhstan"]. URL: <https://akorda.kz/ru/o-nekotoryh-voprosah-administrativno-territorialnogo-ustroystva-respubliki-kazahstan-44522> (accessed: 15.09.2022)
3. Onirlerdi damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналган bagdarlamasy [Regional development program for 2020-2025]. URL: <https://primeminister.kz/ru/gosprogrammy/gosudarstvennaya-programma-razvitiya-regionov-na-2020-2025-gody-9111157> (accessed: 10.01.2023)
4. О приросте населения в городах Казахстана [On population growth in the cities of Kazakhstan]. URL: https://economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=4706 (accessed: 10.01.2023)
5. Nguyen Thanh Hung & Su Dinh Thanh | David McMillan (Reviewing editor) (2022) Fiscal decentralization, economic growth, and human development: Empirical evidence, *Cogent Economics & Finance*, 10:1, DOI:10.1080/23322039.2022.2109279
6. 6. Grindle M. Going Local: Decentralization, Democratization, and the Promise of Good Governance. - Princeton University Press, Princeton. – 2014. – 155 p.
7. Otkennin san trendi: Qazaqstanda ortalyqsyzdandyru reformasy qalai otti? [Fashion trend of the past: how was the decentralization reform in Kazakhstan?]. URL: <https://cabar.asia/ru/modnyj-trend-proshlogo-kak-prohodila-reforma-detsentralizatsii-v-kazahstane> (accessed: 10.10.2022)
8. Wimmer, A. (2018). Nation Building: Why Some Countries Come Together While Others Fall Apart. Princeton University Press. <https://doi.org/10.2307/j.ctvc77kjh>
9. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan. O Kontseptsii regional'noi politiki Respubliki Kazakhstan: utv. 9 sentyabrya 1996 goda, №1097 [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan. On the Concept of regional policy of the Republic of Kazakhstan: approved. September 9, 1996, No. 1097]. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P960001097> (accessed: 17.09.2022).
10. Memleket basshysy Q.K. Toqaevtyн Qazaqstan Respublikasy Parlamenti Mazhilisinin otyrysynda soylegen sozi [Head of State K.K. Tokayev's speech at the session of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/>

memleket-basshysy-kk-tokaevtyn-kazakstan-respublikasynyn-parlamenti-mazhilisinin-otyrysynda-soylegen-sozi-1105319 (accessed: 23.01.2023)

11. Natsional'nyi proekt «Sil'nye regiony – draiver razvitiya strany» [National project "Strong Regions – Driver of Country Development"]. URL: <https://primeminister.kz/ru/news/nacionalnyy-proekt-silnye-regiony-drayver-razvitiya-strany-1595254> (accessed: 10.12.2022).

12. Informatsiya po Natsional'nomu proektu «Sil'nye regiony – draiver razvitiya strany» [Information on the National Project "Strong Regions – Driver of Country Development"] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/news/details/269936?lang=ru> (accessed: 10.12.2022).

13. Shkola global'nykh otnoshenii i gosudarstvennoi politiki Munka pri Universitete Toronto [Munk School of Global Affairs and Public Policy at the University of Toronto]. URL: <https://munkschool.utoronto.ca/areas-focus> (accessed: 10.12.2022).

**Нұрбек Пұсырманов¹, Еркебұлан Амангосов²,
Қуандық Какимов³, Сәкен Есіркеп⁴**

¹Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Мемлекет тарихы институтының директоры, PhD
e-mail: Nurbekp89@gmail.com

² ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының
Ғылыми-ақпарат бөлімінің басшысы, әлеуметтану магистрі
e-mail: eratangosov@yandex.ru

³ ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының
Ғылыми-ақпарат бөлімінің ғылыми қызметкері, құқық магистрі
e-mail: kakimoff01kz@gmail.com

⁴ ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының Қазақстанның
әлеуметтік-экономикалық даму тарихы бөлімінің аға ғылыми қызметкері
e-mail: sakenyessirkep1985@gmail.com
(Астана, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЙЛАУ ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ЗЕРДЕЛЕНУ ДЕНГЕЙІ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Андатпа. Мақала тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі сайлаудың эволюциялық дамуы зерттелуінің қырларына, соның ішінде ауыл әкімін сайлау деректеріне библиографиялық шолу жасап, одан әрі сайлау жүйесін дамытудың кейбір қырларына ғылыми назар аудартады. Қазақстан Республикасы қоғамын демократияландыруға бастаушы бағыттардың бірі ретінде сайлау жүйесі, оның ішінде ауыл әкімдерінің зерттелу деңгейі арқылы жергілікті мемлекеттік басқаруды жетілдіру болып табылады. Дамыған елдердің басым көпшілігі жергілікті басқару мен өзін-өзі басқару тетіктерін жетілдіруге ұмтылуда.

Жұмыстың әдістемелік негізі жалпы ғылыми әдістермен негізделді. Зерттеу жұмысының құрылымы тематикалық шолу түрінде талдау, тарихи, салыстыру, синтез, талдау, ішінара контент талдау әдістеріне сүйенеді.

Түйін сөздер: сайлау, сайлау жүйесі, сайлау эволюциясы, сайлау процесі, саяси институт.

**Нурбек Пұсырманов, Еркебұлан Амангосов, Қуандық Какимов,
Сәкен Есіркеп**

УРОВЕНЬ ИЗУЧЕННОСТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ ЭВОЛЮЦИИ ВЫБОРОВ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Статья представляет собой библиографический обзор аспектов изучения эволюционного развития выборов в период независимого Казахстана, в том числе данных выборов акима села, с научным акцентом на некоторые аспекты дальнейшего развития избирательной системы. Одним из направлений, инициирующих демократизацию общества Республики Казахстан, является совершенствование местного государственного управления через избирательную систему, в том числе уровень изученности сельских акимов. Подавляющее

большинство развитых стран стремятся к совершенствованию механизмов местного самоуправления.

Методическая основа работы была обоснована общенаучными методами. Структура исследовательской работы опирается на методы отбора, исторического, сопоставления, синтеза, анализа, частичного контент-анализа в виде тематического обзора.

Ключевые слова: выборы, избирательная система, эволюция выборов, избирательный процесс, политический институт.

Nurbek Pussyrmanov, Yerkebulan Amangossov, Kuandyk Kakimov, Saken Yessirkep

THE LEVEL OF STUDY AND PROSPECTS FOR THE EVOLUTION OF ELECTIONS IN KAZAKHSTAN

Abstract. The article makes a bibliographic review of the study of the evolutionary development of elections in the period of independent Kazakhstan, including the data on the election of the village akim, and further draws scientific attention to some aspects of the development of the electoral system. One of the starting directions for the democratization of the society of the Republic of Kazakhstan is the improvement of local state administration through the election system, including the level of research of village mayors. The vast majority of developed countries are striving to improve local government and self-government mechanisms.

The methodological basis of the work was based on general scientific methods. The structure of the research work is based on the methods of selection, historical, comparison, synthesis, analysis, partial content analysis in the form of a thematic review.

Key words: elections, electoral system, evolution of elections, electoral process, political institution.

Кіріспе

XXI ғасырда орнықты дамуды жалғастыруда Қазақстан сайлау жүйесі өзіндік моделін ілгерілетіп келеді. Бұл ретте батыс және шығыс кеңістігіндегі таптаурын нұсқаларды зерделей отыра, ғасырлар бойы тоғысқан үлгіні қолдану уақыт өте келе бағалауға кең мүмкіндік беріп отыр. Осы ретте демократияға сай келетін нұсқаның да Дала құқығынан ғасырлар бойы көрініс табуы бірқатар теориялық зерттеушілер арасында жаңа пікірталастарға жол ашты [1].

Елімізде жылдан жылға сайлау процесіне зерттеушілердің де зейін аударуы зерттеудің де маңыздылығын белгілейді. Соған қарамастан, осы бағыттағы жүйелі зерттеулерге әдебиеттік шолу назардан тыс қалған қырларды анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы мемлекеттік билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді [2]. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты қоғамдық бақылауды, жергілікті жерлердегі ахуалға азаматтардың ықпалын күшейту қажеттігіне байланысты мәслихат арқылы ауыл әкімдерінің сайланбалылығын енгізу туралы мәселе көтерілді [3]. Сайлау процесінің іске асырылуына қажетті ұлттық құқықтық база

қалыптасты. Соған қарамастан, құқықтық негіз айқын жазылғанымен, нормалардың орындалуы тұрғысында сұрақтар туындады.

2021 жылы еліміздегі саяси реформалар жаңа қадамдар мен қолжетімді сайлану құқығын пайдалануға, сайлау құқығын жандандыруға бастау болды. Соңғы екі жылдағы саяси қатысу негізінде қоғам мүдде тұрғысынан топтасушы саяси институттарды анықтай бастады. Қазақстанның саяси алаңында жаңа саяси партиялар пайда болып, ақпараттық кеңістіктің мүмкіндігін сайлау компанияларында ықпалды құрал ретінде қолдана бастады. Жаңа цифрлық платформалардың дамуы да сайлау процесін жетілдіруге септігін тигізіп отыр. Байқаушы институттарына жаңа тіркеу куәліктерінің берілуі де азаматтық қоғам институттарына белгілі бір жаңа ережелерді ұсынды. Осылайша сайлау жүйесінің қарқынды эволюциясы ел азаматтарына елдік мәселені бірлесе шешуге айтарлықтай жол ашты. Енді осы мәселенің қоғамда және ғылыми дискурста пайымдалуына назар аударып, қоғамдық пікірді дамытуда әлеуетті қолдануға ұмтыламыз.

Мақала тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі сайлаудың эволюциялық дамуы қырларына, соның ішінде пилоттық аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлау деректеріне, сайлау жүйесі бойынша зерттеушілердің еңбектеріне ретроспективті және салыстырмалы, библиографиялық шолу арқылы ұлттық ғылыми деректер қорын жүйелеуге талпыныс жасалды.

Зерттеу аясында ашық және сенімді ресми деректер қоры, мүмкіндігінше архивтік мәліметтер қолданылды. Сайлау процестеріне қатысты статистикалық және жалпы деректерді талдауда Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ресми сайты, ұлттық құқықтық база әділет.кз жүйесі, ҚР Ұлттық архиві материалдары тұтынылды. Осы мақала қазіргі сайлаудың эволюциялық дамуына жаңаша зерттеушілік көзқарастар ұсынады.

Зерттеу әдістері

Мақалада тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі сайлаудың эволюциялық дамуына байланысты бірқатар әлеуметтік зерттеулер, сарапшылық-зерттеушілік талдауларға библиографиялық талдау түрінде шолу жүргізілді. Библиографиялық шолу ақпараттық технология мүмкіндігі арқылы төрт тірек сөздерге үш тілде салыстырмалы талдауды анықтайды. Диссертациялар базасының іздеу желісі арқылы да сұрыптау қолданылады. Сонымен қатар, пилоттық аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлау деректеріне сүйене отырып, Қазақстанның саяси жүйесінің одан әрі дамуының бөлігі ретінде тарихи-саяси және болжамдық қорытындылар ұсынылады. Ұсынымдарды өндіру саяси болжау, ретроспективті зерттеу, пәнаралық сабақтасқан метаәдістер арқылы жүйеленеді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау.

Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі сайлаудың эволюциялық дамуын зерттеуіне библиографиялық шолу

Қазақстандық қоғамның басым бөлігі бүгінде ақпараттық кеңістікті қолданады. Осы ретте алдымен, <https://www.google.com> іздеу желісі арқылы үш тілде «сайлау», «сайлау процесі», «сайлау жүйесі», «ауыл

әкімін сайлау» кілт сөздеріне талдау жасалды. Талдауда 1991-2023 жыл қараша аралығында және Қазақстан Республикасы территориясы белгіленді. Нәтижесінде сайлау мемлекеттік тілде 1 390 000, ал орыс тілі оған қарағанда айтарлықтай 4 есеге артық жиілікті құрап отыр. Ауыл әкімдерін сайлау тірек сөзі де мемлекеттік тілде 6940, орыс тілінде 92 400, ағылшын тілінде 4400-ді құрады. Осы пайымдарға сәйкес ұлттық мүдде тұрғысынан ақпараттық кеңістікте қазақтілді аудиториялардың қолдауына сүйенуімен бірге, қазақ тілді сарапшы-зерттеушілерді тарту қажеттігін меңзейді (1-кесте).

1-кесте. Кілт сөздердің интернеттегі жиілігі

Аталуы	1991-2023 ж/ жиілігі
Сайлау	1 390 000
Сайлау процесі	8 930
Сайлау жүйесі	32 300
Ауыл әкімін сайлау	6 940
Выбор	6 440 000
Избирательный процес	1 290
Избирательная система	5 180
Выборы акимов	92 400
Election	20 600
Election process	13 200
Electoral system	3 140
Election of village mayor	4 400

Ескертпе: Авторлар құрастырған

Сайлау эволюциясын дамытуда қазақстандық модельді іздеу жылдан жылға зерттеушілермен ен толықты. Осы орайда ұлттық ғылыми қор болып табылатын ҚР Ұлттық ғылыми техникалық ақпарат орталығының ресми базасына сүйеніп, 1992-2023 жылдар арсындағы докторлық, кандидаттық, PhD диссертациялық жұмыстарға шолу жасалды [4]. Нәтижесінде тарих ғылыми бойынша – 1, саясат және саяси ғылымда – 9, заң ғылымдары бойынша – 5 диссертация анықталды (2-кесте).

2-кестеге сәйкес тілдік контексте қарастырсақ, диссертацияларды жазу басымдығы орыс тілінде болып отыр. Бұл 1-кестедегі ақпараттардың растығын дәлелдей түседі. Осы ретте, тарих ғылымы бойынша 1998 жылы қазақ тілінде жазылған Ө. Озғанбайдың «XX ғасыр басындағы Қазақстан және Ресей Мемлекеттік Думасының саясаты (нақты тарихи талдау) докторлық диссертациясын атап өту керек. Саяси ғылымдар бойынша А.Р. Карашева 2010 жылы «ҚР саяси жүйесіндегі байқаушылар институт: саясаттанушылық талдауы» (орыс тілінде, 2010 ж.), К.К. Джаманкулованың «Қазақстандағы 2005 жылғы президенттік сайлаудың БАҚ-та жариялануы» (орыс тілінде, 2008 ж.), Г.Р. Нұрымбетованың «қазақстандық қоғамды жаңғыртудағы азаматтардың саяси қатысуы» (қазақ тілінде), Ш.А. Курманбаеваның «ҚР саяси жүйесінің трансформациясы процесіндегі

сайлау технологияларының дамуы» (қазақ тілінде, 2002 ж.), Н.К. Серікбаевтың «Қазақстан Құрылтай жиналысына дайындық және оның идеяларын қорғау кезеңінде» (1917 ж. наурыз–1918 ж. қараша) (қазақ тілінде, 2002 ж.), Е.Б. Саировтың «Қазақстан мен Ресейдегі сайлау науқандарының тәжірибесіндегі ақпараттық-саяси технологиялар» (орыс тілінде, 2001 ж.), Г.А. Госманованың «Қазақстан Республикасындағы сайлау процесінің дамуы» (2002), Е.Қ. Ертісбаевтың «Саяси модернизация жағдайындағы Қазақстандағы сайлау демократиясын институттандыру (1990-2000 ж.)» (орыс тілінде, 2001), А.О. Сапиеваның «Демократиялық сайлау өтпелі қоғамның саяси құндылығы ретінде (теориялық және әдістемелік аспект)» (орыс тілінде, 1997 ж.) тұжырымдаған ойлары маңыздылығын сақтап отыр.

**2-кесте. Сайлау туралы қорғалған диссертациялар үлесі.
1992-2023 жж**



Ескертпе: Авторлар құрастырған

Ішінара сайлау туралы гендерлік аспектіде қарастырған С.В. Платоновтың «Саяси маркетинг: Қазақстан Республикасындағы даму перспективасы мен тенденциялары» (орыс тілінде 2002), А.М. Нысанбаеваның «Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуындағы әйелдер ұйымдары қызметінің ықпалы» (орыс тілінде, 2002) диссертациясын да атап өту керек.

Заң ғылымдары аясында Л.Г. Матвеевкова (1993), Э.Б. Мухамеджанов (2002), А.А. Абикенов (2008), А.Т. Алдабергенов (2009), Э.С. Майшекина (2014) диссертациялық еңбектері сайлау жүйесі мен процесін құқықтық сипаттаған.

Осы ұлттық ғылыми қор бойынша сұрыптауда барлығы үш ғылыми жоба есебі анықталды. С.Н. Байбековтың жетекшілігінде «Сайлау процестерін талдау және болжау үшін ақпараттық технологияларды дамыту» жобасы 2001 жылы орындалған (тіркеу нөмері-0106РК01280), Г.У. Балгимбекованың жетекшілігінде «Ұлттық заңнамадағы халықаралық сайлау стандарттарын сақтаудың конституциялық-құқықтық проблемалары» (тіркеу нөмері - 0118РК01006), Т.С. Рамазанов жетекшілігінде «XIX-XX ғасырдың басындағы қазақ даласын басқару жүйесіндегі болыстар институты: қызметі, құзыреті және Ресей билігімен өзара әрекеттесуі» (тіркеу нөмері - 0115РК00741) ғылыми жобалары бар [4].

Ғылыми еңбектердің қатарында 2020 жылғы Мемлекет тарихы институтымен дайындалған Қазақстандағы сайлау тарихы еңбегі сайлау дәстүрлері мен тарихын түгендеуге алғашқы қадам жасаған [1]. Астана

қаласы әкімдігі Ішкі саясат басқармасының тапсырысымен дайындаған «Қазіргі Қазақстандағы саяси партиялар» туралы 2009 жылғы анықтамалық ақпарат мүмкіндігінде партиялық жүйені сипаттауда құнды болып отыр [5].

Бүгінде ізденуші А.М. Әміржанова (2021 ж.) Қазақстандағы сайлау процесінің дамуын талдап, өкілді үкіметті қалыптастырудағы сайлаудың маңыздылығын және жүргізіліп жатқан заңнамалық реформаларды атап өтеді. Олар өкілді биліктің құрылымына, сайлаушылардың белсенділігіне, Мәжілістегі әйелдердің үлесіне, партиялар санына және депутаттардың орташа жасына қарайды. Көрпебаев (2021) мажоритарлық жүйеден пропорционалды жүйеге көшуді қарастыра отырып, Мәжіліс депутаттарын сайлауда қолданылатын сайлау жүйелерін талдауға тоқталады [6]. Ал, Досумов және Адилатов (2018) Қазақстан мен Қырғыз Республикасындағы сайлау заңнамасының дамуын және оның демократияны қалыптастырудағы рөлін зерттей отырып, тарихи-құқықтық аспектісін қарастырды [7].

Жоғарыдай пайымдалған зерттеулердің барлығы сайлау жүйесінің қалыптасуы мен орнықты дамуына ғылыми негіз құрайды. Осыған қоса, зерттеушілер диссертациялық еңбектерін көрсету арқылы да әлі де маңызды бағыттар анықталып отырғанын атап өтуге болады. Мәселен, ауыл әкімдерін сайлау. Ол ғылыми бағыт ретінде зерттеу жобасы ретінде қалыптаспаған. Оның үстіне, елімізде референдумның да бірнеше мәрте өтуі және оның заң ғылымдары аясында екі зерттеуге арқау болуы да өзекті тақырып ретінде қалыптасып отыр. Азаматтық қоғам институттары, оның ішінде партиялық институттардың дамуындағы жаңа бағыттарды анықтау да басымдық ретінде сипатталады.

Ауыл әкімдерін сайлау мәселесінің зерттелуі

Сайлау процесінің эволюциялық дамуының жаңа кезеңі – ауыл әкімдерін сайлауболып табылады. Бұл кезең өзіндік қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруі және орнығуымен байланысты. Дала демократиясындағы құқыққа сәйкес сайлау адам өмірінің ажырамас міндетіне айналған. Мәселен, құрылтайда дауыс беру, сұлтан билігін белгілеу, билердің шешімі, т.б. Бұл тақырыптар тарихымыздың ақтаңдақтарына айналғанына қарамастан, уақыт өткен сайын жаңа зерттеулерге арқау болып отыр. Осы ретте, дәстүрлі саяси институттардың тәжірибесі мен құрылымына үңіле отырып, болашақ бейнемізді жетілдіруде қолдануға болады.

2001 жылдың төртінші тоқсанында жекелеген әкімшілік-территориялық бірліктердегі әкімдердің сайлауын ұйымдастырумәселесі айтылды [8]. Одан кейін «Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы № 1484 Жарлығы шығып, «әкімдерді сайлау тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумақтарында тұрғылықты халық саны: бес мың адамға дейін болса - жалпыға ортақ тең әрі төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы; бес мың адамнан астам болса - жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Жанама сайлау құқығы аталған әкімдерді азаматтардың өз өкілдері - таңдаушылар арқылы

сайлаудан тұрады». Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі төрт жыл мерзімге сайланатын болды [9].

Ауыл әкімдерін тікелей сайлау мәселесін ізденуші Б. Серікбаев сайлаудың саяси партиялар арасындағы бәсекелестікті арттыру және саяси процесті ынталандыру үшін маңыздылығын атап көрсетеді [10]. Ал, Күмісбеков 2022 ауыл әкімдерін тікелей сайлаудың нәтижелері мен тәуекелдерін талдайды [11]. М. Болысбек 2023 жылы жергілікті өзін-өзі басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық мәніне және сайлау үдерісінде ауыл әкімдері кездесетін мәселелерге зерттеу арнаған [12]. Бұл жұмыстар жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру және азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуын арттыру үшін ауыл әкімдерін сайлаудың маңыздылығын көрсетеді. Қазақстанда ауыл әкімдерінің сайлауын өткізу ерекшеліктері мен сайлау үгіттері туралы бірлескен авторлар Ж. Санхаева, Г. Аскеева, А. Урпекова еңбектерінде көрініс тапқан [13]. Авторлар төменгі деңгейде сайлау науқандарын жүргізудегі шектеуші факторларды, сондай-ақ сайлауалды үгіт-насихат жүргізудің неғұрлым тиімді құралдарын анықтай отырып, 2021 жылғы ауыл әкімдері сайлауының қорытындысы бойынша сарапшылармен тереңдетілген сұхбат негізінде сайлауды заңнамалық реттеу саласындағы факторлар, жеке уәждеме және ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерін пайымдаған.

Қорытынды

Сайлау демократиялық процестердің алға жылжуымен бірге қазақстандық қоғамды дамытушы фактор бола алады. Оған бір мысал ретінде ауыл әкімдерін сайлау және оған 2001, 2004 жылдары алғашқы бетбұрыс жасағандары пайымдалды. Сонымен қатар қазіргі күн тұрғысында бірқатар зерттеушілердің еңбектері пайымдала отырып, негізгі зерттеу бағыттарына фокус қойылды.

Тәуелсіз Қазақстан қоғамы үшін сайлау бұл жаңа дүние емес. Оның тарихи сабақтастығы қалыптасқан. Осы тұрғыдан диссертациялық еңбектерге шолу тілдік контексте зерделеніп, орыс тіліндегі ақпараттың басымдығы басым зерттеушілердің қоғамға осы тілде ақпаратт тасымалдауы және зерттеулерінің де орыс тілінде болуымен түсіндіріледі. Уақыт өте келе осы тілдік қатынас жаңа сапаға өтіп, мемлекеттік тіл призмасында пайымдалуы қазақстандық қоғамның саяси қатысуына да оң серпін беретіндігін болжауға болады. Қазіргі қоғамның этнодемографиялық үлесі осы ұстанымды дәлелдей түседі.

Биылғы 45 аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлауы елімізде сайлау жүйесі мен жергілікті атқарушы билікті демократияландырудың эволюциялық дамуы тағы бір кезеңді қалыптастырды. Бұл ауыл өміріне азаматтардың араласып, ортақ мүдде тұрғысында мәселелердің шешімін табуына үлкен үлес қосу күтіледі. Осы бағытта ауыл әкімдері және сайлау процесі туралы зерттеушілердің базасында жасақтай отырып, олардың алдағы еліміз үшін үлкен саяси жұмыста саяси кеңесші рөлін атқару тұрғысында да мақала құнды болып табылады. Саяси компаниялардың сайлауда жеңуінің басты негізі де саяси кеңесшілердің ғылыми әлеуетінің болуы және мәселені түбегейлі пайымдай алуында болып отыр.

Эволюциялық дамуыдағы оң өзгерістің бірі - өзін-өзі ұсыну мүмкіндігі саяси амбициясы мен қоғамға танымалдығын көрсеткісі келетіндерге жаңа тетік қалыптасты. Бұл жоғарыда айтылған пайымды қуаттай түседі.

Осы бағытта зерттеу шолуымызды қорытындылай келе, сайлау мәселесін қарастырған авторлардың барлығы билік тұтастығын ескеруі болып отыр. Бұл билік жүйесіндегі орталықтанғаннан-орталықсыздануға функцияларды көшіру процесінде белгілі бір инклюзиялық қоғамның белгілері түсіп қалмауға септігін тигізеді. Сондықтан да зерттеудегі библиографиялық шолудың негізі ғылыми пайымдаулар арқылы елдегі құрылымдарды ғылыми дәлелденген нұсқаларды қолдануға шақыру болып табылады.

Зерттеуді қаржыландыру көзі: Зерттеу мақаласы «Қазақстан тарихындағы саяси институттар мен құрылымдардың эволюциясы (XIX-XXI ғғ.) бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру (№BR21882308) аясында жарияланып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Б. Аяған, Ә. Ауанасова, Е. Нұрпейісов, А. Қашқымбаев, Н. Лапин. Қазақстандағы сайлау тарихы. – Нұр-Сұлтан: «Жарқын Ко» баспасы, 2020. – 268 б., қазақша, орысша.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы // URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (қаралған күні: 01.10.2023)
3. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (қаралған күні: 10.10.2023)
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми қоры URL: https://www.nauka.kz/page.php?page_id=200&id=13331 (қаралған күні: 05.11.2023)
5. Аяған Б., Нұрымбетов Г. Политические партии современного Казахстана. 2009. Справочник. – Алматы, 2009. – 383 с.
6. А.М. Әміржанова. Қазақстан Республикасы сайлау процесінің даму эволюциясы: саясаттанулық талдау // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы, «Әлеуметтік және саяси ғылымдар» сериясы, No2 (74) 2021 ж.
7. Dossumov, S. T., & Adilov, A. N. (2018). Historical aspects of formation and development of the suffrage in the republic of Kazakhstan and the Kyrgyz republic. ISJ Theoretical & Applied Science, 12 (68), 70-73. URL:<https://dx.doi.org/10.15863/TAS.2018.12.68.14> (қаралған күні: 05.10.2023)
8. Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдар (селолар), кенттер әкімдерін сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2001 жылғы 23 маусым № 633 // URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U010000633_ (қаралған күні: 10.10.2023)
9. Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1484 // URL:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001484_ (қаралған күні: 01.10.2023)
10. Серікбаев, Б., & Серғазин, . Е. . (2021). Қазақстандағы ауыл әкімдерін сайлаудың партиялар арасындағы бәсекені арттырудағы ролі. Қоғам және Дәуір, 72(4), 50–63. URL:<https://doi.org/10.52536/2788-5860.2021-4.04> (қаралған күні: 10.10.2023)
11. А. Кумысбеков, А. Данилов, А. Аяганова. Прямые выборы сельских акимов: анализ итогов, рисков и прогноз // Казахстан Спектр. 2022/1 (101) // URL:<http://journal-ks.kisi.kz/index.php/ks/index> (қаралған күні: 10.10.2023)
12. М.А. Большбек, Б.Б. Бюлегенова «Выборы сельских акимов: новые реформы избирательной системы» // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы ISSN: 2616-6887, eISSN:2617-605X8, №2(143)/2023.
13. Ж. Санжаева, Г. Аскеева, А. Урпекова «Особенности проведения избирательных кампаний на выборах сельских акимов в Казахстане» // Казахстан Спектр. Научный журнал. 2023/2 (106) URL:<http://journal-ks.kisi.kz/index.php/ks/index> (қаралған күні: 10.10.2023)

REFERENCES

1. B. Ayagan, A. Auanasova, E. Nurpejiso, A. Kashkymbaev, N. Lapin. Kazakstandagy sajlau tarihy. [History of elections in Kazakhstan] // – Nur-Sultan: «Zharkyn Ko» baspasy, 2020. – 268 p.
2. Kazakstan Respublikasynyn Konstituciyasy [The Constitution of the Republic of Kazakhstan] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (accessed: 01.10.2023)
3. «Kazakstan-2050» Strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty ["Kazakhstan-2050" Strategy is a new political direction of the state]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (accessed: 10.10.2023)
4. Kazakstan Respublikasynyn Ultyk gylymi kory [National Scientific Foundation of the Republic of Kazakhstan]. URL: <https://www.nauka.kz> (accessed: 05.11.2023)
5. Ayagan B., Nurymbetov G. Politicheskie partii sovremennogo Kazahstana [Political parties of modern Kazakhstan]. // 2009. Spravochnik. – Almaty, 2009. – 383 s.
6. A.M. Amirzhanova. Kazakstan Respublikasy sajlau procesinin damy evolyuciyasy: sayasattanulyk taldau [The evolution of the electoral process of the Republic of Kazakhstan: a political science analysis] // Abai atyndagy KazUPU Habarshysy, «Aleumettik zhane sayasi gylymdar» seriyasy, No2 (74) 2021 zh.
7. Dossuimov, S. T., & Adilov, A. N. (2018). Historical aspects of formation and development of the suffrage in the republic of Kazakhstan and the Kyrgyz republic. // ISJ Theoretical & Applied Science, 12 (68), 70-73. URL: <https://dx.doi.org/10.15863/TAS.2018.12.68.14> (accessed: 05.10.2023)
8. Auyldyk (selolyk) okrugterdin, auyldar (selolar), kentter Akimderin sajlau turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy 2001 zhylygy 23 mausym № 633 [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan "On the election of akims of rural (rural) districts, villages (villages), settlements] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U010000633> (accessed: 10.10.2023)
9. Kazakstan Respublikasynyn auyldyk (selolyk) okrugteri, auyldary (selolary), kentteri Akimderinin sajlauyn etkizu turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2004 zhylygy 6 zheltoksandagy N 1484 [On conducting elections of mayors of rural (village) districts, villages (villages), settlements of the Republic of Kazakhstan" of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 6, 2004 N 1484] // URL <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001484> (accessed: 10.10.2023)
10. Serikbaev, B., & Sergazin, E. (2021). Kazakstandagy auyl Akimderin sajlauyn partiyalar arasyndagy bAsekeni arttyrudagy roli. [The role of election of village mayors in Kazakhstan in increasing competition between parties] // Kogam zhane daur, 72(4), 50–63. URL: <https://doi.org/10.52536/2788-5860.2021-4.04> (accessed: 10.10.2023)
11. A. Kumysbekov, A. Danilov, A. Ayaganova. Pryamye vybory sel'skikh akimov: analiz itogov, riskov i prognoz [Direct elections of rural akims: analysis of results, risks and prognosis] // Kazahstan Spekr. 2022/1 (101) // URL <http://journal-ks.kisi.kz/index.php/ks/index> (accessed: 10.10.2023)
12. M.A. Bolysbek, B.B. Byulegenova «Vybory sel'skikh akimov: novye reformy izbiratel'noy sistemy» [Elections of rural akims: new reforms of the electoral system] // L.N. Gumilev atyndagy Euraziya Ultyk universitetinin Habarshysy. Sayasi gylymdar. Ajmaktanu. Shygystanu. Turkitanu seriyasy ISSN: 2616-6887, eISSN:2617-605H8, №2(143)/2023
13. Zh. Sanhaeva, G. Askeeva, A. Urpekova «Osobennosti provedeniya izbiratel'nyh kampanij na vyborah sel'skikh akimov v Kazahstane» [Features of election campaigns for rural akim elections in Kazakhstan"] //Kazahstan Spekr. Nauchnyy zhurnal. 2023/2 (106) URL <http://journal-ks.kisi.kz/index.php/ks/index> (accessed: 10.10.2023)

Мұрат Қайырбек

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті,

Саясаттану кафедрасының докторанты

e-mail: murat1979303@gmail.com

(Астана, Қазақстан)

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бүгінгі күнге дейін мемлекеттік деңгейде дәріптелген бірқатар идеологиялық тұжырым қарастырылған. Автор идеология ұғымының пайда болу және даму тарихына қысқаша шолу жасап, қандай ой-тұжырымдар Қазақстандағы идеологиялық жұмысқа арқау болғанын зерделеген.

Осы ретте, Конституцияда, стратегиялық құжаттарда, Президенттің түрлі жиындарда сөйлеген сөздерінде жария етілген идеологиялық тұжырымдарға баса мән берілген. Соның ішінде, этносаралық татулық пен келісім, күшті президенттік республика, халық үніне құлақ асатын мемлекет, интеллектуалды ұлт, Толық адам, Мәңгілік ел, Әділетті Қазақстан, дәстүрлі ислам сияқты тұжырымдардың мән-маңызына талдау жасалған.

Түйін сөздер: *идеология, тұжырым, тәуелсіздік, мемлекет, билік, саясат, Әділетті Қазақстан.*

Мұрат Қайырбек

ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ КОНЦЕПТЫ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье рассматривается ряд идеологических концептов, сформированных и продвигавшихся на государственном уровне с первых лет независимости и до сегодняшних дней. Автор проводит краткий обзор истории появления и развития понятия «идеология», исследует какие концепты и тезисы легли в основу идеологической работы в Казахстане.

Особое внимание уделено идеологическим концептам, закрепленным в Конституции, стратегических документах, различных выступлениях Президента. Проанализированы суть и значение таких концептов, как межэтническое согласие, сильная президентская республика, слышащее государство, интеллектуальная нация, совершенный человек, Мәңгілік ел, Справедливый Казахстан, традиционный ислам.

Ключевые слова: *идеология, концепт, независимость, государство, власть, политика, Справедливый Казахстан.*

Murat Kaiyrbek

IDEOLOGICAL CONCEPTS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN

Abstract. The article examines a number of ideological concepts formed and promoted at the state level from the first years of independence to the present day. The author gives a brief overview of the history of the emergence and development of the concept of "ideology", explores which concepts and theses formed the basis of ideological work in Kazakhstan.

Special attention is paid to the ideological concepts enshrined in the Constitution, strategic documents, various speeches of the President. The essence and meaning of such concepts as interethnic harmony, a strong presidential republic, a hearing state, an intellectual nation, a perfect man, Mangilik el, Fair Kazakhstan, traditional Islam are analyzed.

Keywords: *ideology, concept, independence, state, government, policy, Fair Kazakhstan.*

Кіріспе

Идеологиялық тұжырымдар басқару нысанына немесе саяси режимге қарамастан, мемлекеттік саясатты қалыптастыру және оны жүзеге асыру ісінде өте маңызды рөл атқарады. Мұндай тұжырымдар демократиялық елдерде де, авторитарлық елдерде де бар. Мысалы, адам құқықтары, азаматтық қоғам, биліктің заң шығару, атқару және сот тармақтарына бөлінуі, тепе-теңдік-тежемелік жүйесі сияқты озық ойлы тұжырымдар, ең алдымен, демократиялық мемлекеттерге тән. Ал, тоталитарлық елдерде жеке басқа табынушылық, адам құқықтарының шектелуі қалыпты жағдай саналады. Көбіне мұндай елдерде мемлекеттік идеология авторитарлық режимді нығайтуды көздейді.

1991 жылға дейін Қазақстанда 70 жыл бойы бір партия үстемдік құрып, коммунистік идеология дәріптелді. Ал тәуелсіздігін жариялаған соң, Қазақстан идеологиялық жұмысты дербес жүргізуге мүмкіндік алды. Осы ретте, Қазақстанда идеологиялық жұмыс қалай атқарылды? Оған нақты қандай ой-тұжырымдар арқау болды? Идеологиялық тұжырымдардың мән-маңызы неде? деген сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтар, ең алдымен, тәжірибелік тұрғыдан, соның ішінде мемлекеттің идеология саласындағы жұмыстарының басымдықтары мен бағыт-бағдарын айқындау тұрғысынан қызығушылық тудырады.

Қазіргі таңда Қазақстан дамудың келесі кезеңіне қадам басты. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың бастамасымен ауқымды саяси реформа қолға алынып, жан-жақты жаңғыру үдерісі басталды. Соның аясында идеологиялық сипаты бар жаңа тұжырымдар пайда болды. Бұл тұжырымдар қоғамдық санада берік орнығып, ұлтты ұйыстыруға, мемлекет тұғырын нығайтуға септігін тигізуі керек. Сондықтан оларды зерделеп, мән-маңызына талдау жасау теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да өзекті деп санаймыз.

Мақаланың мақсаты – тәуелсіздік жылдары Қазақстанда қандай

идеологиялық тұжырымдар пайда болғанын зерделеп, олардың мән-маңызын ашып көрсету және мемлекеттің идеологиялық жұмысында сабақтастық бар-жоғын айқындау. Осыған орай мынадай міндеттер белгіленді: идеологиялық тұжырымға анықтама беру; Қазақстанда мемлекеттік деңгейде дәріптелген тұжырымдардың мазмұнына талдау жасау; идеологиялық жұмыста сабақтастық бар-жоғын саралау.

Зерттеу әдісі

Мақалада негізінен ресми құжаттарға, Тұңғыш Президенттің және Мемлекет басшысының сөйлеген сөздеріне, халыққа жолдауларына контент талдау және салыстырмалы талдау жасалды. Бірқатар шетелдік және Қазақстан ғалымдарының идеология туралы ой-пікірлері жарияланған еңбектері пайдаланылды. Сондай-ақ кейбір ұлттық интеллигенция өкілдерінің идеологиялық жұмысқа арқау болған тұжырымдары сараланды. Бұдан бөлек, идеологиялық тұжырымдар туралы ой қорыту үшін индукция және дедукция әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім

Жалпы, «идеология» деген терминді ғылыми айналымға шамамен XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында француз ойшылы Антуан Дестют де Траси енгізді [1]. Ғалымдар бұған қатысты күмән келтірмейді. Дестют де Траси және бірнеше француз ғалымы «идеялар туралы ілім» қалыптастыруға тырысты. Осы ретте, олар барлық әлеуметтік ғылымдардан жоғары тұратын және соның бәріне теориялық негіз болатын ғылым қажет деп санады. Оны «идеология» деп атауды ұсынды. Дестют де Траси «идеология идеялар туралы ғылым ретінде адамның ойлау жүйесін зерттеп, ненің ақиқат, ненің жалған екенін анықтай алады, шынайы өмірді дұрыс бағамдап, адамдарға не қажет екенін айқындайды және сол арқылы қоғамдағы түйткілді мәселелерді шешуге мүмкіндік береді» деп пайымдады [2]. Ол не себепті кейбір идеялар қоғамға ықпал етеді, ал кейбір идеялар ешқандай қызығушылық тудырмайды деген сұраққа жауап іздеді. Е.Маслованың пікірінше, ғылыми әдістемелік негіздемесі әлсіз болғандықтан және шынайы өмірмен сабақтаспағандықтан, «идеялар туралы ілім» дербес ғылым ретінде мойындалмады [3, 111]. Тіпті, де Трасидің және оның серіктестерінің пайымдары қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік сипаты бар нақты түйткілдеріне еш қатысы жоқ деген пікір айтылады. Францияның сол кездегі басшысы Наполеон Бонопарт та «идеологтар» мектебінің өкілдерін, соның ішінде, Дестют де Трасиді либералды көзқарастары үшін қатты сынады.

XIX ғасырдың екінші жартысында идеология сөзін Карл Маркс пен Фридрих Энгельс кеңінен пайдаланды. Олар идеология ұғымын қайта ой елегінен өткізіп, оның мән-маңызын таптық күрес тұрғысынан түсіндіруге талпынды [4]. Марксизм ілімі идеологияны буржуазияның құралы ретінде сипаттады. Саяси идеологияның басты функциясы қоғамдық сананы жаулау деген пікір қалыптастырды.

Идеология терминінің ғылыми айналымға енуі және қолданылу барысына назар аударсақ, оған әр кезеңде түрлі көзқарас болғанын аңғарамыз. Мысалы, XX ғасырдың басында бірқатар елде (Италия,

Германия, Кеңес Одағы) тоталитарлық режимнің күшеюіне, әсіре ұлтшылдықтың дәріптелуіне байланысты идеология ұғымы жағымсыз сипатқа ие болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ пен КСРО арасындағы текетірес те идеологиялық қарама-қайшылыққа негізделгені белгілі. Либерализм мен коммунизм идеологиясы әлем елдерін екіге бөліп, әрқайсысы өз құндылықтарын таратуға тырысты. В.Хмылев атап өткендей, идеология және ғылым, идеология және ақиқат, идеологияның мән-маңызы сияқты мәселелерге К.Маркс, М.Вебер, Э.Дюркгейм, О.Конт, К.Манхейм, Р.Мертон, Д.С.Милль, В.Парето, Т.Парсонс, Г.Спенсер, М.Шелер және басқа да зерттеушілер қызығушылық танытып, еңбектеріне арқау етті [5].

Ожеговтың түсіндірме сөздігінде «идеологияға» *«нақты бір әлеуметтік топтың, таптың, саяси партияның, қоғамның көзқарастар, идеялар жүйесі»* деген анықтама берілген [6]. Ал, Кэмбридж сөздігі идеологияны *«саяси жүйеге, саяси партияға немесе ұйымға арқау болған наным-сенім немесе қағидаттар жиынтығы» («a set of beliefs or principles, especially one on which a political system, party, or organization is based»)* деп түсіндіреді [7].

Бұл мақалада автор идеологиялық тұжырымды мемлекеттік деңгейде қалыптасқан, белгілі бір тәртіпті нығайтуды немесе оны өзгертуді, дәстүрлі немесе жаңа құндылықтарды дәріптеуді және соларқылы қоғамды ұйыстыруды, ортақ іске жұмылдыруды көздейтін әлеуметтік-саяси мәні бар идеялар, көзқарастар, қағидаттар жүйесі ретінде қарастырады. Осы ретте, Д.Жовтунның *«идеология – адамның әлеуметтік-саяси қызметінің өнімі, руханияттың және мәдениеттің бір бөлігі»* деген ой-тұжырымымен де келісуге болады [8]. Жалпы, идеологиялық тұжырымдардың қоғамда атқаратын бірнеше функциясы бар. Бұл – халықты біріктіру, жұмылдыру, жұртқа бағыт-бағдар көрсету, белгілі бір іс-әрекетке мотивация беру, ынталандыру, құндылықтар жүйесін қалыптастыру және т.с.с. Шын мәнінде, бұлардың қай қайсысы да – қоғам үшін пайдалы функциялар. Сондықтан идеологиялық тұжырымдар мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөл атқарады.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін қоғамдық өмірдің барлық саласында тың өзгерістерге жол ашылды. Ішкі және сыртқы саясатты дербес жүргізуге мүмкіндік туды. Ұлттық мүддеге сай келетін идеологиялық жұмысқа да баса мән берілді. Әрине, бастапқы кезеңде билік институттарын қалыптастыру, нарықтық экономикаға көшу, қоғамдық келісімді сақтау сияқты міндеттер тұрды.

Осы ретте 1992 жылғы 16 мамырда қабылданған Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясын ерекше атап өткен жөн. Бұл құжаттың идеологиялық сипаты болғаны анық. Онда жаңа мемлекетті дамытудың бағыт-бағдары, бірінші кезекте, орта және ұзақ мерзімді кезеңде атқарылуға тиіс міндеттер белгіленді. Осы стратегияда *«нақты мақсатсыз адамдар да, билік құрылымдары да, тіпті қоғам да өмір сүре алмайды. Асқақ арманы жоқ адамды күнделікті күйбең тіршіліктің тауқыметі, бір сәттік пайда табуды ғана көздейтін материалдық мүдде арбап алады. Соның салдарынан қоғам күйзеліске ұшырайды. Мұны болдырмау үшін бізге Қазақстан қоғамын дамытудың*

нақты тұжырымдамасы қажет» деп көрсетілді [9].

Бір сөзбен айтқанда, бұл құжат Қазақстанның стратегиялық мақсаттарын және алдағы даму бағдарын айқындады. Сондай-ақ саяси, экономикалық және әлеуметтік саладағы өзекті мәселелерді қамтыды. Онда **этносаралық татулық пен келісім** негізгі идеологиялық тұжырым ретінде көрініс тапты. Шын мәнінде, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары түрлі этнос өкілдері тұратын Қазақстан үшін ішкі тұрақтылықты сақтау ең маңызды міндеттің бірі болды. Бұл міндет бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Тіпті, 1990 жылдардың басында кейбір сарапшылар, соның ішінде шетелдің белгілі ғалымдары (мысалы, З.Бжезинский) Қазақстанның этносаралық татулықты, бейбіт өмір мен тыныштықты сақтап тұра алатынына күмәнмен қарағаны белгілі. Әрине, мемлекет тарапынан қоғамдық келісімді сақтау үшін көп жұмыс атқарылды. Билік этносаралық қақтығыстың алдын алуға баса мән берді. 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылып, бірте-бірте конституциялық мәртебеге ие болуы – соның бір ғана дәлелі.

Бұдан бөлек, мемлекеттік билік этносаралық татулық пен қоғамдық келісімге негізделіп, «Ел бірлігі», «Қазақстан халқының бірлігі» деген тұжырымдарды кеңінен дәріптеді. Оны жұрттың санасына сіңіруге тырысты. 2010 жылы «Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы» – осы жолда қабылданған тағы бір маңызды құжат [10]. Татулық пен бірлік – қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштықтың кепілі. Бұл тұжырымдар мемлекет тұғырын нығайту үшін ауадай қажет. Сол себепті олар стратегиялық құжаттарда көрініс тауып, жан-жақты насихатталып келеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған тағы бір идеологиялық тұжырым – **күшті президенттік республика құру** идеясы. Бұл тұжырым Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заңда, Конституцияда көрініс тапты. Әр жылдары түрлі деңгейде өткізілген ресми жиындарда да осы идея кеңінен насихатталды. Мысалы, 1993 жылғы 11 мамырда Алматыда мемлекеттің идеологиялық қызметінің мәселелеріне арналған «Бірігу, қоғамдық прогресс және әлеуметтік серіктестік» атты республикалық кеңес өтті. Осы басқосуда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев идеологиялық жұмыстың бағыт-бағдары туралы баяндама жасап, мемлекеттілікті нығайту үшін күшті президенттік басқару нысаны қажеттігіне ерекше тоқталды [11]. Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары билік институттарын қалыптастырып, нарықтық экономикаға көшу және саяси тұрақтылықты сақтап, барлық саланы ретке келтіру үшін мұндай басқару тәсілі ауадай қажет болды. Қоғам шұғыл әрі батыл қимылдайтын басшыға үміт артты. Сол себепті күшті президенттік билікке қолдау көрсетті. Жалпы, мемлекет басқару ісінің теориясына жүгінсек, биліктің беделді және күшті болуы, әсіресе, өтпелі кезеңде өте маңызды. Әйгілі италиялық ойшыл Никколо Макиавеллидің «Государь» атты еңбегіндегі тұжырымдар соған айқын дәлел [12].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та 2019 жылдан бері «Күшті президент» тұжырымын дәріптеп келеді. Осы ретте, ол «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа

алу қажеттігін бірнеше рет атап өтті. Мұны алғаш рет 2019 жылы сайлау алдындағы бағдарламасында, Қазақстан халқына жолдауында мәлімдеді, сондай-ақ 2022 жылғы наурыз және қыркүйек айларындағы жолдауларында, бірқатар жиындарда (*мысалы, 2022 жылғы 27 қыркүйекте Түркістан облысы жұртышылығымен кездесуде*) қайталап айтты [13, 14, 15]. Қ.Тоқаев бұл қағидат мемлекет тұрақтылығының негізі саналатынына назар аударды. Ол күшті президенттік билікпен қатар, жоғары өкілді органның ықпалын және атқарушы биліктің жауапкершілігін арттыруға баса мән берді. 2022 жылғы маусымда Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін өткізілген республикалық референдум осы бағытта жасалған маңызды шара болды. Жаңарған Ата заңға сәйкес Президенттің бірқатар өкілеттігі Парламентке және Үкіметке беріліп, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік-тежемелік жүйесі нығая түсті.

Қазақстанда 2019 жылдан бері қолға алынған саяси реформа қоғамды демократияландыруға, мемлекет басқару ісіне азаматтардың кеңінен қатысуына жол ашты. Бұл үдеріс біртіндеп қарқын алып келеді. Осы ретте, **халық үніне құлақ асатын мемлекет** тұжырымдамасы айрықша рөл атқаратынын атап өткен жөн. Бұл идеологиялық тұжырым алғаш рет Президенттің 2019 жылғы қыркүйектегі жолдауында жария етілді. Оны уақыт талабынан туындаған идеологиялық тұжырым деуге болады.

Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік органдардың жұмысына қатысты сын көп айтылып, азаматтардың билікке деген сенімі азайғаны жасырын емес. Шенеуніктер жұрттың мұң-мұқтажына құлақ асып, нақты мәселелерді шешудің орнына, жеке басын көбірек ойлайтын ахуал қалыптасты. Бір сөзбен айтқанда, лауазым иелерінің көпшілігі мемлекеттің, халықтың мүддесін бәрінен жоғары қойып, жұртқа қызмет етуді басымдық санамайтын болды. Мұндай жағдай мемлекеттігімізге зор қауіп төндіретіні анық. Сол себепті мемлекеттік қызметшілерден халық үніне құлақ асуды талап ету дұрыс. Түптен келгенде, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының өзегінде азаматтардың мүддесі тұр. Барлық құзырлы органдар мен лауазым иелері, ең алдымен, халыққа қызмет етуге тиіс. Азаматтар шешім қабылдау үдерісіне ықпал ете алуы керек. Көпшіліктің мүддесін қамтитын кез-келген шешімді қабылдауға азаматтардың атсалысуына мүмкіндік берілуі қажет. Сол арқылы билік пен қоғам арасында түсіністік болады, өзара сенім, тұрақтылық пен береке-бірлік нығая түседі.

Ашығын айтқанда, халық үніне құлақ асуды, ең алдымен, мемлекеттік қызметшілер жете ұғынуға тиіс. Олар бүкіл мемлекеттік аппарат халықтың игілігі үшін құрылғанын санаға сіңіріп, адал жұмыс істеуі керек. Бұл тұжырым биліктің ауыл мен ауданнан бастап, орталыққа дейінгі барлық деңгейін қамтиды және оның жалпыұлттық сипаты бар. Сондай-ақ осы идеологиялық тұжырым әкім-қараларға, шенеуніктерге бастық ретінде қарауды, оларды көпшіліктен жоғары қоюды доғару үшін өте маңызды. Өкінішке қарай, қолына билік тиген адамның адамгершілік қасиеттерді сақтауы, кез келген жағдайда әділ болуы сирек кездесетін құбылысқа айналды. Тәкаппарлық пен менмендік, мансапқұмарлық мемлекеттік қызметшілерді тура жолдан тайдырмас үшін әрдайым халық үніне құлақ асу қажеттігін ұмытпауға тиіс.

Мемлекет идеологиялық жұмыста қоғамды ортақ мақсатқа ұйыстырып, белгілі бір міндеттерді шешуге жұмылдыруға және сол арқылы елдің әлеуетін арттыруға жағдай жасауға тиіс. Осы ретте, Қазақстанда насихатталған тағы бір бастама – **интеллектуалды ұлт** тұжырымдасы.

XXI ғасырда әлемде білім мен ғылымның, жаңа технологияның маңызы арта түсті. Мемлекеттер мен халықтар арасындағы бәсекелестікте озық ойға, тың идеяға, креативке, яғни жасампаздыққа басымдық беріле бастады. Өндіріс, ғылым, мәдениет және басқа да салаларда жаңа дүние ойлап табатын адамдардың еңбегі халықаралық деңгейде ерекше бағаланатын болды. Түрлі елдер бір-бірінен интеллектуалды жетістіктер, ақыл-ой арқылы басым түсетін заман туды. Міне, осы үрдістен қалып қоймай, халыққа тиісті бағыт-бағдар беру үшін «интеллектуалды ұлт» тұжырымдамасы пайда болды. Бұл – адам капиталын арттырып, ұлттың бәсекеге қабілетін күшейтуді көздейтін маңызды міндеттің бірі. Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ісінде білім беру жүйесі айрықша рөл атқарады. Осыған орай билік тарапынан бірқатар бастама қолға алынды. Мысалы, 2008 жылы Мемлекет басшысы «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасын қабылдауды ұсынды. Оның басты мақсаты – заман талабына бейімделген озық ойлы ұрпақ өсіру. Бұл – мазмұны және мән-маңызы тұрғысынан өте орынды идеологиялық тұжырым. Әсіресе, жастарды білім алуға, ғылыммен айналысуға, жаңашылдық пен жасампаздыққа жақын болуға үндейді. 2021 жылы Үкімет «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекітті. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы түрлі жиындарда интеллектуалды ұлт қалыптастыру қажеттігі туралы үнемі айтып келеді.

Интеллектуалды ұлт тұжырымымен үндесетін және ұлттың бәсекеге қабілетін арттыруды көздейтін тағы бір тұжырым – толық адам концепциясы. Бұл тұжырымға Президент Қ.Тоқаев 2020 жылғы қаңтарда жариялаған «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айрықша тоқталды. Ол *«Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін»,* - деп атап өтті [16].

«Толық адам» – терең философиялық, барша адамзатқа ортақ ұғым. Сократ, Платон, Аристотель, Әл-Фараби сияқты әлемге әйгілі ғұламалардың көпшілігі адам болуды, адамгершілік қасиеттерді дәріптегені белгілі. XX ғасырда өмір сүрген Иран ғалымы Мұртаза Мұтаххари толық адам ілімінің негізін Мұхаммад ибн әл-Араби (1165-1240 жж.) қалаған деп жазды [17]. Ибн әл-Араби – сопылық ілімнің ең танымал өкілінің бірі. Оның шығармашылығында «кемел адам» (әл-инсан әл-кәміл) тұжырымы елеулі орын алған. Сол сияқты ислам дінін, соның ішінде сопылықты кеңінен насихаттаған Қожа Ахмет Яссауи «толық адам» тұжырымына баса мән берген. Сопылық ілім «толық адамды» материалдық құндылықтарға еш қызықпайтын, тән құмарлығынан толығымен бас тартқан, рухани жағынан тазарған, кемелденген және өзін құдайға құлшылық етуге арнаған адам ретінде сипаттайды. Яғни, толық

адам ұғымы діннен бастау алады деуге болады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «толық адам» ұғымын Абай Құнанбайұлының ой-тұжырымдарымен байланыстыруы тегін емес. Ұлы ойшыл өлең жолдарымен, қара сөздерімен оның мән-маңызын түсіндіріп, жұртын рухани кемелденуге шақырды. Осы ретте, белгілі абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметов: *«Қазақ елінің мінез-құлқының бұзылуы – тікелей отаршылдық саясаттың нәтижесі екенін Абай білді. Білді де осы қасіреттің отына күйер елінің алдын алу үшін толық адам ілімімен емдеп, мінез-құлқын бұзылудан аман алып қалатын жолын іздеді. Бұл жол Абайды толық адам іліміне алып келді»*, – дейді [18]. Басқаша айтқанда, ХІХ ғасырда қазақ жерін отарлау үдерісі қарқынды жүріп жатқан кезеңде Абай «толық адам» ілімі арқылы халқына тура жол көрсетуге тырысқан. Ұлы ақынның *«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек»* [19, 93] деген өлең жолдары – соған бір дәлел. Абай «толық адам» тұжырымын діни көзқараспен ғана емес, әлеуметтік-мәдени тұрғыдан да сипаттаған. Яғни, адамның жаман әдеттерден арылып, жақсы қасиеттерді бойға сіңіруіне баса мән берген. Оның *«бес нәрседен қашық болуға, бес нәрсеге асық болуға»* үндеген сөздері де, түптеп келгенде, «толық адам» тұжырымының бір қырын ашады.

Сонымен, Орта ғасырларда негізі қаланған және неше ғасыр өтсе де сабақтастығын сақтаған «Толық адам» тұжырымы білім мен ғылымға, еңбек пен жасампаздыққа баса мән беріліп отырған қазіргі заманға да толық сай келеді. Бұл идеологиялық тұжырым қоғамда дұрыс құндылықтар орнықтыруға және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыруға септігін тигізері анық.

Қазақстандағы идеологиялық жұмысқа тың серпін берген бастаманың бірі – **Мәңгілік ел** тұжырымдамасы. Алғаш рет бұл идея 2012 жылы «Қазақстан – 2050» стратегиясында жария етілді. Бұл құжатта *«Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік ел» боламыз», «Мәңгілік ел болу жолындағы ұлы істеріміз жаңа дәуірлерге жол ашсын!»* деп көрсетілді [20].

Шын мәнінде, бұл – қазақ халқы тәуелсіз мемлекет ретінде мәңгі өмір сүрін деген арман-тілектен туындаған тұжырым. Оның жалпыұлттық идеяға, идеологиялық жұмысқа арқау болғаны тегін емес. Өкінішке қарай, төл тарихымызда қазақтың ұлт ретінде сақталуына қауіп төндірген кезеңдер аз болған жоқ. ХVІІ-ХVІІІ ғғ. Жоңғар шапқыншылығы, ХІХ ғасырда Ресей Патшалығының бодандау саясаты, ХХ ғасырда Кеңес Одағы құрамында болған кездегі орасан зор қиындықтар (*ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, қазақтың өз жерінде ашылыққа айналуы, ана тілімізге, ұлттық салт-дәстүрге төнген қауіп*) – соның айқын дәлелі. Міне, осындай қасіретті оқиғаларды бастан өткерген қазақ халқы Мәңгілік ел идеясын ерекше ықыласпен қабылдағаны анық. Жалпы, ғалымдар бұл идея тереңнен тамыр тартатындығы туралы айтады. Мысалы, Қ.Сартқожаұлы *«Мәңгілік ел – түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк негізін қалаған идея»* деген пікір білдірген [21, 21]. Ал, академик О.Ысмағұлов *«Мәңгілік ел» ұғымы еліміздің тарихында ежелден бар. Бұл термин Түркі қағанаты тұсында*

да қолданылған. Орхон ескерткіштерінде, Күлтегін жазбаларында да «Мәңгілік ел» сөзі ұшырасады. Демек, бұл кездейсоқ келген этнотермин емес» деп түйіндеді [22]. Түптеп келгенде, осы ой-пікірдің астарында қазақтың мемлекеттілік дәстүрі мыңжылдықтармен өлшенеді деген тұжырым тұр.

Қазақстан үшін Мәңгілік ел тұжырымдамасы сыртқы идеологиялық қысымға төтеп беру тұрғысынан да аса маңызды деп ойлаймыз. Әсіресе, соңғы кезде геосаяси ахуалға байланысты кейбір елдердің саясаткерлері тарапынан қазақта мемлекеттілік болған жоқ деген жаңсақ пікір айтыла бастағаны белгілі. Мұндай қасақана арандаушылық сипаты бар мәлімдемелерді болдырмау үшін Мәңгілік ел идеясының мән-маңызы мен мазмұнын шетелдіктердің де санасына сіңіру қажет. Қазақтың мемлекеттілік тарихы 1991 жылдан басталмайтындығын, оның тамыры тереңде жатқандығын жан-жақты насихаттау – идеологиялық жұмыстағы маңызды міндеттің бірі. Сондықтан бұл идеологиялық тұжырым күн тәртібінен түспеуге тиіс.

Соңғы жылдары билік тарапынан **Әділетті Қазақстан** тұжырымына баса мән беріліп отыр. Бұл идеологиялық тұжырымды Қ.Тоқаев халыққа жолдауларында, сөйлеген сөздерінде бірнеше рет айтты. Тіпті, 2022 жылғы 26 қазанда Президент сайлауына дайындық кезінде өткізілген республикалық қоғамдық штапта: *«Әділетті Қазақстанды құру – менің Президент лауазымында атқаратын басты миссиям. Бұл – бәрімізге ортақ жұмыс»* - деп атап өтті. Сонымен қатар 2022 жылғы 26 қарашада ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде: *«Біздің ортақ мақсатымыз – заң мен тәртіп үстемдік құратын, азаматтардың құқығына лайықты құрмет көрсетілетін Әділетті Қазақстанды құру»* - деді [23]. Мемлекет басшысы 2019 жылғы және 2022 жылғы сайлауалды бағдарламаларында да әділдікке және Әділетті Қазақстанды құруға баса назар аударды. Бұл – қоғамда көптен бері айтылып, көпшіліктің талабынан туындаған тұжырым.

Жалпы, әділдік, әділ шешім, әлеуметтік әділеттілік, әділ билік сияқты ұғымдардың демократиялы және ашық қоғам құруды көздейтін елдер үшін айрықша маңызы бар. Кейбір мемлекеттердің конституциясында осы ұғымдар нақты көрініс тапқан. Мысалы, Әзірбайжан, Беларусь, Жапония, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан және тағы басқа елдерде. Қазақстанның 1993 жылғы Конституциясында *«36-бап: Ешкімді де өз ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып, құзыретті, тәуелсіз және әділ соттың қарауы құқығынан айыруға болмайды», «96-бап: Сот билігі ... заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды»* [24] деп нақты жазылған болатын. Бірақ, еліміздің қазіргі конституциясында әлеуметтік әділдік, әділетті қоғам, әділ шешім туралы бірде-бір сөз жоқ. Мемлекет басшысы жариялаған Әділетті Қазақстан идеясы қоғамдық санада біржола орнығуы үшін бұл тұжырымды қолданыстағы Ата заңға да енгізу қажет деп санаймыз.

Шын мәнінде, әділдік идеясы қазақтың дүниетанымына таңсық емес. Халық арасында кең тараған *«Әкім әділ болмаса, халық бұзылады, сауда әділ болмаса, нарық бұзылады», «Байлық не керек, адалдан жимасаң, билік не керек, әділдік құрмасаң»* [25] деген мақал-мәтелдер – соның

айқын дәлелі. Қоғамда тұрақтылық пен береке-бірлік болуы үшін әділдік қағидатын қатаң ұстану керек. Әсіресе, ұлттық байлықтың әділ бөлінуі (мысалы, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ұсынған «Ұлттық қор – балаларға» атты бағдарлама), сот үкімдері мен шешімдерінің әділ болуы өте маңызды. Адам баласы қиындықтың небір түріне шыдауы мүмкін, бірақ әділетсіздікке төзбейді. Кез келген жұрт, түптің түбінде, әділеттілікті талап ететіні анық. Сондықтан мемлекеттің идеологиялық жұмысында әділдік қағидатының дәріптелуі өте орынды.

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Бұл – Конституцияда бекітілген тұжырым. Дегенмен, дін саласы әрдайым биліктің назарында болуы керек еді. Өкінішке қарай, елімізде осы мәселе бертінге дейін биліктің назарынан тыс қалып қойды. Соның салдарынан Қазақстанда түрлі бағыттағы, әсіресе, радикалды сипаттағы (салафизм, уаххабизм) діни ағымдардың пайда болғаны жасырын емес. Олар ел ішіне іріткі салып, қоғамның береке-бірлігіне және мемлекеттігімізге қауіп төндіруі мүмкін. Мұны белгілі ғалымдар, сарапшылар, дінтанушылар (мысалы, А.Айталы, F.Есім, Б.Сатеришинов, Қ.Жолдыбай, К.Тышқанұлы және т.б.) баспасөз бетінде де, түрлі басқосуларда да талай мәрте көтерді. Осы ретте, қоғамда дәстүрлі исламды насихаттау қажеттігі туралы жиі айтылады [26]. Яғни, идеологиялық жұмыста **дәстүрлі ислам** тұжырымына да басымдық берілуі қажет деп санаймыз. Әрине, оның нақты анықтамасы мен мазмұнын айқындау – дінтанушыларға артылатын міндеттің бірі. Түптеп келгенде, дін – мемлекеттіліктің тұғырын бекемдеп тұрған өте маңызды сала. Сондықтан, елімізде қазақтың дүниетанымына сай келетін, ұлттық құндылықтарға негізделген ислам діні дәріптелуге тиіс деп ойлаймыз.

Қорытынды

Қазақстанда тәуелсіздік жылдары пайда болған бірқатар идеологиялық тұжырымды жан-жақты зерттей келе, мынадай қорытындыға келдік.

Біріншіден, идеологиялық тұжырымдар ресми құжаттарда, Мемлекет басшысының сөйлеген сөздерінде, халыққа жолдауларында жария етілді. Мұндай тұжырымдар қоғамдағы береке-бірлік пен татулықты нығайтып, мемлекет тұғырын бекемдеу үшін қажет. Сондықтан олар бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихатталуы керек деп ойлаймыз.

Екіншіден, Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін мән-маңызын жоғалтпай насихатталып келе жатқан идеологиялық тұжырымдар да («этносаралық татулық пен келісім», «күшті президенттік республика»), уақыт өте биліктің назарынан тыс қалған («Мәңгілік ел») тұжырымдар да бар. Мәңгілік ел тұжырымы ішкі саясатта ғана емес, сыртқы саясатта да белсенді қолданылуға тиіс деп ойлаймыз. Бұл – Қазақстанның мемлекеттілік тарихы 1991 жылдан басталмайтынын, оның тамыры тереңде жатқанын аңғартатын тұжырым. Сондықтан оны мемлекеттік идеологиялық жұмыста қайта жандандырған жөн деп санаймыз.

Үшіншіден, кейбір идеологиялық тұжырымдар тәуелсіздік кезеңінде дәріптелгенімен, олардың тарихы ертеден басталады. «Мәңгілік ел», «Толық адам», «Әділетті мемлекет» – соның айқын дәлелі. Яғни, бұл жайт идеология мәселесінде сабақтастық бар екенін көрсетеді.

Төртіншіден, идеологиялық тұжырымдар ұлтты ұйыстыруға, ел бірлігін нығайтуға, қоғамда жақсы қасиеттер орнықтырып, жұртты заман талабына бейімдеуге, ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған. Осы ретте, Ұлы Абайдың «Толық адам» тұжырымы адам капиталын арттырып, ұлт сапасын жақсарту және сол арқылы мемлекет тұғырын бекемдеу үшін кеңінен дәріптелуі қажет.

Бесіншіден, билік идеологиялық тұжырымдарды жариялап қана қомай, қоғам мүддесіне сай келетін және тәжірибелік мәні бар нақты шаралар қабылдап жатыр. Мысалы, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Әділетті Қазақстан тұжырымы аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты тың бағдарлама ұсынды. Бұл – қоғамда әлеуметтік әділеттілікті нығайта түсуге септігін тигізетін игі бастама.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіз Қазақстанның идеологиялық тұжырымдары мемлекеттілікті сақтау және ұлт мүддесіне сай келетін саясат жүргізу ісінде өте маңызды рөл атқарады. Сондықтан оны қалыптастырып, дәріптеуге және қоғамда орнықтыруға мемлекеттік қызметшілер ғана емес, барша азаматтар, әсіресе, зиялы қауым атсалысуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дестют де Траси А. Основы идеологии. – М.: Академический проект, 2013 – 334 с.
2. Брандес М.Э. Идеология и миф: общие черты // Политическая наука. Политическая идеология в современном мире. 2003. №4. // [Url:https://cyberleninka.ru/article/n/ideologiya-i-mif-obshchie-cherty](https://cyberleninka.ru/article/n/ideologiya-i-mif-obshchie-cherty) (қаралған күні: 28.02.2023)
3. Маслова Е.А. Эволюция представлений об идеологии в политической науке // Вестник Нижегородского университета им. Н.И.Лобачевского, 2011. №6(1).
4. Маркс К., Энгельс Ф. Немецкая идеология. М.: Политиздат, 1988 – 571 с.
5. Хмылев В.М. Концепт идеологии и его интеграция в современную эпоху // Известия Томского политехнического университета. 2006. Т.309. №5 // [Url:https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-ideologii-i-ego-integratsiya-v-sovremennuyu-epohu/viewer](https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-ideologii-i-ego-integratsiya-v-sovremennuyu-epohu/viewer) (қаралған күні: 20.02.2023)
6. Ожергов С.И. Толковый словарь русского языка. 1948. Электронная версия: Slovarozhegova.ru/word.php
7. Cambridge Dictionary // [Url:https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english-russian/ideology](https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english-russian/ideology) (қаралған күні: 15.02.2023)
8. Жовтун Д.Т. Идеология: актуальные аспекты социологического анализа // Социология: Учебник / Под общ. Ред. В.З.Бойкова. М., 2004. – 367 с.
9. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. Алматы: «Дәуір», 1992 ж.
10. Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы, 2010 ж. // [Url:https://www.inform.kz/kz/kazakstannun-el-birligi-doktrinasy_a2263392](https://www.inform.kz/kz/kazakstannun-el-birligi-doktrinasy_a2263392) (қаралған күні: 17.02.2023)
11. Выступление Первого Президента РК Н.Назарбаева на республиканском совещании «К консолидации, общественному прогрессу, социальному партнерству»,

- Алматы, 11 мая 1993 г. // [Url:https://nazarbayev.kz/kk/kyzmetinin-hronikasy-26101721](https://nazarbayev.kz/kk/kyzmetinin-hronikasy-26101721) (қаралған күні: 25.02.2023)
12. Макиавелли Н. Государь. М., 2019.
13. Тоқаев Қ.К. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Қазақстан халқына жолдау. // [Url:https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdau](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdau) (қаралған күні:12.02.2023 ж.).
14. Тоқаев Қ.К. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы. Қазақстан халқына жолдау // [Url:https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdau-1622340](https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdau-1622340) (қаралған күні:12.02.2023 ж.).
15. Тоқаев Қ.К. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам. Қазақстан халқына жолдау // [Url:https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdau-181416](https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdau-181416) (қаралған күні:12.02.2023 ж.).
16. Тоқаев Қ. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // [Url:https://akorda.kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy](https://akorda.kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy) (қаралған күні:10.02.2023 ж.).
17. Мутаххари М. Совершенный человек в Исламе. Санкт-Петербург. 2008 – 202 стр.
18. Мырзахметұлы М. Абайтану – XXI ғасыр көгінде // [Url:https://abai.kz/post/41056](https://abai.kz/post/41056) (қаралған күні:02.02.2023 ж.).
19. Абай: өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 224 б.
20. «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. // [Url:https://akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs](https://akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs) (қаралған күні:02.02.2023 ж.).
21. Спартқожаұлы Қ. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы. Алматы, «Pride print» баспасы, 2013. – 108 б.
22. Ысмағұлов О. Бәйтерек түбіндегі басқосу. Мемлекеттігіміздің арқауы – Мәңгілік ел // «Астана ақшамы» газеті, 20 наурыз 2014 ж.
23. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың ұлықтау рәсiмiнде сөйлеген сөзi // [Url:https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulyktau-rasiminde-soylegen-sozi-26104659](https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulyktau-rasiminde-soylegen-sozi-26104659) (қаралған күні:03.02.2023 ж.).
24. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1993 жыл 28 қаңтар. Күші жойылған. // [Url:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K930001000](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K930001000) (қаралған күні:02.02.2023 ж.).
25. Бабалар сөзі: Жүзтомдық, – Астана: «Фолиант», 2010. Т.65.: Қазақ мақал-мәтелдері. – 488 б.
26. Елдің діни дінгері – дәстүрлі ислам // [Url:https://egemen.kz/article/147736-eldinh-dini-dinhgeri-%E2%80%93-dasturli-islam](https://egemen.kz/article/147736-eldinh-dini-dinhgeri-%E2%80%93-dasturli-islam) (қаралған күні: 16.02.2023).
27. Смирнова Е. Функции идеологии в современном обществе // [Url:https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-ideologii-v-sovremennom-obschestve](https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-ideologii-v-sovremennom-obschestve) (қаралған күні: 01.03.2023).

REFERENCES:

1. Destyut de Trasi A. Osnovy ideologii [Elements of Ideology]. – М.: Akademicheskij proekt, 2013 – 334 p.
2. Brandes M.E. Ideologiya i mif: obshchie cherty [Ideology and myth: common features]. Politicheskaya nauka. Politicheskaya ideologiya v sovremennom mire. 2003. No 4. // [Url:https://cyberleninka.ru/article/n/ideologiya-i-mif-obshchie-cherty](https://cyberleninka.ru/article/n/ideologiya-i-mif-obshchie-cherty) (accessed: 28.02.2023).
3. Maslova E.A. Evolyuciya predstavlenij ob ideologii v politicheskoy nauke [The evolution of ideas about ideology in political science]. Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N.I.Lobachevskogo, 2011. No 6 (1).
4. Marks K., Engel's F. Nemeckaya ideologiya [German ideology]. М.: Politizdat, 1988 – 571 p.
5. Hmylev V.M. Koncept ideologii i ego integraciya v sovremennuyu epohu [The concept of ideology and its integration in the modern era]. Izvestiya Tomskogo politekhnicheskogo universiteta. 2006. T.309. No5, // [Url:https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-ideologii-i-ego-integratsiya-v-sovremennuyu-epohu/viewer](https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-ideologii-i-ego-integratsiya-v-sovremennuyu-epohu/viewer) (accessed: 20.02.2023).
6. Ozhegov S.I. Tolkovij slovar' russkogo yazyka [Explanatory dictionary of the Russian language]. 1948. Elektronnaya versiya: Slovarozhegova.ru/word.php
7. Cambridge Dictionary // [Url:https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english-russian/ideology](https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english-russian/ideology) (accessed: 15.02.2023).
8. Zhovtun D.T. Ideologiya: aktual'nye aspekty sociologicheskogo analiza [Ideology: current aspects of sociological analysis]. Sociologiya: Uchebnik Pod obshch. Red. V.Z.Bojkova. М., 2004. – 367 p.

9. Strategiya stanovleniya i razvitiya Kazahstana kak suverenogo gosudarstva [The strategy of the formation and development of Kazakhstan as a sovereign state]. A., «Daur», 1992.
10. Kazakhstannyn El birligi doktrinasyny [The doctrine of national unity of Kazakhstan]. 2010. // [Url:https://www.inform.kz/kz/kazakhstannyn-el-birligi-doktrinasyny_a2263392](https://www.inform.kz/kz/kazakhstannyn-el-birligi-doktrinasyny_a2263392) (accessed: 17.02.2023).
11. Vystuplenie Pervogo Prezidenta RK N.Nazarbaeva na respublikanskom soveshchani «K konsolidacii, obshchestvennomu progressu, social'nomu partnerstvu» [Speech by the First President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev at the republican meeting "Towards consolidation, social progress, social partnership"]. Almaty, May of 11, 1993. [Url: https://nazarbayev.kz/kk/kyzmetinin-hronikasy-26101721](https://nazarbayev.kz/kk/kyzmetinin-hronikasy-26101721) (accessed: 25.02.2023).
12. Makiavelli N. Gosudar'. [The Prince]. M., 2019.
13. Toqaeu Q.K. Syndarly qogamdyq dialog – qazaqstannyn tyraqtylygy men orkendeuinin negizi. Qazaqstan halqyna zholdau [President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address. Constructive Public Dialogue - The Basis of Stability And Prosperity Of Kazakhstan]. [Url:https://akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy](https://akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy) (accessed:12.02.2023).
14. Toqaeu Q.K. Zhana Qazaqstan: zhanaru men zhangyru zholy. Qazaqstan halqyna zholdau [President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address. New Kazakhstan: The Path of Renewal And Modernisation]. [Url:https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-1622340](https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-1622340) (accessed:12.02.2023).
15. Toqaeu Q.K. Adletti memleket. Birtutas ult. Berekele qogam. Qazaqstan halqyna zholdau [President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address. A fair state. One nation. Prosperous society]. [Url:https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-181416](https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-181416) (accessed: 12.02.2023).
16. Toqaeu Q.K. Abai zhane XXI gasyrdagy Qazaqstan [Abai and Kazakhstan in the 21st century]. [Url:https://akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakistan-atty-makalasy](https://akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakistan-atty-makalasy) (accessed:10.02.2023).
17. Mutahkhari M. Sovershennyj chelovek v Islame. Sankt-Peterburg [The Perfect Man in Islam]. 2008 – 202 p.
18. Myrzahmetuly M. Abaitanu – XXI gasyr koginde [Abai studies – in the 21st century]. [Url:https://abai.kz/post/41056](https://abai.kz/post/41056) (accessed:02.02.2023).
19. Abai: olender [Lyrics of Abai]. – Nur-Sultan: Foliant, 2019. – 224 p.
20. «Kazakhstan – 2050» strategy. [Url:https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs](https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs) (accessed: 02.02.2023).
21. Sartqozhauy Q. «MANGI EL» halyqaralyk gylimi kopshilik tarihi zhurnaly. ["Eternity country" journal]. Almaty: «Pride print», 2013. – 108 p.
22. Ysmagulov O. Baiterek tybindegi basqosu. Memlekettigimizdin arqayu – Mangilik el [The meeting at the Baiterek]. «Astana aqshamy» gazeti, 20 nauryz 2014.
23. Vystuplenie Glavy gosudarstva Kasym-ZHomarta Tokaeva na ceremonii inauguracii [Speech by President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev at the Inauguration ceremony]. [Url:https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulyktau-rasiminde-soylegen-sozi-26104659](https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulyktau-rasiminde-soylegen-sozi-26104659) (accessed:03.02.2023).
24. Konstituciya respubliki kazakhstan [Constitution of the Republic of Kazakhstan]. 28.01.1993. cancelled. [Url:https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K930001000_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K930001000_) (accessed: 02.02.2023).
25. Babalar sozi: Zhuztomdyk [The ancestry's words]. – Astana: «Foliant», 2010. T.65.: Qazaq maqal-matelderi. – 488 p.
26. Eldin dini dingegi – dasturli islam [he religious backbone of the country is traditional Islam]. [Url:https://egemen.kz/article/147736-eldin-dini-dingegi-%E2%80%93-dasturli-islam](https://egemen.kz/article/147736-eldin-dini-dingegi-%E2%80%93-dasturli-islam) (accessed: 16.02.2023).
27. Smirnova E. Funkcii ideologii v sovremennom obshchestve [Ideological functions in modern society]. [Url:https://cyberleninka.ru/article/n/funksii-ideologii-v-sovremennom-obshchestve](https://cyberleninka.ru/article/n/funksii-ideologii-v-sovremennom-obshchestve) (accessed: 01.03.2023).

Mukhit Assanbayev¹, Reuel Hanks²

¹ *Chief Expert, Kazakhstan institute for strategic studies under the President of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences (Astana, Kazakhstan),*

e-mail: assanbayev_m@kisi.kz

² *Professor of Geography, Oklahoma State University (Stillwater, Oklahoma, USA),*

e-mail: reuel.hanks@okstate.edu.

RELIGIOUS SYNCRETISM, SUFISM AND THE ROLE OF ISHANS IN NOMADIC KAZAKH SOCIETY

Abstract. The article investigates the influence of the natural-geographical environment of Kazakhstan on the process of rooting Sufi traditions and religious syncretism in the medieval nomadic Kazakh society. The article identifies the main routes of seasonal migration and specific features of the nomadic process in medieval Kazakh society and indicates the cause-and-effect relationship between the theory of geographical determinism and the spread and rooting of Sufi traditions in local culture.

Particular scientific attention in the article is paid to the phenomenon of the later Sufi tradition, known as “Ishanism”, which has been studied in this article in the context of the socio-political developments that took place in the nomadic Kazakh society of the early 18th - late 19th centuries. This gives an understanding of why the religious mission of the Ishans succeeded in the process of reintroducing the Kazakhs to Islamic traditions. Eventually it should be assumed that their religious and missionary activities lay on the fertile soil of the social and political realities, which had matured by that time among the nomadic Kazakh society and thus gave this process a powerful spiritual impulse and dynamics.

Keywords: *Kazakhstan, Central Asia, natural environment, Islam, Sufi traditions, nomadic Kazakh society, ishans.*

Мұхит Асанбаев, Руэлл Хэнкс

ДІНИ СИНКРЕТИЗМ, СОПЫЛЫҚ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ИШАНДАРДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада қазақтардың ортағасырлық көшпелі қоғамындағы сопылық дәстүрлер мен діни синкретизмнің тамырласу үдерісіне Қазақстанның табиғи-географиялық ортасының қалай әсер еткендігі зерттелген. Мақалада ортағасырлық қазақ қоғамындағы маусымдық көші-қонның негізгі бағыттары мен көшпелі процестің өзіндік ерекшеліктері айқындалып, географиялық детерминизм

теориясы мен жергілікті мәдениеттегі сопылық дәстүрлердің таралуы арасындағы себеп-салдарлық байланыс анықталған.

Мақалада XVIII ғасырдың басы мен XIX ғасырдың аяғындағы көшпелі қазақ қоғамының қоғамдық-саяси дамуы контекстінде зерттелетін «Ишанизм» деп аталатын кейінгі сопылық дәстүр құбылысына ғылыми назар аударылады. Ишандардың діни миссиясының қазақтардың исламдану процесіне нәліктен ықпал еткендігі айқындалған. Сондай-ақ, аталмыш жұмыста ишандардың діни-миссионерлік қызметінің көшпелі қазақ қоғамында нығаюына сол кездегі әлеуметтік-саяси процестердің орын алуынан екендігі көрсетіліп, бұл процеске қуатты рухани серпін берілуі зерттелген.

Түйін сөздер: Қазақстан, Орталық Азия, табиғи орта, ислам, сопылық дәстүрлер, көшпелі қазақ қоғамы, ишандар.

Мухит Асанбаев, Руэлл Хэнкс

РЕЛИГИОЗНЫЙ СИНКРЕТИЗМ, СУФИЗМ И РОЛЬ ИШАНОВ В КОЧЕВОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация. В статье исследовано влияние природно-географической среды Казахстана на процесс укоренения суфийских традиций и религиозного синкретизма в средневековой кочевой среде казахов. В статье выявлены основные маршруты сезонной миграции и специфические черты процесса кочевания в средневековом казахском обществе с указанием причинно-следственной взаимосвязи между климатическим фактором и распространением суфийских традиций в местной культуре.

Внимание в статье уделено также феномену позднейшей суфийской традиции, известной как «ишанизм», которая в данной статье изучена в контексте социально-политического развития кочевого казахского общества начала XVIII – конца XIX веков, что дает понимание того, почему религиозная миссия ишан способствовала процессу практически повторной исламизации казахов. Следует исходить из того, что религиозно-миссионерская деятельность ишанов легла на благодатную почву социальных и политических процессов того времени, что придало этому процессу мощный духовный импульс и динамику.

Ключевые слова: Казахстан, Центральная Азия, природная среда, ислам, суфийские традиции, кочевое казахское общество, ишаны.

Introduction

In recent years a number of studies and publications have appeared on the topic of strengthening Islam in the nomadic Kazakh society after the Kazakh lands became part of the Russian Empire in the early nineteenth century. Some scholars claim that the strengthening of Muslim religious traditions and institutions among the Kazakhs was due to “external conditions” [Weller, 2014]

which refers to the influence of institutional and educational initiatives taken by Tsarist Russia to regulate religious issues in nomadic Kazakh society. This period is characterized as the era of a new form of state-religious interaction in Kazakhstan and is presented by many researchers of this topic as “Islamic revival” or “Islamic transformation” [see Olcott, 1995; Frank, 2003].

Аннотация. Социологические исследования сельской молодежи последних нескольких лет представляют возможность для подробной и критической интерпретации результатов этих исследований. Настоящая статья анализирует и обобщает разрозненные материалы исследований и интерпретирует их в контексте глубинных интересов сельской молодежи и населения села южных регионов Республики Казахстан. Автор обращает внимание на необходимость более детальных исследований сельской молодежи и исследований качественных показателей характерных для сельской молодежи. Существующий уровень исследований необходимо дополнить и расширить для более качественной выработки рекомендаций по развитию сельской молодежи, села и сельского хозяйства.

Ключевые слова: *сельская молодежь, южные регионы, социологические исследование, проблемы, развитие.*

Meruyert Tulebayeva RURAL YOUTH IN THE SOUTHERN REGION OF RK: AN ANALYTICAL REVIEW OF SOCIAL RESEARCH

Absrtact. Sociological studies of rural youth for the last recent years represent an opportunity for detailed and critical interpretation of results of those studies. This article analyzes and generalizes scattered materials of research and interprets them in the context of interests of rural youth and population of the country of Southern regions of the Republic of Kazakhstan. The author pays attention to the necessity of more detailed research of rural youth and studies of qualitative indicators inherent for rural youth. Existing level of studies needs to be added and broaden for mire qualitative making recommendations on development of rural youth, the country and agriculture..

Keywords: rural youth, southern regions, sociological research, problems, development.

Кіріспе

Елімізде кейінгі жылдары жастар мәселесі тақырыбында жүргізілген көптеген әлеуметтік зерттеулер ауыл жастарының жай-күйі мен болашағы туралы талдау мен ұсыныстар әзірлеуде негізгі зерттеу көзі болып табылады.

Қазір қолда бар статистикалық мәлімет қорын, жаппай сауалнама нәтижелері мен терең сұқбатты талдау ауыл жастары арасында қалыптасқан жасырын паттерндік заңдылықтарды алдын алуға мүмкіндік береді. Осындай келеңсіз мәселені ерте бастан анықтау ауыл жастарының дамуына оң ықпал етіп ғана қоймай, олар үшін өзекті мәселені дер кезінде тиімді шешу жолын тауып және жаңадан туындайтын мәселенің алдын алуға көп септігін тигізеді.

Ауыл жастары заманауи қауіп-қатерлерге тез ұшырайтын осал әлеуметтік топтың бірі екені ақиқат. Оларға өзіндік ерекшелік, талап пен талғам, қажеттілік, сондай-ақ өзіндік даму жолы тән. Әрине ауыл жастарынан мемлекеттік саясаттың бір бағыты жастар саясатының аясында жүзеге асуы тиіс ұстанымдар күтілетіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы 3-бабына сәйкес «Мемлекеттік жастар саясатының мақсаты жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби және дене бітімінің толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау болып табылады» [1] деп айқындалған.

Бірақ мемлекеттік жастар саясатының мақсаты заңда осылай тайға таңба басқандай жазылғанымен, кейбір жағдайда заң бойынша саяси тетіктер алға қойған мақсатқа қол жеткізуде кепілдік бола алмай жатады. Жастар саясатын жүзеге асыру тетіктерін жетілдіруде жастар бойынша жүргізілген әлеуметтік зерттеулер жастар мәселесін тереңірек түсініп, жастар саясаты туралы мемлекеттік саясаттың бағытын анықтауға және оны тиімді етуге, ықтимал қателіктер мен тәуекелдерді алдын алуға мүмкіндік береді.

Жалпы елдің дамуы мен болашағына кедергі болатын кез келген қоғамдағы келеңсіз жағдайлар мен қателікті дер кезінде анықтау, әсіресе мемлекет болашағының негізі болып табылатын жастарды жіті назарда

ұстау өте маңызды. Осы ретте жастарға қатысты жүргізілетін әлеуметтік зерттеу нәтижелерінің сапасына талап жоғары болуы қажет.

Ауыл жастарын зерттеу туралы сөз еткенде оның әр түрлі аспектілеріне және ең алдымен заңнамада көрсетілген мемлекеттік жастар саясатының мақсатына баса назар аудару ләзім, алайда осы салада жүргізіліп жатқан зерттеулер жастар туралы маңызды мәселенің толық жиынтығын қамти алмайды. Мәселен, қазақстандық әртүрлі зерттеушілердің диссертациялар мен монографиялар аясында Қазақстанның жастар саясатына немесе оның жекелеген аспектілеріне арналған. Еліміздегі аймақ жастарын зерттеуге қатысты мысалы, Д.Н.Шайкиннің «Қазақстан Республикасында жастар еңбегін пайдаланудың әлеуметтік-экономикалық аспектілері: Солтүстік Қазақстан облысы мысалында» атты диссертациясын [2] зерттеуші Солтүстік Қазақстан облысы мысалында бір әлеуметтік лифтінің даму аспектілерін қарастырады. Осы уақытқа дейін ауыл жастарының әлеуметтік жай-күйі туралы бірде-бір диссертациялар жазылмаған. Осы уақытқа дейін аймақтағы ауыл жастарын әлеуметтік лифт тетіктері арқылы бейімдеу мен интеграциялауға арналған бірде-бір зерттеу жүргізілмеген.

Ауыл жастары туралы зерттеу жүргізгенде нақ осы мәселеде тиімді саясатты қалай қалыптастырып жүргізе аламыз, қоғам мен мемлекет үшін жағымсыз салдар мен нәтижелерге жол бермеу үшін тиімді тәсіл қандай екеніне қол жеткізу маңызды, себебі жастар - әлеуметтік протест пен өзгерістердің басты факторы, урбандалу деңгейі тым күшейіп келе жатқан ауыл жастарын тиімді тетіктер арқылы қалалық өмірге бейімдеу мен шоғырландырудың орасан маңызы бар. Кеше «Қаңтар оқиғасы» кезінде әлеуметтік күші ауыл жастары болғаны анық, себебі ауылдан келіп қалада өз орнын таппай жүрген ауыл жастары арасында наразылық әлеуеті жоғары.

Сондықтан, жастар ең көп шоғырланған оңтүстік аймақтағы ауыл жастарының урбандалуын бейімдеуге қатысты әлеуметтік зерттеулер аса қажет, ауыл жастары мәселесін назардан тыс қалдыруға болмайды, қоғам үшін аса маңызды мәселе екені анық.

Жалпы жастарды зерттеу мынадай бірқатар мәселелерді қамтиды: экономикалық жағдай, әлеуметтік жағдай, жұмыспен қамту, білім, қоғамдық өмірге қатысу және демалыс уақытын өткізу.

Аталмыш зерттеу қолжетімді әлеуметтік зерттеулерге сүйене отырып Қазақстан Республикасының оңтүстік аймақтағы ауыл жастары туралы мәліметтерді талдау, сондай-ақ оларға жаңа түсіндірме беру сияқты мақсатты қойып отыр. Сонымен бірге, осы мақала жоғарыда көрсетілген саладағы әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін талдауға және қорытындылауға деген талпыныс болып табылады.

Зерттеу әдістері

Мақалада Қазақстан Республикасының оңтүстік аймақтағы ауыл жастарына арналған бірқатар әлеуметтік зерттеулерге талдау жүргізіліп қорытынды жасалады. Бұл жұмыста әлеуметтік зерттеудің негізгі және қосымша


деректер жиынтығы қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері сыни түйсіну, салыстырмалы талдау тұрғысынан қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қазіргі ҚР жастары туралы жалпы сипаттама

Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы қаңтар айында алынған мәліметіне сәйкес Қазақстан Республикасы халық саны -19 854 083 адамды құрады. Оның ішінде жастар саны 5 726 629 адам, бұл өз кезегінде мемлекет халқының жалпы санының 28,84 пайызы, оның ішінде қала жастары - 3 560 613 адам (17,94%), ауыл жастары - 2 166 016 адам (10,90%) [3].

Халықтың үштен бір бөлігі 14 пен 35 жас арасындағы жастар, басым бөлігі қала жастары, ал ауыл жастары халықтың жалпы санының оннан бір бөлігін құрайды. Төмендегі ҚР оңтүстік аймақтағы ауыл жастары бойынша мәлімет [3].



1-сурет. ҚР оңтүстік аймақтағы ауыл жастары бойынша мәлімет

Қарап отырсақ бұл мәлімет мемлекетте басқа өңірге қарағанда жастардың басым бөлігі оңтүстік аймақта екенін тағы да дәлелдейді. Түркістан және Алматы облыстары ауыл жастарының саны бойынша көш бастап тұрса, жастардың ең аз үлесі елдің солтүстігінде. Алматыдағы жастар саны тек бала туу ғана емес, өзге өңірлерден ішкі көші-қон есебінен де өсуде. Тағы бір назар аударарлық қарастырып отырған облыстарда еркек саны әйелдерден артық.

Ауылда өмір сүру салтының қалалық ортаға қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар. Қалалық ортада өмір сүрудің түбегейлі артықшылығы жастар үшін әлеуметтік лифтің айтарлықтай санының бар болуы және қолжетімділігі, ал өз кезегінде ауыл жастары осындай артықшылыққа ие емес және сол себептен олар өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында қалаларға көшуге мәжбүр.

Көптеген зерттеушілер ауыл жастарының басты мәселесі: қала мен ауыл жастарына мемлекет беріп отырған мүмкіндіктер арасындағы алшақтық инфроқұрылымды дамыту, сапалы білім мен медицинаның қол жетімділігі, жемісті еңбек ету, демалыс пен бос уақытты пайдалы өткізуді ұйымдастыру және тағы да басқалар жатады [4].

Кейінгі үш жыл көлемінде өзінің қалалық замандастарымен салыстырғанда ауыл жастары қосымша білім алумен аз қамтылған күйде қалып отыр. Сонымен бірге 2020-2021 жылдары COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтан оқыту формасына көшу қала мен ауыл арасында айтарлықтай цифрлық алшақтық барын көрсетті. Интернет жылдамдығының баяулығы, оқушылардың компьютерлік техникаға қол жеткізуінің әркелкі болуы, қашықтан оқыту форматына педагогтердің дайын болмауы сияқты мәселелер де сақталуда [4].

Орта және жоғары оқу орынында білім алып маман болып қалыптасу тек қалалық жерде ғана орын алады.

Сарапшылардың ұсыныстары бойынша ауылмен қала арасындағы алшақтықты төмендету үшін алдымен материалдық, ақпараттық, инфрақұрылымдық және білім беру саласындағы теңсіздікті жою керек [5].

Жалпы жастар туралы айтқанда, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымға қатысты мынандай негізгі бағытты бөліп көрсеткен абзал.

Бірінші кезекте жалпы жастардың ең басты мәселесін анықтап шешу жолдарын табу, яғни ауылдық және қалалық жастардың әрқайсысын бөліп қарастыру.

Екінші кезекте, жастардың қазіргі қажеттілігі мен әсіресе болашағына қатысты мәселеге көңіл бөлу.

Бірақ үнемі бірінші немесе екінші кезектегі мәселе бірі бірімен қабыспай жатады, бірақ міндетті түрде өзара тығыз байланысты. Егерде әспеттеп айтар болсақ, бірінші кезектегі мәселе «орт сөндіруші» болса, екінші кезек жастар үшін джарқын болашақ қалыптастыру.

Қолжетімді әлеуметтік зерттеулер әрбір өңірдің егжей-тежейлі мәліметін толық бере алмайды, олар жалпылық сипатта еліміздің барлық жастарын ауылдық және қалалық деп қамтиды.

Сарапшылар сұқбатына сәйкес оңтүстік аймақта өзіне тән дәстүрлі өмір сүру салтына сай өзіндік өмір сүру заңдылықтары қалыптасқа [5].

Экономикалық жағдай

Ауыл жастарының кіріс мен шығыс критерийлерін бағалауда респонденттің 6,2% ауыр қаржылық қиындықтарды бастан кешіретінін, 47,5% тек ең қажетті тауарларды сатып алатынын және қаражаты айтарлықтай шектеулі екенін, 34,6% табысы орташа және 8% ешқандай қаржылық қиыншылық көрмейтінін атаған [4].

Ары қарай сауалнамаға қатысушының 47,5% өз шығынын тек аса қажеттілікпен ғана шектеуге мәжбүр, оларда тіпті базалық тұрмыстық техника алу мүмкіндігі жоқ. Бұл ауылдық жердегі жастардың жартысына

жуығы жайлы өмір үшін қаражат жетіспеушілігін сезінуде дегенді білдіреді. Олардың ең қажетті қаржылық міндеттемені төлеуге қауқарсыздығы табыстың төмен деңгейі мен жұмыссыздықтан хабар береді. Ешқандай қаржылық мәселе жоқ деп нық айтып отырған жастар үлесі небәрі 8,8 пайызды ғана құраған [4].

Мұндай зерттеу нәтижелері алдымен кедейшілік болашақта шешім күтуді қажет ететін өте өекті мәселе екенін, сонымен бірге ауыл жастары арасында кедейшілік әлі де басты проблеманың біріне айналып отырғанын көре аламыз. Себебі әлі де жастардың біраз өмір сапасын жақсарту үшін ешқандай шара қолданбайтыны өкінішті.

«Сауалнамаға қатысқандардың көбінде (78,5%) компьютер немесе ноутбук бар, бұл осы аудиториядағы жоғары цифрлық сауаттылық пен ақпараттық технологияның қолжетімділігінен хабар береді. Бұл онлайн форматта өзін-өзі дамыту мен оқытуға мүмкіндіктің молдығын, сонымен бірге кәсіби және жеке өсу үшін ақпараттық технологияны пайдалану әлеуетін көрсетеді. Сұралғандардың 54,6% яғни жартысынан астамында автомобиль бар. Бұл жастардың осы санатындағы молшылықтың едәуір жоғары деңгейін білдіреді. Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 47,5%-ында өз тұрғын үйі бар [4]».

Зерттеу нәтижелеріне қарап отырсақ респонденттің материалдық жағдайын тек жалпылық сипатта көрсетеді, бірақ мұндай мүлікке иелік етудің сапалық көрсеткішіне мән бермеген, мысалы компьютердің болуы үнемі білім алу немесе кәсіптік мақсатта қолдануды білдірмейді, болмаса ол тек көңіл көтеріп бос уақыт өткізу үшін пайдалану мүмкін екендігін ескермейді. Осындай жағдай тұрғын үйге де қатысты, мысалы баспаналы болу әрине жақсы, бірақ ауыл тұрғындары арасында қанша адам үй иесімен бірге тұрып жатқаны белгісіз ғой, ал сандық зерттеуде осындай сапалық зерттеу көрсеткіштері ескерілмей қалады.

«Экономикалық айырмашылықтар: экономикалық мүмкіндіктер мен өндірістік база аймақтарға байланысты ерекше болуы ықтимал. Дамыған оңтүстік аймақ жастарында солтүстік аймақ жастарына қарағанда жұмысқа орналасу мен кәсіпкерлікке қатысты мүмкіндіктер көбірек болуы ықтимал».

«... жер өңдеудің де өз ерекшеліктері бар, мысалы, оңтүстік Қазақстанда мал шаруашылығы мен жер өңдеу солтүстіктегі ауылдарға қарағанда жақсы дамыған, өйткені бұл климаттық өзгерістермен, географиялық орналасуымен байланысты. Міне, сондықтан да оңтүстіктің жастары кез келген жұмысқа икемді болып келеді, ал солтүстік жастарын жұмыс болмағандықтан қалада жұмыс істеуге көбірек тартады» [5].

Қолданыстағы зерттеу әдеттегідей салдар мен нәтижеге бағытталған, алайда ауылдық жерде ауылшаруашылығы мен экономикалық даму мәселесіне ерекше назар аудару қажет.

Ауылшаруашылық ауылдағы экономикалық өндірістің негізі қоғамның базисы болып табылады, ал ауылдағы өмірдің қалған аспектілері аталған базистың туындылары екені белгілі. Сондықтан ауыл жастары туралы

айтқанда ең алдымен ауылдың базисі болып табылатын ауылшаруашылық мәселесі маңызды.

Толымды талдау жүргізу үшін мемлекеттің ауыл жастары мен ауыл қоғамын дамыту үшін ұсынымды әзірлеу мақсатында ауылдық өңір экономикасының құрылымын зерттеу керек және өңірлердің экономикасы, кіріс және шығыс құрылымы туралы мәліметтер қажет.

Әлеуметтік зерттеулерді өңірлердегі өндірістің құрылымын, өндірістік күштерді және ауыл проблемаларын шешуде мемлекет, бизнес, қоғамдық ұйымдар мен басқа да мүдделі тұлғалардың өзара іс-қимылының сәтті үлгілерін ашатын экономикалық сипаттағы мәліметтермен толықтырған жөн болар еді.

Әдеттегідей зерттеулер мен баяндамаларда ауыл жастары үшін жасалған ұсынымдар ауыл жастарының талаптарын талдаусыз көрсетіледі. Ауыл жастары талап ететін артықшылықтарды беру олардың проблемаларын шешпейді, бірақ олардың қажеттіліктерін қанағаттандырады және бұл табиғи емес, керісінше жасанды іс-әрекет болады. Сонымен бірге, осындай көзқарас мемлекет тарапынан тұрақты түрде айтарлықтай шығынды талап етеді, ал бұл өз кезегінде тиімсіз және алға қойылған міндеттерді шешпейді.

Зерттеу нәтижелері негізінде сарапшылар ауылдың өзінде құрылатын инфрақұрылым базасында ауылдық жастардың экономикалық іс-әрекетін ынталандыру ұсынуда және бұл ауыл жастарында жоқ ауқымды инвестицияларды, дағдылар мен тәжірибені талап етеді.

Әлеуметтік жағдай

Ауыл жастары көп жағдайда аяқтан тұрып толыққанды жұмысқа тұрмай жатып ерте жаста немесе жоғары оқу орынын бітірген соң 20-25 жас аралығында отбасын құрады. «Неке жасы: ауылдық жерлердегі кейбір дәстүрлер білім мен мансапқа басымдық берілген қалалық жерлермен салыстырғанда ерте неке жасын білдіруі мүмкін ... респонденттердің 19,8%-ы тіркелмеген некеде тұрып жатыр» [4]. Тіркелген неке азаматтық некеге қарағанда ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғауда заңдық кепілдік береді. Бұл ретте, қазақтарға қарағанда орыс этносының өкілдері азаматтық некеде тұруға бейім.

Кейбір ауылдық жерлерде, әсіресе дәстүрлі қоғамдарда, қалаға қарағанда ертерек отбасын құру үрдісі байқалады. Бұл дәстүрлер мен мәдени нормалардың сақталуына байланысты, оған сәйкес, ерте неке мен отбасын құру әлеуметтік мәртебе мен әлеуметтік интеграцияның маңызды аспектісі ретінде қарастырылады [4].

Жалпы, оңтүстік аймақта ерте отбасылы болу, ата-анамен және үлкен туыстармен бірге тұру, сондай-ақ отбасы мүшелері тарапынан қолдау алу тән. Респонденттердің пайымдауынша, күшті отбасылық байланыс белгілі бір жерде тұрудың себебі болып табылады.

Жас әйелдер тұрмыс құрып балалы болғаннан соң үй шаруашылығын жүргізіп және жұмысқа орналасуға ұмтылмайтынын атап өткен маңызды,

өйткені мұндай жағдай оларды басқа отбасы мүшелеріне тәуелді етеді және қосымша еңбек ресурстарын босатуға мүмкіндік бермейді.

Жастардың артықшылықтары мынадай: ұтқырлық, жақсы денсаулық, жоғары бейімділік, тез үйренуге деген қабілеттілік.

Жастарды айқындау үшін жастық ценз қолдану маңызды 14-тен 35-ке дейінгі жас арасында кез-келген іс-әрекет үшін айтарлықтай физиологиялық мүмкіндіктері болады, одан кейін физикалық және басқа да кез-келген белсенділік төмендейді және мүмкіншіліктер азаяды. Сондықтан аталған жасты прагматикалық тұрғыдан пайдаланған жөн.

Ауыл жастарының ерекшелігі қалалық ортаға көшу ғана емес, сонымен қатар ауылдық жерге қайтып орала алатын мүмкіншілігі бар боса, ал мұдай мүмкіндік қалалық жастарға тән емес.

Барлық жастар үшін шешуші фактор өзінің жеке баспанасын сатып алу мүмкіндігінің болуы. Тұрғын үй сатып алу үшін арналған қолданыстағы бағдарлама ең алдымен орта деңгейден жоғары тұрақты табысы, бірнеше жыл бойы жинақтаған зейнетақы қоры бар және қолдау көрсетуге мұқтаж халықтың белгілі бір санатына жататын (жас отбасы, әскери қызметкерлер және т.б.) қала тұрғындарына бағытталғанын атап өткен жөн.

Ауылдық жерде үй салумен жеке кәсіпкерлердің де, мемлекеттік құрылымдардың айналыспайтыны, сондай-ақ жалпы ауылдық тұрғындар үшін ипотекалық бағдарламаның болмау факторы үлкен рөл ойнайды.

Ауылдық жерде үй салу тек өз есебінен және өзінің күшімен ғана мүмкін. Сонымен қатар, осындай мақсат үшін берілетін жер телімдерінің саны мен көлемі де шектеулі.

Ауыл тұрғындары тұрмысының еңбек қажеттілігі ауыл жастары өмірінің стратегиясына айтарлықтай із қалдыруда. «Ауыл жастарының қалаға қоныс аудару үрдісін ескере отырып, жоғарыда айтылғандардың негізінде, негізінен ол еңбек қызметінде жұмыссыздыққа дейін өзін жүзеге асыру мүмкіндіктері шектеулі, мәдени, медициналық және сауда қызметін көрсету деңгейінің төмендігі сияқты әлеуметтік-экономикалық факторлармен детерминацияланған деген қорытынды жасауға болады» [6].

Кәсіби, материалдық және әлеуметтік тұрғыдан жетістікке жетуге деген ұмтылыс ауыл жастарын қалаға көшуге итермелеуде. Ең танымал бағыттар Астана және Алматы қалалары.

Жалпы, ауылдық жерлерде жастардың қалуы үшін белгілі бір айтарлықтай ынталандырулар жоқ.

Болашақта ауыл жастарының қаладан өз ауылына оралу үрдісі зерттеуге де жетерміз.

Бос уақыт

Ауылдық жерлерде жастар үшін айтарлықтай қарапайым, көп мөлшерде ақша мен күшті қажет етпейтін бос уақытты өткізудің көптеген түрлері спорттық ойындар және жарыстар (футбол, бокс, күрес, ат шабу спорты),

музыкалық өнерге қатысты ойын-сауықтар (дискотека, музыкалық аспаптарда ойнау), мерекелер, отбасылық салтанатты кештер қолжетімді.

Ауыл жастарының жастар ұйымы жұмысына қатысу белсенділігі төмен болады [6], себебі жастар ұйымы мен қозғалыстардың өздері ұйымдасуы мен жұмыс жасауы әлсіз жолға қойылған, сондықтан хабарламалық ақпарат жоқтың қасы болуымен түсіндіруге болады.

Қалалық жерлерде жастар ұйымдары белсенді жұмыс жасауы олар оқу орындар базасы, кәсіби мамандар мен инфрақұрылымның біршама жақсы жолға қойылуымен байланысты, ал ауылдық жерлерде мұндай база құру қиынға соғады, бұндай бастаманы ауылдың өзінде ерікті түрде немесе қоғамдық бастама арқылы құруға сенім артуға болмайды.

Бос уақытты ауылдық жерлерде ұйымдастыру мен өткізу, инфрақұрылымдық шектеулерден басқа, аға ұрпақ пен мемлекеттік билік өкілдерінің қолдауымен байланысты. Ауылдық жерде қалыптасқан белсенділік түрлері жергілікті атқарушы биліктің еркі мен ресурсына байланысты болып келеді. Көбінесе бос уақытты өткізу іс-шаралары саяси партиялар мен түрлі қоғамдық қозғалыстардың ықпалы мен аясы мағынасында болуымен, сайлаушыларды жұмылдыру, ауыл жастарының мәселесіне қатысы жоқ оқиғаларға назар аудару мақсатымен өткізіледі.

Қалалық орта мен ауылдық жердегі бос уақытты өткізу шараларын салыстырсақ, қала жастарға бос уақытты пайдалы да тиімді өткізу үшін көбірек мүмкіндік ұсына алатыны сөзсіз. Бұл тек қолжетімді инфраструктураның болуымен ғана емес, төленетін қаражатқа байланысты. Кеңестік кезең тәжірибесіне жүгінер болсақ, ауылдық жерлерде бос уақытты өткізу орталығы кинотеатр қызметін дәрісхана, көркемөнерпаздар қойылымы, клуб, спорт секцияларын және кітапхананы ұсына алатын ауылдық клубтардың кең желісі дамыды. Бұл тәжірибенің кейбірін бүгінде қолдануға әбден болады.

Білім беру

Ауыл мен қала арасындағы алшақтық білім беру мен алудағы сапа теңсіздігі боып отыр. Зерттеушілер әлсіз инфрақұрылым мен кадрлық әлеует (потенциал) ауыл мектебіндегі білім беру тиімділігін төмендігін атап өтті болады [6].

Кәсіптік білім алу тек қалада және мемлекеттік бағдарламалар мен өз қаражаты есебінен арқылы болуы мүмкін.

Сонымен қатар, ауыл жастары шетелдік оқу орындарында білім алуға құлшынысы болмайды, өйткені олар бұндай үлгіні, мүмкіндікті ауылдық жерлерден көрмеген. Зерттеу авторлары шет тілдерін, ең бастысы ағылшын тілінің нашар меңгеруі, оның ауылда ғана емес қалада да қолдану мүмкіндіктері мен перспектива болмауынан деп атап өтеді.

Жалпы алғанда, ауыл жастары мен мемлекеттік жастар саясатының өмірлік стратегиялары орта және қосымша білім алу үшін жағдайларды

жақсартуға, сондай-ақ мемлекеттік гранттар мен стипендиялармен қамтамасыз етілген жоғары оқу орындарына түсуге бағытталған.

Тағы бір мәселе- жоғарғы оқу орындарын бітіргеннен кейін ауыл жастарын жұмысқа тарту, өйткені ауылдық жерлерге оралу көбінесе түлектер үшін тиімсіз әрі перспективасыз болады. Ауылдарда жұмыс орындары мен ұсыныстардың болмауы қалалардан жұмыс іздеуге ықпал етеді. Соның салдарынан түлектер біліктілігі жоқ жұмыс күшімен және әлеуметтік кепілдіксіз жұмысқа орналасуға мәжбүр болады.

Сонымен қатар, зерттеушілер Қазақстан Республикасының шекарасындағы шет елдік қалалардың ауыл жастарын әсер ету факторын да назардан тыс қалдырады. Мысалы оңтүстік шекарадағы Бішкек пен Ташкент сияқты ірі шетелдік қалаларға жақын тұрудың жастар үшін әлі анықталмаған салдары бар екені сөзсіз. Дегенмен, бұл қалалар Қазақстанның ауыл жастары үшін де магнит болып табылады деп айта аламыз. Бұл тұжырымдама бірқатар ірі магнитті қалалар орналасқан Ресей Федерациясының шекарасына жақын орналасқан ауылдық аймақтарға да қатысты.

Ауыл жастарының ауылға оралуындағы материалдық және моральдық стимулдары тиімді бола бермейді, өйткені қалада талантты, белсенді және де бәсекеге қабілеті жастар үшін мүмкіндіктер әрқашан болады. Сондықтан ауыл жастарының ауылда өз әлеуетін жүзеге асыруға көмектесетін стимул ғана емес, мотивацияны да анықтау керек.

Еңбек және жұмыспен қамту

Ауылдық жерде жұмысқа орналасу және мансапқа жетудің келешегі бірнеше бағытты қамтиды [7]:

- 1) ауылшаруашылығы саласы бойынша сауда, қызмет көрсету (жеке кәсіпкерлік) секілді әлеуметтік кепілдіксіз ресми және бейресми жұмыс;
- 2) кәсіпкерлерге жалдану (көбінесе маусымдық) - ресми және бейресми;
- 3) мемлекеттік және бюджеттік ұйымдағы қызмет (мектептер, ауруханалар, әкімдіктер және басқа да мекемелер) - әлеуметтік кепілдігі бар ресми еңбек.

Ресми түрде еш жерде жұмыс істемейтін, бірақ денсаулығында кінәраты бар ауыл тұрғындарының міндетті әлеуметтік медициналық аударымы (МӘМС) төлей алмауы салдарынан, тек шұғыл түрде көрсетілетін медициналық көмекті ғана ала алуы туралы мәселе жиі назардан тыс қалады. Бұл жағдайда жоспарлы медициналық көмек тек ақылы негізде көрсетіледі.

Сондай-ақ, бейресми жұмысқа орналасу ауыл жастарын еңбек демалысы, әлеуметтік жәрдемақы және зейнетақы жарналары секілді әлеуметтік кепілдіктен айырады.

Мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеуде жастардың бос уақытын тиімді өткізу, білім беру, заманауи инфрақұрылымды құру және сапалы медициналық көмек көрсетуді ынталандыруға арналған ұсыныстар ойға қонымды болып көрінеді.

Алайда, бұл мемлекеттік саясатқа кері әсер етуі мүмкін, өйткені бұл ұсыныс ауылдың түпкі мүдделерін емес, керісінше ауыл жастарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға көбірек бағытталған. Ауылдың байырғы мүдделері ауылшаруашылығымен, оның ішінде егін және мал шаруашылығымен және басқа да салалармен тығыз байланысты екендігін ескеру қажет.

Тиімсіз ауылшаруашылығы салдарынан өнімдердің бағасы төмендейді, жалақы мөлшері азаяды. Сол себепті жастар да, тіпті аға буын өкілдері де ауылда қалуға құштарлық танытпайды.

КСРО билігі жүргізген ауылды әлеуметтік қамсыздандыру және қолдау шаралары жастардың қалаға кетуіне жол бермеді.

Тиімді және табысты ауыл шаруашылығы тек ауыл жастарын ғана емес, жалпы ауыл тұрғындарына түбегейлі әсер етіп, олардың ауылда қалуына толықтай әсер етуі мүмкін.

Күтілетін нәтижеге жету үшін ауыл жастарының мәселесін шешу жеткіліксіз, ол тек уақытша нәтижеге ғана жеткізеді.

Ал ауылшаруашылығы өндірісін интенсификациялау тұрғындардың ауылда қалуына ғана емес, қаладан адамдардың көшіп келуіне себеп болады.

Ең алдымен, мемлекеттің күш-жігерін ауылшаруашылығын қолдауға, оның артық шығындалмауына, нарықта өнімдерді қабылдайтын нүктелер мен логистиканы жетілдіруге жұмсау қажет. Жеке шаруақожалығы немесе фермерлік бастамалар мемлекеттік және жеке сектор арқылы қолдау тауып, барлық қолжетімді шаралар арқылы дамытылуы тиіс.

Ауылшаруашылығына инвесторларды тарту мен бизнеске қолайлы жағдай жасауды мемлекет өз қолына алса, бұл ауыл үшін ең үлкен қолдау болмақ. Алайда, ең алдымен, мемлекет ауылдағы бизнесті құру, дамыту мәселелерін шешуге, оның ішінде жер мен өндіріс құралдары секілді жеке меншікті қорғауға қатысуы керек.

Ауыл жастары мен ауылды дамытудың реформаларын анықтауда ауыл және ауыл шаруашылығы қызметіне байланысты зерттеулер өте маңызды.

Қорытынды

Ауыл жастары мәселесіне қатысты қолданыстағы зерттеулер мемлекеттік саясатты қолдау шараларын талдау және одан әрі әзірлеу үшін негізгі ақпарат көзі болып табылады. Зерттеулер топтамасына сәйкес мемлекеттік органдарға ауыл жастарының өзекті мәселесі, жай күйі, олардың қажеттілігі мен талаптары белгілі екені айқын.

Зерттеу авторлары назар аударуға тұратын реформаларды қолдау шараларын ұсынады. Сонымен қатар, сандық әлеуметтік зерттеулік көрсеткішке сүйенген, ал ауыл жастарының сапалық параметрлері бойынша зерттеулер жүргізілмеген.

Ауыл жастары бойынша жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелері сандық көрсеткіштің өзгеруі тұрғысынан ғана белгілі бір саяси шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл жастар саясатына қатысты шешім

қабылдау жасырын және айқын емес сапалық көрсеткішті есепке алмай, сандық көрсеткішті жақсартуға ғана тұтастай бағытталғанын меңзейді. Сапалық әлеуметтік зерттеуді ескере отырып, алдағы уақытта терең сұқбат, фокус дискуссия және басқа да далалық зерттеулерді жүргізу маңызды.

Жалпы, әлеуметтік зерттеуді саралау Қазақстан Республикасының оңтүстік аймақта ауыл жастары екі ірі мегаполис Алматы және Шымкент қаласы жанында орналасқан Алматы және Түркістан облысында шоғырланған деген қорытынды көрсетті.

Ерлер санының әйелден айтарлықтай артуы, ерте некеге тұру, некесіз өмір сүретін жастардың едәуір саны байқалады.

Ауыл жастарының ең өзекті мәселелері: жұмыссыздық, несие алушы жастар үлесінің артуы, біліктілігі төмен еңбек, жалақының төмен болуы жалпы әлеуметтік жағдайдың төмендігі болып қала береді.

Білім беруге, медициналық қызметтерге, ақпаратқа қол жеткізудегі, бос уақыт пен демалысты өткізудегі теңсіздік мәселесі шешілмеген күйінде қалып отыр.

Зерттеулердің ешқайсысы ауыл жастарын және жалпы ауылды жан-жақты зерттеуге назар аудармаған. Ауылшаруашылығы ауылдық жерде экономикалық өндірістің негізі ретінде назардан тыс қалып жатыр. Өндірістің экономикалық базасын есепке алмай, ауыл жастарына бағытталған бастамалар жүзеге аспай қалу қаупі бар.

Ауылда тұратын жастар ауылшаруашылығымен айналысуға бейімделіп, ол табысты және бәсекеге қабілетті кәсіпке айналуы қажет. Ауыл жастарын ауылға тән емес кәсіп қызмет түріне тарту, және ауылдан қала шығаруға тырысудың да сәтсіз бастамаларға айналу қаупі бар.

Ауылдағы еңбек ауыр күрделі және тиімділігі аз болып қала береді. Мемлекет пен мемлекеттік емес қатысушылар ауылшаруашылық бизнесін жүргізу үшін жағдайды жақсартуға қатысуы керек.

Алдағы уақытта жүргізілетін зерттеулер, ең алдымен, белгілі бір аймақтағы ауылшаруашылығы мәселесін шешуге бағытталуы керек, содан кейін ғана ауыл жастарын дамыту мәселесімен айналысуға болады.

Зерттеуді қаржыландыру көзі: Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (№ АР15473328 гранты).

ӘДЕБИЕТТЕР.

1. Закон Республики Казахстан «О государственной молодежной политике» // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285> (қаралған күні: 01.10.2023)
2. Шайкин Д.Н. Социально-экономические аспекты использования труда молодёжи в Республике Казахстан: На примере Северо-Казахстанской области/диссертация. ВАК РФ 08.00.05, кандидат экономических наук. г.Омск.
3. Численность населения. Демографическая статистика // URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/dynamic-tables/> (қаралған күні: 01.10.2023)
4. «Социокультурные аспекты развития сельской молодежи». Аналитический доклад по результатам социологического исследования: НИЦ «Молодежь», Астана, 2023. –103 с.
5. «Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасы. = Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2022». = National report "Youth of Kazakhstan - 2022". – Астана, 2022. – 384 с. Научно-исследовательский центр «Молодежь». ISBN 978-601-7857-58-5 // URL:<https://eljastary.kz/ru/reports/18912/> (қаралған күні: 01.10.2023)
6. «Социальное самочувствие и актуальные проблемы сельской молодежи Казахстана» / Нур-Султан: НИЦ «Молодежь», 2019. – 178 с.
7. «Молодежь на рынке труда: востребованность, возможности и перспективы»: НИЦ «Молодежь», Астана, 2023. – 129 с.

REFERENCES:

1. Zakon Respubliki Kazakhstan «O gosudarstvennoi molodezhnoi politike» [Law of the Republic of Kazakhstan "On State Youth Policy"] // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285> (accessed: 01.10.2023).
2. Shaikin D.N. Sotsial'no-ehkonomicheskie aspekty ispol'zovaniya truda molodezhi v Respublike Kazakhstan: Na primere Severo-Kazakhstanskoi oblasti/dissertatsiya. [Socio-economic aspects of the use of youth labor in the Republic of Kazakhstan: On the example of the North Kazakhstan region / dissertation]. VAK RF 08.00.05, kandidat ehkonomicheskikh nauk. g.Omsk. [Higher Attestation Commission of the Russian Federation 08.00.05, Candidate of Economic Sciences. Omsk.]
3. Chislennost' naseleniya. Demograficheskaya statistika [Population size. Demographic statistics] // URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/dynamic-tables/> (accessed: 01.10.2023).
4. «Sotsiokul'turnye aspekty razvitiya sel'skoi molodezhi» [Sociocultural aspects of the development of rural youth]. Analiticheskii doklad po rezul'tatam sotsiologicheskogo issledovaniya: NITS «Molodezh'» [Analytical report on the results of sociological research: National Research Center "Youth"], Astana, 2023. – 103 p.
5. «Qazaqstan zhastary – 2022» ulttyq bayandamasy. = Natsional'nyi doklad «Molodezh' Kazakhstanana – 2022». = National report "Youth of Kazakhstan - 2022". – Astana, 2022. – 384 s. Nauchno-issledovatel'skii tsentr «Molodezh'». ISBN 978-601-7857-58-5 // URL: <https://eljastary.kz/ru/reports/18912/> (accessed: 01.10.2023).
6. «Sotsial'noe samochuvstvie i aktual'nye problemy sel'skoi molodezhi Kazakhstanana» [Social well-being and current problems of rural youth of Kazakhstan"] / Nur-Sultan: National Research Center "Youth", 2019. – 178 p.
7. «Molodezh' na rynke truda: vostrebovannost', vozmozhnosti i perspektivy» [Youth in the labor market: demand, opportunities and prospects]. National Research Center "Youth", Astana, 2023. – 129 p.

Нуржан Исмагулов¹, Ермек Чукубаев²

¹ *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар
факультетінің докторанты
e-mail: nurzhan.isma@gmail.com*

² *Нархоз университетінің Құқық және мемлекеттік басқару
мектебінің доценті, т.ғ.к.
e-mail: yermek.chukubayev@narхоз.kz
(Алматы, Қазақстан)*

АЛМАТЫ ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫҢ АКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Бұл мақалада ҚР оңтүстік астанасы Алматы қаласының әлемдік саяси жүйедегі рөлі талданады. Ұзақ уақыт бойы халықаралық қатынастар тек мемлекетаралық өзара әрекеттесумен байланысты болды. XX ғасырда саяси аренаға жаңа субъектілер – ТҰК, БАҚ, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар мен қорлар шыға бастады. Жаһандану халықаралық қатынастардың жаңа акторлардың пайда болуына ықпал етеді, олардың арасында қалалар мен мегаполистер ерекше рөл атқарады. Қаланың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері қаралды. Саяси дамуға шолу жасалды және Алматының халықаралық қатынастар өркениеті жүйесіндегі рөлі сипатталды. Алматы қаласына Қазақстан Республикасының бизнес орталығы ретінде сипаттама берілді. Осы мақала аясында халықаралық қатынастар жүйесінің құралы ретінде «қалалар дипломатиясының» маңыздылығы қарастырылды.

Түйінді сөздер: *қалалардың дипломатиясы, ҚР оңтүстік астанасы, егіз қалалар, желіаралық тораптар, жаһандану, халықаралық қатынастар акторлары, аймақтандыру, экономика, тұрақты даму.*

Нуржан Исмагулов, Ермек Чукубаев АЛМАТЫ КАК АКТОР МИРОВОЙ ПОЛИТИКИ

Аннотация. В данной статье анализируется роль южной столицы РК города Алматы в мировой политической системе. На протяжении длительного периода времени международные отношения имели связь и относились только к межгосударственному взаимодействию. В XX веке на политической арене стали появляться новые акторы – ТНК, СМИ, Международные организации и объединения, Неправительственные организации и Фонды. Глобализация способствует появлению новых акторов международных отношений, среди которых особую роль занимают

города и мегаполисы. Рассмотрены вопросы социально-экономического развития города. Дан обзор политическому развитию и была описана роль Алматы в системе цивилизации международных отношений. Была дана характеристика городу Алматы как центру бизнеса в Казахстане. В рамках данной статьи также была рассмотрена важность «дипломатии городов», как инструмента системы международных отношений.

Ключевые слова: дипломатия городов, столица РК, города-побратимы, межсетевые узлы, глобализация, акторы международных отношений, регионализация, экономика, устойчивое развитие.

Nurzhan Ismagulov, Yermek Chukubayev ALMATY AS AN ACTOR IN WORLD POLITICS

Abstract. This article analyzes the role of the southern capital of the Republic of Kazakhstan, Almaty, in the world political system. For a long period, international relations had a connection and related only to interstate interaction. In the twentieth century, new actors began to appear in the political arena – TNCs, mass media, International organizations and associations, non-governmental organizations, and Foundations. Globalization contributes to the emergence of new actors in international relations, among which cities and megacities play a special role. The issues of the socio-economic development of the city are considered. An overview of the political development was given, and the role of Almaty in the system of civilization of international relations was described. The city of Almaty was characterized as the center of business in Kazakhstan. Within the framework of this article, the importance of «urban diplomacy» as an instrument of the system of international relations was also considered.

Keywords: city diplomacy, the southern capital of the Republic of Kazakhstan, twin cities, interconnections, globalization, actors of international relations, regionalization, economy, sustainable development.

Кіріспе

Жаңадану дәуірінің келуімен халықаралық қатынастар жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Халықаралық алаңға жаңа акторлар шығып, дүниежүзілік тарихқа олардың ықпалы арта түсті. Халықаралық акторлардың жаңа құрамына XX және XIX ғасырларда кездесуге тура келмейтін мүлдем жаңа проблемалар мен сын-қатерлер кездестірілді. Ақырында, әлемдік үстемдік үшін күресте биліктің жаңа өлшемдері мен күштің жаңа көздері пайда болды. Бір нәрсе өзгеріссіз қалды: барлық халықаралық акторлардың мақсаты әлемдік аренада билік, күш және ықпал болды. Жаһандану процесінің жан-жақтылығы мемлекеттердің дәстүрлі билік тетіктерін қолдану кеңістігін қысқартты және жаһандық бәсекелестік модельдерінің өзгеруіне әкелді. Жаңа дәуірде, әскери күш пен ядролық қаруға ие болудан гөрі, әсер етудің маңызды факторлары

- елдің экономикалық жетістігі, идеологиялық сенімділігі мен мәдени тартымдылығы болды [1].

Дипломатия - халықаралық ортаны басқарудың ең көне тетіктерінің бірі. Бұл дәстүрлі түрде мемлекетаралық қатынастарға негізделген. Алайда, қазіргі уақытта халықаралық ортаның параметрлері айтарлықтай өзгерді. Мемлекеттер енді халықаралық қатынастарға қатысатын жалғыз субъект емес. Мемлекеттермен қатар субмемлекеттік субъектілер (аймақтар мен қалалар), сондай-ақ мемлекеттен жоғары интеграциялар және мемлекеттік емес құрылымдар пайда болды. Субмемлекеттік субъектілер қазіргі заманғы халықаралық тәртіпте өз позицияларын өзгерту процесінен өтеді. Қазіргі таңда жеке шешім қабылдау мүмкінділіктері арта түсуде. Осы мақсатқа жету үшін олар соңғы уақытқа дейін мемлекеттің айрықша құзыреті болған механизмдер мен құралдарды көбірек қолданады. Аймақтық дипломатияға көп көңіл бөлінгеніне қарамастан, академиялық пікірталастарда қалалардың дипломатиядағы рөлінің артуына аз көңіл бөлінеді.

Мақаланың мақсаты - қалалық дипломатия тұжырымдамасымен таныстыру және Алматы қаласының әлемдік саясатта рөлін анықтау. Қалалар әлемдік аренада маңызды акторларға айналып, олардың дипломатиялық аппараты дамыды және қалалық дипломатияның деңгейі қазіргі таңда өте жоғары сатыда қалыптасуда. Осы пікірді көптеген ғалымдар қолдауда. Дегенмен, деректер біркелкі емес эволюциялық процесті көрсетеді, оның талдауы ынталы комментаторлар ұсынған көптеген жаңа терминдер мен идеялармен одан да бұлыңғыр болды. Foreign Affairs мақаласында Сан-Паулу штатының үкіметінің халықаралық қатынастар бөлімінің басшысы Родриго Таварес дүние жүзіндегі субұлттық үкіметтердің ұлттық контексттерінен ерекшеленетін және олардың аймақтық мүдделерін ілгерілетуге бағытталған сыртқы қатынастар бағдарламаларын қалай тұжырымдайтынын сипаттады [2].

Қалааралық дипломатия тек политикалық қарым-қатынастармен шектелмей, екі жақтың экономикасын, мәдениетін дамытуға өз үлесін қосады. Нақты мысал - Чикаго мен Мехико арасында қол қойылған сауда келісімі. Келісім сауда, инновация, білім беру, өнеркәсіпті кеңейту және жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыру бойынша бірлескен бастамаларды қамтиды. Бұл келісім қалалардың арасында өршіл экономикалық серіктестік орнатады [3]. Келісімнің өзекті мәселесі, ол федералды деңгейде анықталған кең геостратегиялық күн тәртібінің нұсқауларына сәйкес жасалмаған. Келісім тек серіктес қалалардың экономикалық мүдделерін ескере отырып жасалды. Бұл «Қалааралық серіктестік» пактісінен әлдеқайда асып түседі және екі аймақ арасында жүзеге асырылатын жергілікті тауар айналымын 1,7 миллиард долларға арттыруға бағытталған, нақты бағдарламаларды қарастырады.

Қалалық дипломатия және оның халықаралық қатынастар теориясындағы көрінісі, ғалымдар арасында жаңа бағыт ретінде қарастырылуы мүмкін. Конструктивистердің көзқарасы бойынша субмемлекеттік бірліктердің дипломатиясы халықаралық қатынастарды қалыптастыратын субъективтіліктің нәтижесі болып табылады.

Жеке акторлардың ситуациялық көзқарасы әлеуметтік құрылымдармен анықталып, бүкіл әлемдегі басқа акторлармен қарым-қатынасы негізінде жасалады. Осылайша, екі үлкен теориядан айырмашылығы, бұл жағдайда

қарама-қарсы, төменнен жоғары қарай даму жүреді [4]. Қалалық дипломатия жеке қалыптасу әрекеті ретінде қабылданады. Демек, қалалар жаһандану жағдайында өз позицияларын қайта қарастыра алады.

Бүгінгі жаһандық байланыс, нормалармен алмасуға көмектеседі және жаһандық мүдделер мен ұжымдық мақсаттарды бастаудағы жергілікті субъектілер мен процестердің мүмкіндіктерін арттырады. Жаһандану аумақтылықты қайта конфигурациялауға әкеледі және егемендік пен сыртқы саясатты қалыптастырудағы қалалардың ролін жоғарылатады [5]. Қалалық билік дәстүрлі билікке қарағанда әлдеқайда икемді және аз салтанатты, символдық болып келеді. Алайда, жергілікті деңгейде қабылданған шешімдер, ұлттық деңгейде қабылданған шешімдерден, жақындығы мен әсер ету жылдамдығы жағынан ерекшеленеді [2].

Қала - қазіргі қоғамның негізгі қоныстану құрылымы. Ол индустриалды өркениетке қатты әсер етті және оның тұлғасына айналды. Бүгінгі таңда қаланың кез-келген ғылым мен біліммен байланысы айқын көрінеді. Қоғамның дамуындағы қаланың ролін зерттеуге ұқсас пәнаралық көзқарас, оны өркениеттің ерекше құбылысы ретінде жіктеуге болатындығын көрсетеді.

Мемлекеттің өзінің саяси және сыртқы саяси өкілеттіктерінің қызметінің бір бөлігін орталық билікпен субсидиарлық жұмыс істеу үшін жеткілікті ресурстары мен тәжірибесі бар ірі қалаларға беруі қазіргі жаһандану әлеміне іс жүзінде баламасыз перспектива болып көрінеді. Жергілікті халықаралық қақтығыстарды шешу дәстүрлі мемлекетаралық дипломатия мен қала дипломатиясының сәтті бірлескен күш-жігерін жүзеге асырудың алғашқы саласы болуы мүмкін.

Соңғы 50 жылда байқалған серіктес қалалар арасындағы байланыстардың белсенді дамуы, саясат пен экономикада болып жатқан күрделі процестерді, өзгерістерді көрсетеді. Экономиканың жаһандануы мен интеграцияның дамуы, мемлекеттер мен мемлекеттік басқару аппараттарына өлшеусіз, жүктемені күшейтті және аппарат көп жағдайда, жаңа қалыптасқан қиындықтарға төтеп бере алмауда. Бұл демократиялық дәстүрлері дамыған және демократиялық жүйелердің жұмыс істеу тетіктері дамыған елдерде қоғам, мемлекеттік органдардың шешімдерін қарапайым қабылдайтын ретранслятор ретінде ғана емес, биліктің қызметін бақылаушы ролін батыл және табанды игеріп, тіпті басқару функцияларын қабылдай алатындығына көз жеткізуде.

Қалалар арасындағы байланыстар, әдетте, серіктестік туралы келісімдер, арнайы жиынтық бағдарламалар, арнайы жоспарлар түрінде рәсімделеді. Жұртшылық өкілдерінің арасынан делегациялармен алмасу және бағдарламалық іс-шараларды сүйемелдеудің арнайы топтарының сапарлары да жиі кездеседі.

Қалалық дипломатия - бұл тез дамып келе жатқан құбылыс. Бүгінгі таңда зерттеулердің көпшілігі ірі қалалар мен тартымды қалалық желілерге бағытталған. Бұл мақала Қазақстанның ірі қаласы, Алматы қаласының дипломатия тәжірибесін зерттей отырып, осы қалалар дипломатиясынан негізделген әдебиетті кеңейтеді.

Алматы - іскерлік, экономикалық, мәдени өмірдің орталығы болып табылатын және Қазақстан мен Орталық Азияның дамуында ерекше орын

алатын қарқынды дамып келе жатқан қала. Алматы қолайлы географиялық орналасуымен, ірі көлік артериялар байланысымен және дамыған экономикасымен ерекшеленеді. Соңғы екі онжылдықта қала қарқынды дамып келеді. Алматы аумағы 2014 жылы едәуір кеңейді, қала екі есеге артты – ауданы 33,3 мың гектардан 68,3 мың гектарға дейін өсті. Қаланың тұрақты өсуі - бұл тәуекелдер мен қиындықтарды тудыратын тұрақты үрдіс, оларды сәтті шешу үшін жоғары сапалы жоспарлау мен болжау қажет. Алматы қаласының сыртқы саясатын дамыту, жергілікті тұрғындарға оңтайлы жағдайлар қалыптастырады. Басқа қалалармен іскерлік іс-әрекеттер көбейеді. Экономиканы дамытуға орасан зор мүмкіндіктер пайда болады. Қала азаматтарына, әкімшілік арасында арнайы келісімдер болса, жұмыстық миграцияға жол ашылады. Қаланың инвестициялық тартымдылығы өсіп, жаңа инвесторлар келіп, жаңа жұмыс орындар пайда болады. Сондықтан да қаланың сыртқы саясатына көңіл бөлінуі керек.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Осы зерттеуді жүргізуде бастапқы дерек көздер (ресми құжаттар) және қайталама дерек көздер (халықаралық ұйымдардың есептері, ғылыми жарияланымдар) пайдаланылды. Бұл материалдар ашық көздерден алынды.

Зерттеудің барысында халықаралық қатынастардың дәстүрлі емес акторларының рөлін және әлемдік саяси жүйедегі ҚР ірі қалаларының мәртебесін зерделеуде пәнаралық тәсіл қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі халықаралық қатынастар теориясында жалпыға бірдей танылған тәсілдер, атап айтқанда саяси реализм мен неореализмнің іргелі ережелері пайдаланылды.

Әдеби шолу

Ғылыми зерттеуді жазу кезінде қазақстандық, ресейлік және шетелдік авторлардың еңбектері пайдаланылды. Мәселенің ғылыми даму дәрежесін проблемалық-елдік принцип бойынша қарастыруға болады.

Қалалардың халықаралық қатынастардың акторы ретіндегі тұжырымдамалық көзқарасының негіздеріне белгілі орыс ғалымдары А.Е. Прокопенконың [6], Д.А. Савкиннің жұмыстары арналды [5].

Шетелдік авторлардың ішінде әйгілі итальяндық ғалым, Р.Маркеттидің «Қалалар дипломатиясы» монографиясы ерекше көзге түседі. Бұл монографияны М.М. Лебедева редакциялады. Бұл ғылыми жұмыста қалааралық дипломатияның құрылымдық факторлары сипатталған [7].

Урбанизация, оның философиялық және социологиялық негіздерін дамыту, қалалар мен мегаполистердің халықаралық қызметін зерттеу мәселелерімен танымал ғалымдар Ф.Бродель [8], М. Вебер [4], А.Тойнби [9], О. Шпенглер [10] айналысқан.

Қазақстан ғылымында жалпы қалалардың сыртқы саясаты жеткілікті зерттелмеген. Қазіргі кезеңде ҚР сыртқы саяси мүдделерін ілгерілетудегі жария дипломатияның рөлі А.Т. Уразаеваның ғылыми зерттеуінде қарастырылды [11].

Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы

Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес

қала экономикасы көбінесе сервистік болып табылады. ЖАӨ (жалпы аймақтық өнім) құрылымында 2021 жылдың қорытындысы бойынша, қызмет көрсету және сауда саласының үлесі 86,1% құрайды. Көтерме және бөлшек сауда секторы қала экономикасына ең көп үлес қосады (2021 жылы – ЖАӨ-нің 34,6%). Алматы заңды түрде шағын және орта кәсіпкерліктің қаласы болып саналады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша мегаполисте 206,1 мың жұмыс істеп тұрған ШОК (шағын, орта кәсіпкерлік) бар. Онда 643,1 мың адам немесе қалада жұмыс істейтіндердің жалпы санының 65,4% жұмыс істейді. ШОК-тің қала экономикасындағы жалпы қосылған құнының үлесі 47,5% құрайды. Бір жағынан, бұл қала тұрғындарының іскерлік белсенділігінің белгісі, екінші жағынан, ШОК секторы өзгерістер мен дағдарыстарға сезімтал болып келетінінің көрсетілімі [12].

